

Сембала Шаймұханбетқызы

ЖЫР ЖАЗАМ ҮШ САУСАҚТЫҢ ҰШЫМЕН



СЕМБАЛА
ШАЙМУХАНБЕТҚЫЗЫ

ЖЫР ЖАЗАМ
ҮШ САУСАҚТЫҢ
ҰШЫМЕНЕН



Сембала

Алматы
2009

ББК 84 Қаз 7-5
Ш 17



С. Шаймұханбетқызы
Жыр жазам үш саусақтың ұшыменен /Өлеңдер, естеліктер/.
— Алматы 2009. 200 б

Сембала Шаймұханбетқызының бұл жыр жинағына егемен еліміздің жарқын болашағы, бұрынғы өткен ақын, батыр бабалардың өрелі істері арқау болады.

Жинақтағы дастандар мен толғаулар және аңыз өлеңдер оқырманды бей-жай қалдырмайтынына күмән жоқ.

ББК 84 Қаз 7-5

Ш 4702250202
441(05)-00

ISBN 9965-428-67-2

С.ШАЙМҰХАНБЕТҚЫЗЫ.,2009

Оқырманға сілтеме!

Ассалаумағаләйкүм, оқырманым,
Осы кітап тисе егер оқы бәрін.
Сырға толы, жырға толы тарих,
Жырлаған туған жердің топырағын.

Авторы бұл кітаптың ақын екен,
Халқына қара қызы жақын екен.
Шығарма шындықты айтып шырқыраған,
Жүректен жұлып шыққан нақыл екен.

Айтыпты аз болсақ та ғажабымды,
Ғасырдан ғасыр кешкен азабымды.
Төбіреніп тереңінен толғаныпты,
Мың өліп, мың тірілген қазағымды.

Тайғақ кешу, тар жолды талай көрген,
“Әділдік” деп таласқан талайлармен.
Толғапты ата-баба әруағын,
Алтыннан да артыққа балай білген.

Жазыпты өзінің де өмірінен,
Келтіріп арғы атасын кенірінен.
Сембала Шаңубайдың шөбересі,
Ақын да, Батыр туған өңірінен.

Елім деп еңіреген ерлері бар,
Сембі ананың көкірегіне тергені бар.
Жаратқан Дінәш сынды ғұламасын,
Балқаш пен Бақанастай жерлері бар.

Кітаптан көп жайлардан сусындайың,
Тарихтың тереңінен сыр тындайсың.
Көнені көз алдыға елестетіп
Жаңадан кымыз ішіп – жыр тындайсың.

Тілге тиек етіпті азаттықты,
Көк туын желбіреткен қазақ мықты.
Ықылым замандардың қатпарынан,
Қарасың деп ақ нәсіл мазақ қыпты.

Ендеше сөз берелік Сембалаға,
Толғау, дастан ұсынған кең далаға.

Мынандай маржан жырын құлаққа құй,
Сонан соң бағасын бер Кермаралға.

Бір қызымын Қазақтың елім деген,
Намыс қуып шарқ ұрып ерінбеген.
Халқым барда қарным тоқ, қамықпаймын,
Болашаққа қараймын сенімменен.

* * *

Қорғап қалған өзінің азаттығын,
Бұл күнде білмес дейсің қазақты кім?
Қайта ілінбе құрыққа аңғал елім,
Өтіп кетсін осымен азатты күн!

Иә, Сембала Шаймұханбетқызының осынау туындысы жайлы аз-кем сыр толғай отырып, ақын анаға алда да қаламыңыздан жүрек түкпірінен жарып шығар шығармашылығыңыз молынан бола берсін деген ыстық ықыласты ізгі лебізімді білдіремін. Көңіліңіз көктем, жаныңыз жаздай жайдары жүзбен халқыңыздың, сондай-ақ барлық туыс-туған, жекжат-жұраттарыңыз бен отбасы-ошақ қасыңыздың ортасында ұзақ та бақытты ғұмыр кешіңіз.

Ескендір Рақымбайұлы

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен сонау өткен ғасырдың 1950 жылдарының соңы мен 1960 жылдарының басында Мәскеу асып, Украинаның Диспроджержинск шаһарында металлург мамандығы бойынша курстас дос болып ғұмыр кешкен.

Кезіндегі Кеңестер Одағының, қазірде Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, Қазақстанның құрметті журналисі, “Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы.

*Бұл еңбегімді аяулы атам Бәйімбет баласы
Нұркерімге, өмірлік серігім Нұркерім баласы
Сағындыққа арнаймын.*
АВТОР.

ОҚЫРМАНҒА

Бұл жыр жолдарыма бұдан жарты ғасыр бұрын ел басындағы ауыртпалықты, соғыс салған жараны және халқымыздың үш ғасыр аңсаған егемендігін арқау еттім.

Өмірге кімдер келіп, кім кетпеген, талай данышпандар артына өшпес із қалдырған.

Әр уақытта адамды заман, өмірдің ағымы билейді. Өмір солай өтіп, солай өркен жаяды. Соның бәрі жиналып “тарих” деген үлкен дүниеге айналады. Тарих деген өткен өмір мен келешекті жалғастыратын алтын көпір.

Мен данышпанмын деуден аулақпын, бірақ әр адамның өзінің лайықты орны бар. Оған жеткізетін, ие ететін әр кімнің бойындағы ақылы мен парасаты, ал осы асыл қасиеттерге мүлде қайшы келетін адамның бойындағы кемшіліктер мен кереғарлық, екі жүзділік, жағымпаздық, біреуді біреуге айдап салатын құбылыстарда аз емес.

1932 жылғы аштық, 1937 жылғы репрессия да осындай сатқындардың қолымен жасалынған уақытта заман да өзгерді, осы өзгерістер ойшыл адамдардың жүрегімен кестеленді. Сондай адам баласының басынан кешкен ірлі уақты оқиғалар кейінгілерге сабақ болса деймін.

Менің қасиетті кіндік қаным тамған жерім – Көк-өзек елді мекенім. Жастық шағым, балалық бал-дәуренім, естен кетпес ата-анамның аялы алақаны, өмірімнің ширек ғасырын өткізген Бақанасым, бет қаратпайтын аязы, шыжыған ыстығы, торқалы топырағы, шаң-тозаңы, тізеден келетін батпағы, тегі-тегі барлығы мен үшін қымбат.

Жарық дүние сыйлаған әкем Досмағұл баласы Әден,

аяулы анам Әбеу қызы Дәмеш, ыстық суығыма көніп, тәлім-тәрбие берген екінші ата-анам: Әбдірайым баласы Шаймұханбет, Жиенбай қызы Маржан. 1932-1933 жылғы қызыл қырғынды, 1941 жылғы Ұлы Отан соғысын бастан кешірген менің аяулы ата-аналарым. Бір жақсылық көрмей, өмір бойы шөп шауып, отын тасып, ешкімнен ешқандай көмек сұрамай, Алланың ақ жолына аттанған момындарым.

Ал екінші кезеңім отбасын құруым, алғашқы аттаған ақ босағам: аяулы ата-енем, өте қадір тұтатын атам, топырағың торқа болғыр Бәйімбет баласы Нұркерім. Отыз жыл бірге жасасып, сырлас болған енем, әруағыңнан айналайын Нысанбайқызы Алтын. Өмірімнің қырық жылын бірге өткізіп келе жатқан қайным Керімтай (төрежан), келінім Райхан, екі қайын сіңілім Нұлтай (әке қыз), Райхан (кішкене қыз), бұлармен өткізген қызыққа толы мол жылдарым, бәрі-бәрі күні кешегідей көз алдымда. 1957 жылы отау құрып, отыз бес жыл отасқан жан жолдасым Нұркерім баласы Сағындық.

Одан туып өскен балаларым: Керімжан, Ермек, Ерлан, Ержан, Айман, Мейрам. Келіндерім Сәуле, Мейраш, Сандұғаш, Кенже, Гүлшат, олардан өрбіген немерелерім, бәріне денсаулық тілеп, елімізге тыныштық, береке берсін бір Алла деймін.

Оқырман қауымға аздаған еңбегімді ұсынып отырмын, көпшіліктің көңілінен шықса, одан артық бақыт жоқ.

“Ар тазалығы ғана таза поэзия тудырады” деген екен Мұхтар Шаханов. Ендеше:

*Жараттың өзің құдырет,
Бір өзіңе табынам.
Ниетімді Алла, қабыл ет,
Жамандығын көрсетпе,
Бала деген бауыр ет,
Береке, бірлік елге бер
Тату-тәтті қауым ет.*

*Ертегі, аңыз туады
Ізденістен, қиялдан.
Нәсібінен құр қалар,
Ұйқы басып ұялған.
Жақсы киіп, ішінер,
Ебін тауып жия алған.
Керенау мен жалқаулар,
Құшақтайды құр арман.
Жан жуымас жатқанға,
Дүние қисық бұралаң.
Бүйірі шықпас әстеде,
Біреуден қайыр сұраған.
немесе:*

*Жайлап басып тең ортада келемін,
Ешбір жаннан артық емес өнерім.
Не істесе өзі Алла біледі,
Қарсылық жоқ көрсеткенін көремін.*

**Ізгі ниетпен, игі тілекпен
Сембала Шаймұханбетқызы**



Мен Сембала жолдасым Сағындық

БІР ҚЫЗЫМЫН ҚАЗАҚТЫҢ ЕЛІМ ДЕГЕН

*Береке бірлік елге бер, тату
тәтті қауым ет.*

Жазбагер.

I

Бір қызымын қазақтың елім деген,
Намыс қуып шарқ ұрып ерінбеген.
Халқым барда қарным тоқ, қамықпаймын
Болашаққа қараймын сенімменен

II

Жаным жайсаң, көңілім көсір, бір ағын,
Жаңалыққа жақын жүрдім бір адым.
Ұшан теңіз ен даламды қорғаған
Ұл мен қызды мақтан етіп тұрамын.

III

Көк найза, кескір қылыш, белде садақ,
Жаратып жауға лайық байлаған ат.
Қылығы сұлу қыздың әлемге паш,
Томирис артық туған бір асыл зат.
Үш жүздің басын қосқан Абылай хан,
Елге ізгі болыпты, жауына паң.
Қабанбай, Бөгенбай мен батыр Барақ
Артық туған бекзада әлемге таң.
Төле би, Қазыбек пен Әйтеке би,
Бірі үзік, бірі түңлік, біреуі ши.
Жоңғардың шапқыншылық заманында
Бірігіп қас дұшпанға тартқызған күй.

Жаратқан оларды артық әуел бастан,
Ақиық қырандарым аспанға ұшқан.
Махамбет, Исатай мен Кенесары
Кем емес айбаттанса жолбарыстан.
Жетпіс жыл өте шыққан белестегі,
Төрт белес көз алдыма елестеді.
Тік басып аяғынан қаз тұрғанда,
Құлаққа аштық деген жел ескені.

IV

Көкіректе мұз боп қатып жататын,
Кім білмейді “мешін жылдаң апатын”
Голощекин қолдан жасап аштықты,
Көк түнеріп көз ұшында бататын

V

Жетпіс жыл өте шықты қырқаланып,
Еліміз еңбек етті ынталанып.
Аштықтан азап шеккен қайран халқым,
Әр жерде қалды сиреп қылталанып.
Көзі жас, халыққа бас, көңілі адал,
Жалтақтан сөз сұрама жолда қалар.
Аштықта көмек сұрап Сталиннен
Үш қайта хат жолдаған асыл Тұрар.

VI

Сырласса егер, жалғасса егер, көкпенен жер
Одақ болып біріктің деп сөкпендер
Сәкен, Жұмат, Ахмет, Мағжан асылдар
Жазықсыздан жапа шегіп кеткендер

VII

Қайғыдан мұңға батты аймақтарым,
Аяусыз қырқыншы жыл қатар келіп

Мойынға ілді шеңбер қармақтарын.
Төтенше ел шетінде жау тигенде
Қалай шыдап жатады жайнақтарым,
Құс салып, аң аулаған еркін елдің,
Кілегей сүт бетінде тұнып тұрған.
Бір күнде алды қалқып қаймақтарын.
Ерлер кетіп майданға, әйелдер қап,
Көз көрді ерте тұрып , жай жатқанын.
Он бес ел басын қосып бір дүр етті,
Жүректі қуаныштан елжіретті.
Аяусыз келген жауға соққы беріп,
Берлинде жеңіс туын желбіретті.
Оралды қан майданнан ерлер аз-ақ,
Айрылған аяқ қолдан, көрген азап.
Орына өзі қазған өзі түсіп,
Герман ит жер жүзіне болды мазақ.
Соғыс жүріп жатқанда жан қасында,
Қалмады ешкім қарап от басында.
Елімнің бірлігінде шек болмады,
Батырлар жүрді бастап көш басында.

VIII

Жатсынбадық адастырмас жол кімді,
Бодандықтың дәмін татып ел білді.
Айтпасын деп ел билігін жат басқа,
Қаламаған халқым өзі Колбинді.

IX

Алаңға шықты жастарым,
Жердің жүзін таң қылып.
Жетпіс жылдай тал қармап,
Қалмап па едік қаңғырып.
Желтоқсан желі соқты да
Сала бердік жаңғырып.

IX

Мазасыздық,
Мазасыздық тербетіп аласұрдық.
Бойды билеп жігерсіз шарасыздық.
Жан ұшырып ақиқат шырылдаса,
Сығалады жабықтан таза шындық.

XI

Асқақ далам неткен мұнша киелі ең,
Жабырқасам бір өзіңе сүйенем.
Қайыргелді, Ләззат, Қайрат, Жамбылбек
Көп болмайды арнап жазсам сый өлең

XII

Өмірдің көз салсаңыз ағысына,
Елімнің аз болған жоқ табысы да.
Ұлды ұрып, қыздарды шаштан сүйреп,
Қазақтың тиді жаман намысына.
Үш ғасыр армандаған ата-бабам,
Екі ғасыр тоғысы жаңа заман.
Ғаламның тылсым сырын болжап білмес,
Ерікті ел атандық есен-аман.
Жарық жұлдыз секілді саналы адам,
Ел қорғансыз болған ба бәрі жалған.
Қатарынан үш рет дауыс беріп,
Өзің елім, Ел басын қалап алған.
Бір тамшы жасы үзіліп күйік-шердің,
Ел тізгінін ұсынды сүйікті елің.
Нүреке, нұрлы жолға баста енді,
Тар жол, тайғақ кешуді жүріп көрдің.
Ендеше сәлем саған, қалың елім,
Қиындыққа қысылмай төккен терін.
Кешегі қызыл қырғын аштықты да,
Ұрпаққа табыс еткен елін, жерін.
Осылайша бет бұрдық тәуекелге,

Ұлы көш, жаңа Астана, бәрекелді!
Бұлт шегініп, ай жүзіп айдарында
Биік үй, ғимараттар сән әкелді.
Жол түсіп Астанаға барған шақта,
Жүргендей бір күй кештім Иран-Бақта.
Гулесе басылмайтын мен бір көрік,
Сабыр-сабыр көңлім, сабыр сақта.
Заман түр алдымызда еркіндеген,
Кім қалды шындықты айтып серпілмеген.
Жазықсыз жапа шеккен тектілерім,
Қыздай боп қайта оралды төркіндеген.
Ұлағатты ұл туған қазағымнан,
Шықтың әрең басқаның мазағынан.
Егеменді ел болдың, қайран халқым,
Құтты қылып, сүйіндір ұзағынан.
Жаның жайсаң ей, халқым, тілің байтақ,
Ит қосып талады ғой айтақ-айтақ.
Басы жоқ, құр кеуде боп қалып едік...
Сөзді қойып, іске көш болмай жалтақ.
Қайнасын бақ-дәулетің қазанында,
Тұрындар таңның ерте азанында.
Көзі ашық, көңілі ояу азаматтар,
Өмірдің жеңдің ауыр азабын да
Қазағым-ай, керек қой амандығың,
Кім білер кімнің жайсаң, адалдығын.
Кешегі желтоқсанның құйынында,
Тепкілеп, жұлып алды жағанды кім?
Қорғап қалған өзінің азаттығын,
Бұл күнде білмес дейсің қазақты кім?
Қайта ілінбе құрыққа аңғал елім,
Өтіп кетсін осымен азапты күн!

ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Елде біреу менде екеу,
Асыл анам қос анам.
Жақсылыққа жарылып,
Жамандыққа мойымаған осы адам

Өле өле балалары,
Таусылғанда үміті.
Мендей пақыр пендесін,
Он сегіз он алтыдан.
Бөліп алыпты жасаған,
Мен жай жан емеспін.
Ұшқынымын ар елестің,
Асыл анам болмай шарақ.
Мен туғанда елжіреп,
Үңліпті келбетіме.
Сонан соң,
Ұсыныпты көрші әйелге.
Сіз алаңыз ақыр өледі,
Тәлкегіне тәнті болдым Алланың.
Бұл өлсе егер,
Қалай тура қараймын ел бетіне.
Маған болады тірі жүрсе жер бетінде,
депті дағы.
Ұсыныпты көрші әйелге.
Екінші анам,
Нұр жүгіріп жүзіне
Жас алыпты көзіне.
Мен де сендей сегізінен айырылып,
Ұқсамаппедім өзіңе.
депті дағы шақыртып,
Төлек сынды ел ағасын.
Өзің бер деп бағасын,
Ырым етіп кестіріпті.
Кіндігімді балтамен ер адамға
Балтадай өткір болып өссін деп
Өлімнің жолын кессін деп
Осылайша өмір жолы ұласты
Ер жеттім де
Амал қанша ,
Кенге салып жая алмадым Құлашты.
Үйлі болу бала бағу,
Қарт ата-аналар.
Менен басқа баратын жер,

болмаған соң паналар.
Талай жанмен бірге кетті,
Жазылмаған жаралар.
Қазағымда ойлап тұрсаң,
Көп қой салт пен саналар.
Қанағат жасап барына
Ырым етіп,
Қыйындықты жеңген біздің бабалар.

ТОЙ БАСТАР

немесе өзімді таныстыру

Жыр жазам үш саусақтың ұшыменен,
Әр дәуір өтіп жатыр тұсыменен.
Алдымда аға, артымда інім де жоқ,
Өткіздім бұл өмірді күшімменен.
Ата-анам әлпештеді балап ұлға,
Басымнан құс ұшырмай болды тұлға.
Өмір де бір орында тоқтамайды,
Қайықтай ауытқиды оңды-солға.
Келеді құс боп ұшқым калықтаған,
Әр кезде қуалы өнер жалықпаған.
Өмірдің өткелінде рахат көп,
Сезбейді бірақ оны тарықпаған.
Бұл өмір өтіп жатыр алыстырып,
Өтейін мен өзімді таныстырып —
Орта жүз, арғы атам Тобықтыдан,
Шарқ ұрам халқым үшін намыс қуып.
Сыбырлап оятады бойымды ар,
Бабамның өмір жолы, тарихы бар.
Шашубай, Мәди, Абай, Мұхтар, Ақан,
Қолтықтап қиын жерде болады жар.
Мәдиім жырлап өткен Қарқаралы,
Ойын той баурайыннан тарқамады.
Тоқтарым бірінші боп ғарышқа ұшып,
Сапарын Гагариннің қайталады.
Біз келдік Димекеннің ауылынан,

Нұрсұлтан ел бастаған қауымынан.
Еліме бейбітшілік мәңгіге орнап,
Сақтасын төтен соққан дауылынан.
Ұлы жүз келген жерім өмір – жаулы,
Ежелден аты шыққан Бижан ауылы.
Төбе би Төлебидей тура шешкен
Ешкім жоқ қазағымда жанжал-дауды.
Жасында қара шалым бозым еді,
Қолымды жетемін деп созып едім.
Он бес қыз тиемін деп таласқанда,
Мені алып ортасынан озып едім.
Не қалады артық жиған мал мен бақтан,
Сөз қалар өсиет боп тіл мен жақтан.
Бес балам, бір қызым бар – бар байлығым,
Ақшаға жан емеспін арын сатқан.
Абылай басып өткен асудайын,
Төгейін жыр маржанын шашудайын.
Өзімді таныстырып өттім біраз,
Болған соң шөбересі Шашубайдың.
Берейін енді кезек той бастарға,
Әдептен артық кетпен жай бастарға.
Балаңа қуаныш қып той жасапсыз,
Айтармыз құтты болсын біз жастарға.
Қорадан сойса қойы семіз болсын,
Келінің бала туса егіз болсын.
Тілегі көпшіліктің қабыл болып,
Көңілі-көл дария теңіз болсын.

ЕСІМДЕ БІРАҚ ҚАЛМАПТЫ...

Түсіме кірдің жарықтық,
Он бірінші тамыз-ды.
Шын ниетіңмен кайталап,
Сөз сөйледің манызды.
Ал мен болсам үндемей,
Қолымдағы қаламмен,
Отырмын жазып жазуды.

Алдымызда көлденең,
Көрінеді темір жол.
Темір жолмен арқырап,
Өтеді поезд оңды-сол.
Үстінде ұзын шапаның,
Дөңгелек бөрік басында.
Жарықтық Кенен атаның,
Жүр екенмін қасында.
Қорғап жүрген шығарсыз,
Қысылғанда демегін.
Сол поезға міндің де,
Асығыстау жөнелдің.
Есімде бірақ қалмады,
Не сөйледің, не дедің?

АДАМДАР КӨП ОСЫНЫ ҰҒЫНБАҒАН

Мені мынау сұм жалған ойландырған,
Адам түлкі, бос күлкі қайдан болған.
Қиял құсқа мініп ап шарықтасам,
Қалмас еді адамзат ойланбаған.
Мен сендерге сөзімді шығындаман,
Сөз ұғатын естінің ығында ығам,
Тіршіліктің куәсі жарық дүние,
Жұлдыздар бар аспанда жымындаған.
Ағайын жұрт маңына жиылмаған,
Жан қоярға жер таппай шырылдаған,
Жер шайқалып армяндар зарлағанда,
Адамдар көп осыны ұғынбаған.
Көз тоймаған мал-мүлік бәрі қалып,
Топырақпен құлқыны тығындалған.
Бұйрық келсе Алладан ғажап емес,
Жан қалмасты Аллаға сыйынбаған.
Тамақ тоқ, киім бүтін, уайым жоқ,
Уын шашып арада жыбырлаған.
Білгеннен ақыл алар ағайын жоқ,
Тосқауыл болар мекен жырым бұған.
Құлаққа сөз келеді ызындаған,

Ойлар көп ақ қағазға сызылмаған.
Ағайын, кетті қайда бірлігіміз,
Арада отыз жылдай бұзылмаған.
Барма біреу сендерді уландырған,
Жоқ әлде баршылық па қуландырған?
Не керек бос кеудеге құр ірілік
Жатқандай барды жерлеп , жоқ тіріліп...
Шаң шығармай жан-жағын жиындаған,
Қадам бассаң бұл өмір қиындаған.
Жетсе егер жетеге ұғындырам,
Тосқауыл болар ма екен жырым бұған?
Қызғаншақ тар мінезді құлыптайық,
Тағдырын балалардың ұмытпайық.
Үлкендік жол көрсету бізге парыз,
Құрталық өкпе назды жуып-шайып.
Көңілді шалқытып бір жаз болайық.
Жаратқан әр адамға несібе бар,
Топтасып бір ортаға мәз болайық.
Жан едім жас кезімнен жыр жаттаған,
Жек көрем сылдыр сөзді сырғақтаған.
Өзімді ал, ниетімді алма деймін,
Суындай Мырзашөлдің құрғап қалған.

ҚОС РАЙХАН

(Түрксібте демалып жатқанда)

Аман-есен бармысың,
Қос Райхан, қарағым.
Құрмет тұтсаң қадірлеп,
Қажетіңе жарадым.
Жолы қиын қол жетпес,
Жатқаным жоқ Қырымда.
Іздемеген анасын,
Бар ма сірә, ырымда...

ДАЛА ЖЕЛПІП САМАЛЫН

Ұлжан ана туған кезде Абайды,
Сүйіншілеп күй тербеді маңайды.
Шашу шашып дала желпіп самалын,
Үркер үркіп, ай иілді арайлы.
Сұлу сөздің атасы, майданға түсті өнерің!
Тәрбиесін көп алған асыл әже Зеренің.
Телі тентек, ала ауыз, қазақ деген халқыңа,
Қажетіңе жарат деп, жазып кеткен өлеңің.
Батпақ дала, көшпелі ел, шұбырынды із жатты,
Кердең қылжак, қаранғылық, тапжылмастан міз
бақты.
Ойшыл зерек ұлы Абай, мыңмен жалғыз алысып,
Сөз патшасы – асыл жырдан өшпес белгі орнатты

ДӘУРЕН ӨТЕР ОСЫЛАЙ

Күзгі сүрен, жер қырау,
Жапырақ түскен шақтарда.
Қылышын сүйреп қыс тақап,
Дайындық қып жатқанда.
Күз күмілжіп бір сәтке,
Ыскырық есті шатқалда.
Тізеден батпақ лайсаң,
Қарасаң таң атқанда.
Өмір де күрес аңғарсаң,
Кейде күліп қуанып.
Кейде отырып жылайсың,
Жаралы жандай тітіркеп.
Аяғың тайса құлайсың,
Салың суға кеткендей.
Батыр ем ғой, езбе едім.
Жарқыраған жаз едім,
Күзге айналдым, сезбедім...
Күзден кейін қыс келер жағаласып,
Арман қуам қиялмен араласып.
Барса келмес сапарға аттанармын,
Дәурен өтер осылай ала қашып.

КӨТЕРІЛДІ КӨК БАЙРАҚ

(Желтоқсан оқиғасына)

Дәуір сырын осылай мың балады,
Жас жүректің дүрсілін тыңдамады.
Аға буын бастарын төмен салып,
Ал жастар салып жатты шырғалаңды.
Алаңға шыққан жастардың
Бұлқыныстан бұрықарап,
Маңдайынан тер тамған,
Қарсыласып қарусыз
Жотасынан қан тамған.
Жеңісінің жемісі —
Көтеріліп Көк Байрақ,
Белгіленді Ел таңбам.

ӨМІР ДЕ ГУЛЕП БАСТАН ӨТЕДІ ТЕЗ

Әркімде бола бермес бірдей мінез,
Белгілі айырмасы алтын мен жез.
Көңлімде көптен жүрген бір ой еді,
Балалар біліп жүрсін айтайын сөз.

Бауырым, не болады болмаса көз,
Өмір де гулеп бастан өтеді тез.
Басыңа бақыт құсы қонған шақта,
Түсі бөтен бір қызға болдың да кез.

Қарағым, ақыл-ойың дариядай,
Талай жан барды алдыңа қариядай.
Тағдырын төрт балаң мен әйеліңнің,
Шешіпсің жаңа заман жариядай.

Шұқанақ көп түкірсе көл болады,
Жапанда жалғыз қалсаң шөл болады.
Үйленсе Әният пен Сағиятың,
Ертең-ақ бір рулы ел болады...

МӘНГҮРТ БОЛЫП ҚАЛМАЙ МА?

Сөзіне айтқан іштей ауыр күрсіндік,
Жарып өтті жүректерді бір сұмдық.
Әлсіздерді әлділер көп жылатты,
Ауданымда айтылмаған бұл шындық.
Сөз қадірін ұқса егер қымсынып,
Ұялғаннан бетімізді шымшыдық.
Тебірентіп әруақты, алмайықшы мазасын,
Кім жемесе ел қамын Алла берер жазасын.
Жаптырмайды ел болып ауданымның айнасын,
Көп түкірсе көл болар, қалың қауым, қайдасың?!
Ошағымыз ортаймай, дәулетіміз қайнасын.
Қиындықпен күресіп табу керек айласын.
Ескегі жоқ қайықтай жөнді еспеген,
Болса дағы бас кесу, тіл кеспеген,
Ауданымның газеті жабылса егер,
Мәнгүрт болып қалмай ма үндеспеген.

ҚҰЛАҚ ЕСТІП, КӨЗ КӨРДІ

Ауылдағы ұжымнан жиналыпты ақындар,
Тілі өткір семсердей ақынға кім жақындар.
Тұрып жатқан жерінде малың-басың аман ба?
Шындық сөзге шыдамай бұзылады қамал да.
Бөлісе алмай бөлшектеп қарызынан қалғанын,
Басқа түскен бұл-дағы салғаны шығар жалғанның.
Құлақ естіп, көз көрді ардагер мен мүгеде
ескерусіз қалғанын.
Пенсиясын ала алмай шырғалаңға салғанын,
Жымысқы мен жылпостар асырды да айласын,
Шұрайлы жер, машина, көріп жатыр пайдасын.
Кімге айтамыз арызды желіктірген 70 жыл,
Компартия, қайдасың?
Сауда деген бұрыннан қазағыма жат еді,
Саудагер деп атаса көңілге кірбің мат еді.
Қыспағына алып нарық қып,
Сүйреттік сумка қырық қып,
Бұта түбі бір кемпір сақтай гөр, Алла-жарықтық.

ЕС АҒА, ӨЗІҢ КӨЗ КӨРГЕН

Ес аға, өзің көз көрген,
Алдыңыздан қия өтіп,
Жерім жоқ тіпті, өзгерген.
Көптен қалған жалғызсыз,
Нардың жүгін көтерген.
Риза шығар балалар,
Әкелік парыз өтелген.
Шақырыпсыз, Ес аға,
Кенжеңіздің тойына.
Бір ауыз сөз оралды,
Отырғанда ойыма.
Турсушка менің жолдасым,
Артында қалған балаларын,
Бір Алла өзі оңдасын.
Кешікпей Гайдар үйленіп,
Оңынан берсін жолдасын.
Қыдыр ата, Қырық шілтен,
Қасында жүріп қолдасын.
Барған жерде Гауһаржан
Бақытты болсын, бай болсын.
Үйі толған балаға.
Аймашкүл сынды құдағи,
Көңілі оған жай болсын.

ҚАРИЯЛАР ЖҮР ҚАПТАП

Арты күмән тірліктің, алды күнә,
Не болды деп сұрама халды мына.
Бақ сынаймыз базарға барамыз да,
Бірде ұтылып, бірде ұтып, сан құбыла.
Қариялар жүр қаптап жасымайды,
Базардың құлындай боп басыбайлы.
Неге отырмайды үйінде кемпірлер деп,
Шикіл сары келіншек тасырайды.
Айтар сөзден еріксіз іркілемін,
Істеріне қайран қап құр күлемін.

Тепсе темір үзетін жас жұбайлар,
Қайталайды айласын түлкілердің.
Қонайын десе бақ-дәулет бесеу аспас алтыдан,
Мұратына жетеді еңбек етіп талпынған.
Пейілімді тарылтпан, тірлігіме шүкірлік,
Қуат берсе жасаған, таймаймын осы қалпымнан.

ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ӨШПЕЙТІН (Бақты Ораз Батырға)

Аударып жұрттың назарын,
Бақты Ораз атты бабама.
Жыр арнап бүгін жазамын,
Жетімдік пен жоқтықтың
Көріңсің сен де азабын.
Әділет болмас айтпаған,
Жауынан беті қайтпаған,
Ұрпақты сақтап қалсақ деп,
Жер құшып қанша жатты адам.
1941- дың 26 маусымы,
Қанды соғыс басталғалы
Бес күн болған ауқымы.
207- ші атқыштар полкына
Төтеп бере алмай жатты жау тылы.
Айбынды ерлік, асқақ биік жас жаның,
Елің үшін ерлік жасап қас-қағым,
Ұшағыңа оқ тигенін сезген соң
Кері бұрып, жау шебіне бастадың.
Ұшқыштар жау шебіне жасап таран,
Қырғидай оқ боратып бомбалаған.
От-жалынға оранып жер менен көк,
Дүние дүр сілкінді болып қараң.
Бұрынғы бабалардың жолын қуған,
Ұлы беске келгенде белін бұған.
Бақанас, қасиетіңнен айналайын,
Бақты Ораз, Димекендей батыр туған.
Қанша ұрпақ кейінгі есік ашат,
Мен тірімін дегендей, мәңгі жасап.

Өз атыңмен аталған орта мектеп,
Ойып салған мүсін тұр тастан қашап.
Әуе атқышы Бақты Ораз бабамыз,
Жарты ғасыр тұрса да алшақ арамыз.
Ұлы Отан соғысында батыр боп,
Өшпейтұғын із қалдырды қараңыз.

25 сәуір 2001 ж.

ЕСІҢДІ ЖИ, ҚАЗАҒЫМ!

Құлашты кең жайып қомдана,
Шарқ ұрдық оңға да, солға да.
Ежелден еркіндік аңсап едік,
Қуат бер қолтықтап, онда Алла!
Сендік те ұраншыл жалғанға,
Күш-қуат жина тез арланба!
Есіңді жи қазақ, жи есті,
Тыныстап ойланшы сәл ғана.
Азаттық аңсаған еліміз,
Кең байтақ, қасиетті жеріміз.
Қабанбай, Бөгенбай қорғаған,
Нанбасаң ізі бар көріңіз.
Ту тіктік тура үш ғасырда,
Қазағым, күш жина жасыма.
Армансыз-қанатсыз құспен тең,
Не келіп-кетпеді басыңа.
Бір жеңнен қол шығар топтаста,
Шегінбе, абайла, от баспа.
Қадір тұт еліңнің ерлерін,
Билігін айтпасын жат басқа.
Ел таңба, көкшіл ту, ұраным,
Жүз түрлі халықтан құрамың.
Суық сөз, сұқ-көзден сақта деп,
Қадір тұт, білсең ол тұмарың!

ОРТАҒА САЛАМ ОЙЫМДЫ

Еркін ел болып талпына,
Бір сыр шертем халқыма.
Қасіретті “Мешін жылдың апаты”,
Белгілі ғой жалпыға.
Көз жүгіртсек өткенге,
Өмір деген өткелге.
Ауданымның өзінен
12 мың қазағым
Тарыдай болып шашылып,
Босқын болып кеткенде.
Аштық пенен жойқын күшті індеттен
Елден ауып көз жастарын көлдеткен.
36 мың ұрпағың сөнген жоқ па мезгілсіз,
Ойыңа алсаң таңдай құрғап шөлдеткен.
Жастарым шығып алаңға
Жердің жүзін таң қылып.
70 жылдай тал қармап
Қалмап па едік қаңғырып.
Желтоқсан желі соқты да
Сала бердік жаңғырып.

АР АЛДЫНДА ТАЗАМЫН

Қиялдаймын өз өзіме қойып кейде сұрақты:
Кім жырды екен таудан төмен жырақты?
Кім ағызған сарқыраған бұлақты,
Кім өсірген көк майсалы құрақты?
Ешкім жауап бере алмайды тұрақты.
Мініп алып өмір деген сұр атты,
Гүлдер өсіп, бәйшешектер бұр атты.
Адам-адам аз өмірге мәз болып,
Күйкі тірлік бәрімізді жұбатты.
Өмір нәсер жауып шығып жауындай,
Төніп келіп ойрандайды дауылдай.
Аралайды, піскендерін іздейді,
Сонан кейін үзіп алар қауындай.

Тағдыр солай, төлкегіне көнесін,
Бұйрық келсе қарсыласпай өлесін.
Тіршіліктің қызығына кім тойған,
Кейде ызғар, кейде қырат күресін.
Кей кезде мен жалындаймын, жанамын,
Маңайымда болған іске наламын.
Ризамын өткеніме өкінбен,
Өйткені мен ар алдында тазамын.

ОЙЫҢ БАР БОЛАТЫНДАЙ МАҒАН СЕРІК

Талабым тау суының тасуындай,
Талай белес атқардым асуымдай.
“Нұр жауар талаптыға” деген сөз бар,
Көңілде әсте кірбің болған емес,
Иненің көзіндегі жасуындай.
Он сегізі, жылқы жылдың ақпанында,
Демалып төргі үйде жатқанымда,
Екі адам есік қағып кіргендей боп,
Көрінді сыртқы есіктің жақтауында.
Жастық шақ менен мойын бұрғаның ба?
“Тез қол қой, кетемін” деп тұрғаның ба?
Бірінші пенсияны әкеп беріп,
Қақпанын көрліктің құрғаның ба?
Кет, әрі, қу көрлік, саған еріп,
Жәйім жоқ қалатұғын шамам кеміп.
Бір жүрген жолдастардан бөліп алып,
Ойың бар болатындай маған серік.

ӘЗІЛ ӨЛЕҢ

Шал мен кемпір ерігіп,
Отырыпты зерігіп.
Ұзақ қарап кемпіріне тесіле,
Сыр шертісіп көсіле.
Жастық шағы түсіп есіне,
Шал кемпірге былай депті:
- Әй кемпір, еске алайықшы жастық шағымызды,

Сынап бағымызды.

Кемпір “мақұл”, депті.

Шал сонда:

- Мен күтем сені анау тал түбінде,

Өзіңе белгілі ғой хал бүтінде, -

депті де кетіпті талға қарай,

Сүйретіп құр сүлдесін алға қарай.

Тал түбінде отырыпты шал ұзақ,

Оралғандай мойынына қыл тұзақ.

Бірақ кемпір келмеді.

Сонда шалды ашу қысып бұрқырап,

Аяқ-қолы сырқырап,

Қайтып келсе үйіне,

Кемпір отыр бөз-баяғы күйінде.

-Әй, кемпір, неге бұлай уәдеде тұрмадың? —

десе кемпір:

Төмен салып жанарын,

Былай депті күмілжіп:

Менің бармас барарым

Өз қолымда емес қой —

Тілін алып өскен қыз едім ғой ананың.

БАЛАЛАР КҮНІНЕ

Бұлт төнбесін төбеден аспанымды қорғайық,

Ел иесі болашақ жастарымды қорғайық.

Уызына қандырып нық бастырған аяқтан,

Алтын-қазық бағана анамызды қорғайық.

Ашық аспан астында ауамызды қорғайық,

Ұшан теңіз байлығы даламызды қорғайық.

Біздер үшін жан қиып алып берген еркіндік,

Асқар таудай ақ басты бабамызды қорғайық.

О, балалар, балалар!

Сендер үшін әзір тұр жан қиюға аналар,

Бірақ кейде қалып жүр қартайғанда сол адам,

Жер таппай қалып панчлар.

О, балалар, балалар, бұл дүние кезекті,

Қайырымды бол анаңа жарып шыққан өзекті.

О, келіндер, келіндер, ымыраға келіндер,
Не істесең анаңа айналып келер басыңа.
Осы сөзге сеніндер!
Ұшырып жылы ұядан, сөз тастайын қиядан,
Ұлы-қызың тең өсіп қызығын бәрін көріңдер!

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ

Қасиетіңнен айналайын жел қанатты пырағым,
Шешіп бердің талай жұрттың көкейкесті сұрағын.
Дүрсілдеген дүбіріннен дүр сілкініп оянып,
Селт еткеннен сел боп ақты бойымдағы жыр-ағын.
Ата дәстүр, салт-санасын қазағым да сағынды,
Бір сарын боп кетіп едік қызыл судай ағынды.
Сен келдің де тостың елге қайық қылып кеуденді,
Бір-бір талдан жұлып бердің ескектікке жалынды.
Құтқа орадың жылқы жыл, жылқы мінез қазақты,
Қайта басқа бермесін бабам көрген азапты.
Қош келіпсің момын қой, түскен шығар саған да ой,
Сүрлеуімен сүреңнің жүре бермей үндемей
Сен де қорға азатты.

ҚОЙ ЖЫЛЫ

Төрт түлік малдың бірі киелі қой,
Қой жылы айтылды ғой жүйелі ой.
Нұрсұлтан Әбішұлын хан көтеріп,
Ерікті ел атанып жасадық той.

ҮЙ ЖАНЫНДА ҰЗАҚ ТҮРДЫМ

Ата-анам жоқ бір жылдан соң,
Барғанымда ауылға.
Кездескендей күйге түстім —
Күзгі сүрең дауылға.
Айналайын жаным құрбан
Көкем келді Дәке деп,
Көрші қолаң жиналатын

Қалың қалай әкеліп,
Енді міне, біздің үй тұр
Ақ төбенің үстінде.
Қыбыр еткен бір адам жоқ
Тағдыр ісі күшті де.
Үй жанында ұзақ тұрдым
Ашпады ешкім есікті.
Көз жасыма ерік бердім,
Ата-анам еске түсті де.

ЖАТТАП АЛЫП ЖЫРЫҢДЫ АЙТАДЫ ЕЛІҢ
(Мұқағали Мақатаевтың 60 жасқа толуына)

Биыл міне, қой жылы шілде айында,
Мөлдір бұлақ, тынық су сайсайында.
Ас берілді ақынға Қарасазда,
Иісі қазақ хабардар бұл жайында.
Ас береді,
Қазы қарта қойылып, бата оқылып
Құрметпен үлкендерге бас береді.
Арты той боп, күй тербеді күмбірлеп, Қарасазды,
Дос сүйініп, дұшпаны аласарды.
Қыз қуу, көкпар тарту, бәйге, күрес...
Қыз-жігіт күлім қағып қарасады.
Алты бақан тербетіп аруларды,
Шолпылары сылдырлап жарасады.
Қыран құс серік етіп Лашынды,
Ұя сап Оқжетпеске қыр асынды.
Токтаусыз тоқыратып жібердік-ау
Мұқағали секілді дарасынды.
Ішінде ақындардың жайсаңы едің,
Ортасына оралдың байтақ елдің.
Болдың енді халықтың мақтанышы,
Жаттап алып жырыңды айтады елің.

ЕЛІКТИҢ ЛАҒЫНДАЙ

Айкоша мен Ақбота құлындарым,
Селеудей желбірген бұрымдарың.
Еліктің лағындай балапандар,
Пысылдап жүрген шығар мұрындарың.
Отырар ең осы үйде атаң болса,
Өздерің де жүрер ең қатарласа
Қимастықтан айтылған бұл сөзімде,
Өзің кешір, жан Алла, қатем болса.

ӨМІР КЕРУЕН

Білген жөн алашақ пен берешекті,
Білген жөн өткен менен келешекті,
Күншіл көп көзін сүзген басқа жанға,
Кіші көп үлгі тұтар ересекті.
Білген жөн алыс пенен жақындарды,
Білген жөн жарамсақ пен асылдарды.
Жақсы адам көк төсінде жарық жұлдыз,
Талай жан жырлап өткен ғасырларды.
Өмір керуен жолаушымыз бәріміз,
Өмір үшін талпынамыз жасымыз да кәріміз.
Күні біткен күнде өтеді апырай,
Бірақ соны түсінбейміз әлі біз.
Біте қайнап бірге өстім сенімен,
Бір күн тынбай алға ұмтылдықы сеніммен.
“Біздің қыздар қандай жақсы” дей тұғын,
Айналайын, еркелеткен елімнен.

МЕНИҢ АПАМ НЕШЕДЕ?

Ақпейіл жан бар ма шіркін анадай,
Кейде отырып ойнаушы едім баладай.
- Апа, сенің жасың осы нешеде? —
десем апам, дейтін —
Жетпіс жетіде.
Бірнеше жыл өткен кезде тағы да

Апа сенің жасың осы нешеде? —
Десем тағы дейтін —
Жетпіс жетіде.
- Апа, неге жылжымайды жасыңыз.
Десем апам —
- Қатырмашы, дейді маған басты тым,
Итемгеннің Әденімен жастымын.
Ыдыбайдан екі жас-ақ кішімін,
Мазасын көп алма балам, кісінің.
Жаным анам, түсіме ендің кеше де,
Есіме алып жүріп келем көшеде.
Ойланып көр, есептеп бер, оқушым,
Менің апам нешеде?

САЙҚЫМАЗАҚ

Үндемей жүре алмайды
біздің қазақ,
Үйлейді, бүйдейді.
Кейде сөзбен түйрейді.
Жанындағысын жүндейді.
Мен күлсем күл дейді,
Алдыма шықпа,
Артымда жүр дейді.
Жолдас болсаң жаманмен
Топ ішінде күлкі етер.
Сыр бермейді сыпайы,
Ақырын ғана бүлк етер.
Алтын құйттай болғанмен атағы зор,
Мактанған адам бекер болады қор
Әркімге ырыздықты несібе бар
Жамағат,ойланаық,айтарым сол.

ЖЕҢЕЙІК КӨРІЛІКТІ ЕБІН ТАУЫП

Шықпайды балалықтың қызығы естен,
Шіркін сол бір кезім-ай мұңсыз өскен.

Ойлай ма қауіп бар деп жасында адам,
Жазы өтіп, өмірінің күзі көшкен.
Бақанас тұрағымыз, мекеніміз,
Жаз бен қыс, көктемі мен өтеді күз.
Жас өсіп, біз қартайып, өтіп күндер,
Белгілі кезегімен кетеріміз.
Дауа жоқ, көмектеспес ешбір дәрі,
Белгілі кезегімен кетер бәрі.
Мың күн жанған шырағың бір күн сөніп,
Сынаптай сырғып түсер соның бәрі.
Нарық деген шықты да қыспаққа алып,
Жаппай көштік апырай елден ауып.
Біте қайнап бірге өскен ел жұртымды,
Кейде отырып сағынам саңым ауып.
Кеттік солай ауылдан ұзап жырақ,
Алматы шаһары енді біздің тұрақ.
Төрт мұғалім, бір дәрігер, төрт есепші -
Тоғыз кемпір тоғыстық ұйым құрап.
Бас қостық осылайша еңкей саңлақ,
Тоғыз қыз, жыр құрайын сендерге арнап.
Өткенге өкініш жоқ біздер үшін,
Бала өсірдік, жас сүйдік, ұрпақ жалғап.
Осылай бас қосалық дүркін-дүркін,
Өтерміз кезекпенен бір де бір күн.
Ажал келсе аттанып біз кетерміз.
Кімге опа әперген дүние шіркін .
Жыйылып жүреміз біз ауық-ауық,
Жақсының жүрген жері ойын-сауық.
Қамшының сабындай-ақ қысқа өмірде
Жеңейік кәрілікті ебін тауып.

ТАҢ НҰРЫ ҚЫЛАҢ БЕРДІ АТҚАНДАЙ БОП

Жыр көктем, ару көктем сыр тыңдайды,
Бұлбұлдар әнге қосып кикүлайды.
Оралса қаз бен үйрек мекеніне
Қалайша жүрегіңнен жыр тумайды.
Ырысы қазағымның қара қазан,

Оралмай елу төрт жыл кеткен мазан.
Науырыз төл меркем, ана тілім,
Қаласаң қайрылмай ма шабақ-сазан.
Таң нұры қылаң берді атқандай боп,
Алдық қой ана тілді сатқандай боп.
Қайрылып артымызға қарай бердік,
Қос атпен қуып келе жатқандай боп.
Жетпіс жылдың ішінде
Атқардың талай көктемді.
Жырға қостық мадақтап,
Озбырлар мен өктемді.
Үн шығармай жетпіс жыл
Шыдап баққан қазағым,
Жоғалғанды орнына қоятын кез жетті енді.

СЕМБЕГІМ

Жеткізу де қыйын боп тұр сөзбенен
Жөні бөлек бауырым-ай өзгеден.
Сырға толы сенің қысқа өмірің,
Мақсатыңа жете алмадың көздеген.
Қиындықты көп көрдің сен жасыңнан,
Кездерінде болды әрине, жасыған.
Алты айлық құрсағында анаңның,
Әкең қайтып дүниеден
Жетімдіктің азабы өтті басыңнан.
Ерте кеттің өмірден Сембегім, қымбаттым,
Ішіндегі шешілмеген кім шешеді жұмбақты.
Кетерінде жасқа толып жанары,
Сөзбен айтып, жеткізе алмас мұң жатты.

ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛҒА

Жамбыл ата
Жыр алыбы абызға-
Он сегізі тышқан жылы тамызда
Өтті бүгін ақындардың сайысы
Артта қалып айналатын аңызға.

Бәрекелді өтті осылай мүшайра
Нағыз дарын шын жүйрікті тұсай ма?
Иран Ғайып оза шауып бәйге алды
Жарысқанда жаза басты күш-айла.

18.08.1996 ж

ЕЛІМНІҢ АСЫЛ ДАРАСЫ

Д. Қонаевқа

Бақ қонып қыдыр дарыған,
Айтсам егер арыдан.
Қара қылды қақ жарған,
Елімнің асыл дарасы.
Ажал құрық салған күн,
Адамның болмас шарасы.
Жақсы менен жаманның,
Жермен көктей арасы.
Кен байыту комбинат
Қоңырат, Балқаш қаласы.
Буынан түсті металдың
Үшқыны болып оталдың
Төзім ердің тірегі
Биікте қанша тұрса да
Туған елмен қауышып
Бірге соқты жүрегі.
Осы неге бәрін біз кеш ұғамыз,
Әділеттен жасқанамыз, бұғамыз.
Қазағымның бар жақсысын
Өз орнына қоя алмай
Ел көшкен соң санымызды соғамыз.
Ел болдық егеменді өсем деген,
Құтылдық зұлымдардан кісендеген.
Кімге артамыз жаланы енді кімге,
Бар билік қолымызда тұрған жоқ па.
Дұрыстап жолға қойып, шешем деген,
Куәсіміз кешегі өткен одақтың.
Дәріптеп жырға қосқан шешендерін,
Туларын төмен түсіріп

Қаралы әнін ойнатып
Шығарып салған жоқ па көзімізше
Оншақты ел басқарған көсемдерін.
Аққумен кездеседі тұрымтай да,
Ішінде өкініш болып кетті ме, аға,
Жер жүзінің қазағы жиылғанда,
Бір ауыз сөз алмағаның құрылтайда.
Күн өткен сайын биікке самғап өсесің,
Еш пендеге жібермеген есесің.
Атыңмен аға аталды туған жерінде,
Советтік даңғыл орталық үлкен көшесі.
Ашылып сырлар айтатын тіл бар
Әлемге аян ерлігің,
Жүзінде мұң бар, елің бар ұғар
Орнатады әлі құлпытас,
Ел басқарған жақсылар,
Еңбегінді ұмытпас,
Тағасың әлі шындықтың алтын алқасын,
Болмайды артық аталса сіздің
Атыңызбен Балқашым.

22 тамыз.

САҒЫНАМЫЗ СОЛ БІР БЕЙҚАМ КЕЗДЕРДІ

*Балқаш ауданы, Бақанас орта мектебін бітіріп
шыққан түлектердің жарты ғасырдан соң бас
қосуына орай
(1953-2003 ж.)*

Кезінде біз асау едік, тентек ек,
Бой түзедік ата-анаға еркелеп.
Жігіттермен бірге жүріп таластық,
Бала кезде болады ғой оғаштық.
Махаббат қой таусылмайтын әңгіме,
От айналмай қайта бірақ жарастық.
Қоштастық та бала күнмен, бал күнмен,
Сөйте сөйте келер күнге жол аштық.
Өмір жолы бұрылды да шалғайға,

Жастық шақтың елестері мәңгілікке
Өшпестей боп қалды ойда
Күндер, жылдар тоқтамайды зулайды,
Қайрылмайды, мойынын да бүрмайды.
Өмір өзен ағысына құлаш ұр,
Өткелінен өте алмасаң сол қайғы.
Адам қонақ бүгін бар да ертең жоқ,
Қайғырсақ та барымызға көңіл ток.
Тұлпарлардың тұяқтарын тай басып,
Тең ортада жүрміз біз де жай басып.
Кеш ұғамыз асыл заттың бағасын,
Күміс пен жез айыра алмай арасын.
Алтынбала, Өмірәлі, Тұтқабай,
Арамызда жүрмес пе еді қарашы.
Үмітпенен күтетұғын әр таңды,
Менмендік жоқ қыз мінезді дарханды.
Сырқат мендеп келе алмаған бұл күнге,
Еске аламыз бірге жүрген Науханды.
Солай достар,
Қанағат дейік әр іске.
Іңкәрбек пен Дихаш, Сақан, Зауытбек,
Аңқылдаған пейілі ақ періште.
Біз тұрушы едік күндей тұрып майысып,
Олар келіп шақырғанда вальске.
Билеуші едік факстрот, тангоны,
Әр дәуірдің өз қылығы бар мәні.
Айтшы жаным, қайда, қайда сол бір кез,
Енді бізді түсінетін жан кәні?
Сағынамыз сол бір бейқам кездерді,
Жанға жайлы инабатты сөздерді.
Топ ішінен жазбай іздеп табатын,
Күлімдеген мөлдір қара көздерді.
Жаным нәзік, көңілім көсір бір биік,
Көкірегім тұрар шабыт жыр құйып.
Қасиетті қара өлеңнің буына,
Шомыламын жабырқасам тұңғыйық.

20.05.2003 жс.

ЖЫР ОРАЛДЫ КӨМЕЙІМЕ ТАҒЫ БІР

Жыр оралды көмейіме тағы бір
Олар үшін мал мүліктің
Керегі жоқ бәрі бір.
Жол бойы, көпір үсті
Ығы-жығы халықтың арасынан
Жалынышпен қарайды қайыршылар
Көзіңді тайдырасын қарасынан
Гармон тартып отырады ақтарыла
Аумалы да, төкпелі шақта мына.
Қанаттанып елім дейді егіле
Қақысы да бар шығар мақтануға.
Өмір, өмір бірде жалын, бірде шок,
Патриот заман тыныш, көңіл тоқ.
Тағы бір ән бастап кетті кәрия
Жасымайды, өткен күннен белгі жоқ
“Қазақстаным, жасыл аймағым
Қуанышымды жасыра алмадым...”
Ызындап тұрып алды құлағымда
Созылтып салған әні асыл ағаның.

3.11.2003 ж.

ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВТЫҢ СОҢҒЫ ХАТЫ

*“Оқасы жоқ абақтыға жапқаны,
Өкінішсіз оққа байлап атқаны.
Бәрінен де жанға қатты батқаны,
Өз аулыңның иті келіп қапқаны”.*

МӘДИ

“Бірінші көк қағазға жаздым сәлем,
Түнеріп тұр ғой кәзір маған әлем.
Тордағы шырылдаған торғайдаймын,
Соққыдан солқылдайды бүкіл денем.
Бауыр ет бауырларым асыл анам,
Барлығың жүрсіндер ме есен аман.
Жаралы жүрегімде жалғыз үміт,

Нақақтан жапа шеккен сорлы балаң,
Елмен бірге бардым мен де алаңға,
Қалай сендік, мәнсіз мына заманға.
Ұлды ұрып, шаштан сүйреп қыздарды,
Қарулы топ жайпап салды табанда.
Жылқы малы алдырмайды жабысын,
Еркекпін ғой бойымда бар намысым.
Ей жігіттер, намыс қайда деген соң,
Бір сақшыны ұрдым рас сол үшін.
Жер басып жүр ол адам есен-аман,
Аждаһа ату болды менің жазам.
Зар еңіреп өзімді өзім ақтай алмай,
Әбжылан тергеушінің жазасынан.
Жаралған жанмын менде ет пен теріден,
Ең сұмдық зұлымдықты соттан көрдім
Ұялмайтын бес гектар беттерінен.
Әділ сот деген сөзге қалай сендім.
Қош бол енді ардақты әке, анашым,
Кім тілейді болмасын деп баласын.
Аяғыңа жығылайын, ақ сүтінді кеше гөр,
Жазықсызбын, кім ұғады жүрегімнің жарасын!”

9.05.2003 ж.

ӘКЕМ МЕНІҢ ШАРУА

Қиялдаймын асыл, әке,
Көз алдымда елесің.
Қысылғанда түсіме еніп,
Көмекке сен келесің.
Жылдар жылжып, күндер өтті,
Сен озғалы өмірден.
Тағдыр солай қарсылық жоқ,
Барлығына көнесің.
Әкем менің шаруақор,
Балық аулап, егін сап.
Отын тасып, шөп шапқан,
Киіз үйде аяз қарып,
Қыста көсеп от жаққан.

Жаз жайлауда малын бағып,
Төл өргізіп көктемде,
Қауын-қарбыз және егетін
Су жырасы өткелге.
Тұла бойы тұнып тұрған
Қайраты мол күш жалын,
Өмірде де еңбегімен
Кеудесін тік ұстаған,
Өмірдің дабылдарын,
Қасқайып қабылдаған.
Кешегі балғын күнді
Кім бүгін сағынбаған.
Әкенің орны бөлек,
Дейтұғын: “Жаным балам!”

9.11.2003 ж.

ЖЫР-ШАШУ

КЕРІМЖАНҒА (ҚАРЖАУҒА)

Күн өткен сайын ашылар тарих парағы,
Өмірде солай зымырап өтіп барады.
Үлкендер өтіп, кішілер басып орынын,
Ұрпақтар солай жалғасып өтіп барады.

* * *

Содан бері талай күн атты міне,
Өзі куә бір Алла пәктігіме.
Күн менен түн теңеліп, жер жібіген,
Сен туып ең, жан балам, сәтті күні.
Бір Аллаға жалынып сыр алысқан,
Атаң сонда жарылып қуаныштан.
Балалар жатқан бөлмеге жасырынып,
Тығылып кіріп кетіпті шыдамастан.
Алпыс үште болды да немерелі,
Қуанышқа жүрегі кенеледі.
Күш-қуаты бойында, сөзі пысық,
Нар түйедей жарықтық, денелі еді.
Апам сонда аналық мейір шашып,
Қолына алды баласын бетін ашып.
Құшағына ап, бетінен сүйгеніңде,
Тұрғандай боп көрінді асып-тасып.
Кішкене қыз-төрежан онда бала,
Қуанышқа бөленді үй мен дала.

Көкесіне ұқсатып атын қойып,
Аулақ бол деп тіледі бөле-жала.
Судың тұнық сүтімін кілегейлі,
Өмір сүріп жатырсың бірегейлі.
Бір Алладан ендігі тілейтінім,
Еліңнің жігіті бол сүбегейлі.

СӘУЛЕГЕ

Есіңе сап келіп отыр тоқтағым,
Біраз көрдің ұзын жолдың соқпағын.
Аяз еді 1984-тің 18 ақпаны,
Сол күні үйдің есігін сен аттадың.
Сол үлкен үй мен аттаған босағам,
Содан өніп, содан өстім Жасаған.
Сыйласып өт бір-біріңе қонақсың,
Өз көзіңше өтіп кетті неше адам.
Айгүл, Ақжол — болашағың, бақытың,
Солармен өтіп жатыр уақытың.
Ел тыныш боп, аман болсын балалар,
Керек емес алтын-күміс жақұтың.

ЕРЛАНҒА

Сен туғанда ботадай көзім жайнап,
Асыр салып жүруші ем салып ойнақ.
Істеген іс, жұмысқа тоймаушы едім,
Алға сүйреп жақсылық қаным ойнап.
Ол кезде тұрағымыз Саяқта еді,
Жұмыстан жанымызды аяп па едік.
Қырқыңнан шығардым да алып кеттім,
Жаман іс, жалқаулықты қалап па едім.
Әкеңнің сонда жасы жиырма бесте,
Айтып тұрмын осыны салып еске.
Әруағына бабаңның сыйынып жүр,
Аллаға тағзым етіп әсте-әсте.
Үш жаста сені алып келдік үйге,
Апам, Жәкем отыр деп қандай күйде.

Кіргізіп сені үйге жібердік те,
Жасырынып көрінбей қалдық мүлде.
Атаң сонда құшақтап күле-сүйе,
Алпыс екі тамыры босап жүйе,
Бір көрмеген өзінді жазбай танып,
Қуаныштан көздері жасқа толып,
Деп жатты “болмаса кішілігі құтты түйе...”
Бір-бір үй болды міне, бұзықтарың,
Қалайша келтірейін сызып бәрін.
Айкошка, Ақбота мен Шыңғысханды,
Қолынан ұстап жүріп қызықтар ең.
Қоғалы қалың өскен камысындай,
Сандумен сырлас еді абысындай,
Күніне бір көрмесе тұра алмайтын,
Кейде тығып беретін табысын да.
Жиған-терген мүліктің бәрі де тұл,
Саған айтып отырған ақылым бұл.
“Ұлық болсаң, кішік бол” деген сөз бар,
Құдайсыз құрай сынбас осыны біл.
Ойланғанда жуасып ақыл жүйем,
Жаңа туған баладай күйге енем.
Жатсам, тұрсам Алладан тілейтінім,
Қысылғанда қуат бер, жалғыз Ием.

АЙМАНҒА

Ақыл сөзден кенде емессің бұрын да,
Арналады саған асыл жырым да.
Жаман қылық, оғаш сөзден аулақ бол,
Жақсылардың жанында бол, ығында.
Айым Айман, орның бөлек өзгеден,
Мақсатыңа жетсең екен көздеген.
Денің сау боп қатар жүрші теңіңмен.
Тілемеймін бір Алладан өзге мен.
Арпа ішінде бір бидай, жаным Айман,
Алады деп ойлама сөзді қайдан.
Орнын тауып сөйлеген ол да өнер,
Отыру жарамайды бекер жайдан.

Екі балаң серігің Мақпал, Мақсат,
Туғаныңнан тілеп ем саған жақсы ат.
“Қыз бала қырық шырақты” деген сөз бар,
Қысылма, қиындық та өтер әп-сәт.

МЕЙРАМҒА

Үлкен үйдің иесі ойың биік,
Кілтін бер деп айтқан-ды әкең сүйіп.
Әруағына бабаңның тағзым еткін,
Саған соны ұйғардым ойды түйіп.
Еш кірбің жоқ көңіліңде ойың таза,
Бір Алла өзі біледі неден қаза.
Сен қуансаң қуанам тыныш ұйықтап,
Ренжісең кетеді менен маза.
Сүт тауысқан кішкентай кенжетайым,
Дәм қосылмай кім білер кімнің жайын.
Құдайым мәртебенді биік қылып,
Алдыңнан жарқырасын күн мен айың.
Екі балаң жалғасың Санжар, Сырым,
Батыр болсын деп қойдым етіп ырым.
Гүлшатыңмен қоса ағар, ұзақ жаса,
Өзіңе арналады осы жырым...
Келмейді ұйқым, бұзылып көңіл,
Кеудемді қысып тұрғандай темір.
Құшағыма алып шығармас едім,
Көнбейді оған бұралаң өмір.
Жортқанда жолың болса екен, ботам,
Жолыңнан қақпа деп еді папаң,
Алладан сұрап тілеймін медет,
Кешірет Алла болса егер қатам.

ЕРЖАНҒА

Ол кезде нашар еді елде тұрмыс,
Белгілі еткен еңбек, істеген іс.
Саяқтан көшіп қайта келген кезде,
Басталып жатыр екен жаппай құрылыс.

Мың тоғыз жүз алпыс бестің күзінде,
ПМК-ға орналасып, ілініп едік тізімге.
Жолың жеңіл, нәсіпті едің, жан балам,
Ең бақытты жылдарым бұл кезінде.
Бақытты едік жүрсек тағы жырақта,
Төздік шыдап, өмір тосқан сынаққа.
Сенде міне, асып тұрсың отыздан,
Мініп алып өмір деген сұр атқа.
Туғаныңнан жолың жеңіл, Ержаным,
Аман болсын екі балаң, мал-жаның.
Қосағыңмен ұзақ өмір сүріңдер,
Орындалсын алға қойған арманың.

ЕРМЕККЕ

Бұл сөзді ауызға алам ылғи-ұдай,
Деген сөз бар “жалғыздың жары құдай”.
Үйленіп үйден ұзап кеткенімде,
Ата-анам қапа болды жылай-жылай.
Ол кезде қайдан болсын бізде билік,
Ата-ене айтса болды соған көндік.
Бер деді шал-кемпірге ермек болсын,
Өзің де содан туып, содан өндің.
Сан сұрақ мазалайды сауал сұрап,
Қиыннан қиыстырам сөзді құрап.
Еңбектеп жүргеніңде жеті айлық,
Ата-анам алып кетті сені сұрап.
Мақтанышым, мақтанамын әкем деп,
Еш пенденің ала жібін аттамаған әкел деп.
Келгенімде қуанатын балаша,
Жаным құрбан “көкем” келді, “көкем” деп.
Анам, анам, асыл анам, жан анам,
Бір өзіңе теңеу таппай қиналам.
Кешір мені айтпаушы едім анам деп,
Бір өзіңсің өмірге әкеп, “жарық дүние сыйлаған”.
Содан бері өтті міне, сан жылдар,
Деген сөз бар “орнында бар оңалар”.
Ата-анамның көк түтінін түтетіп,

Оғашының иесі болып қалдыңдар.
Бауырымсың, айналайын, Ермагім,
Қызығың аз, бейнетің көп көргенің.
Бауырым мен келінім бар деп айтам,
Кімдер қалды деген кезде елде кім.
Балаларың, өсіп міне, өзің де,
Келгеніңде жас үйірілер көзіме.
Қыз да болсам серік болғам бәріңе,
Балаларың маған тартып, серік болсын өзіңе.
Байлығына қызықпаймын басқаның,
Ел тыныш боп, ашық болсын аспаның.
Ермек, Мейраш қызығын көр қыздардың,
Үйің толсын немереге, ұзақ болсын жастарың.

ЛӘТІПКЕ

Бәйгеге түстің, тарланым,
Әділет болып арманың.
Кесіп өттің жолын сен,
Құзғын менен қарғаның.
Еліңе адал еңбек ет,
Әлсіздерді жылатпай,
Қиянат қылып орынсыз.
Жылатқандарды ұнатпай.
Өте шығар бұл жалған
Қолыңнан бір күн сынаптай.

БАҒДАТ-АЛМА

(Үйлену тойына құттықтау)

Балдырған, Тельманменен асыл тұлға,
Өсірдің Алмушаны балап ұлға.
Мың жылдық құдаларың құтты болсын,
Ұқсап тұр екі балаң күн мен нұрға.
Бағдат — Алма қажырлы бол қуатты,
Жылуын шаш айналаңа күн нұрындай шуақты.
Бақытты бол деп жатырмыз бәріміз,
Бақыт еңбек, бар көзін аш,

Ағылады ол қайнар бұлақ сияқты.
Қайырымды бол, шыншыл бол,
Аулақ бол өсек-аяннан.
Тек сол үшін қалған аңыз,
Қозы Көрпеш-Баяннан .

ТӘҢІРІНІҢ БІР АТЫ ШЫНДЫҚ
(Зарыққан Есілбай тегіне)

Шындықты айтып қарағым,
Алға қарай ұмтылдың.
Әділет жолы ауыр жол,
Бір жығылып бір тұрдың.
Құс қонбаған көл жетім,
Намысы жоқ ел жетім.
Осындай қиын кезеңде,
Жарқын болсын келбетің.
Тоқтатпайды бұл қазақ жамандықты,
Соның бәрін көтерген адам мықты.
Тоқтатпайды, жақсысын ұра берген,
Қарасын көрсе болды құба белден.
Адам түгіл малды да
Ұра берді,
Солай ұрып өлтірген Құлагерді.
Тоқтатпайды сыбыр менен өсекті,
Артжағынан лақтарады кесекті.
Түземейді еш адам
Бейілі бұзық пендені.
Күн өткен сайын жарасып,
Осылар қазір өңденді.
Осының бәрін айтқанмен,
Ұғатұғын ел емес.
Көтерген мен кеудесін,
Жақсыға жаман теңелмес.

АХМАТОВ ВАХА УСАМУҒЫНА

Көз ауру институтында, 24 бөлмеден
Кездестірдім Грозныйдан оралған шешен шалын,
Ажал жетіп өлмеген.

Нар түйедей кесек екен жарықтық,
Бала-шаға, келіндері күнде екі рет
Келіп жатыр қарық қып.

Үлкендерін сыйлаған,
Жамандыққа қыймаған
Тұрғандай боп елес берді
Бір ұлттың тағдыры.

Инабатты әдет-ғұрып.
Салт-санасы таң қылды.

Жақын барып сыр тартып ем,
Қиялымды қозғады.

Білмей қалдық екеуміз де
Уақыттың озғанын.

- Жауыздыққа тоймаған,
Қиянатшыл оңбаған,

Жерден ауып көшеміз деп,
Жан болған жоқ ойлаған.

Бұл оқиға 23 ақпан еді,
1944- тің қысында.

Аяқ асты қоршауға алып,
Шешен халқын алды жаман қысымға,

Әрине, бұл Сталиннің тұсында.

Жан туған ба оған қарсы келетін,

Келсе егер сұраусыз боп өлетін.

Осылайша шешілді де,

Шешендердің тағдыры

Көздің жасы көл боп ағып,

Жерден ауыл қаңғырды —

деп бастады қария.

Бізден озық көш бойы,

Ойы неткен дария.

Оның бәрін ойыма алып айталман,

Он үш жылда оралдық біз қайтадан, —

деген кезде мен ойладым:
Шешен халқы ер-ақ екен майталман.
Міне тағы
Мың тоғыз жүз тоқсан бестің басында
Қан төгілді,
Бейбіт жолмен шешілмеді.
Сөздер кетті жасынға,
Деп қария мұнайды,
Тағы босқын,
Қайда апарар
Баратын жер белгілі.
Қойдан жуас қазағымның елдігі,
Сексен мың
шешен халқын бауырына басты да,
Елік сүтін емізді
Әлемге аян дархандығы кендігі.
Егеменді ел болам деп жар сала,
Қарсы шығып қанын төкті қаншама,
Бір миллион халқы бар шешенге
Алла қуат берген екен сан-сала.
Егеменді ел болуға талпындың,
Санына да қарамадың халқыңның...
Біз іргелі елміз — қазақпыз,
Қуанышың құтты болсын жалпыңның.

АУДАНЫМ ҚҰТТЫ БОЛСЫН 60 ЖАСЫҢ

Ауданым құтты болсын 60 жасың,
Домалап өрге өрлесін малың-басың.
Ақкөңіл жырға толы жүрегімнен,
Торқалы тойыңа арнап шашу шаштым.
Ауданым, шықтың алпысқа,
Міне, бүгін марқайып,
Қалжанбай, Қоңырбайлар Қалықпенен
Ауданның қамын жеуден жалықпаған.
Анятолла, Ырғай мен Пияз-Асан
Қалады ел есінде жырдай дастан.
Көңілім жүдеу тартады қариясыз,


Дау-дамай бола қалса ел ішінде,
Жібермей сотпен тергеу талқысына,
Тоқтамға тоқтататын жариясыз.
Мамандар сызып жобасын,
Мөлтек аудан құрылды.
Шахмат асфальт сән түзеп,
Көшелер бойы сызылды.
Іле бойын қуалай,
Орналасты он совхоз.
Алтын дәнді ақ күріш,
Мөлдір суда ырғалды
Көз көрмеген бұрынды.
Әлі көп қол жетпеген табыстарың,
Қорғайық ауданның біз намыстарын.
Белгісіз су түбіне кетіп барады,
Сексеуіл, ондатр мен қамыстарым.
Ауданым алыс емес астанаға
Ақындар жыр төкпей ме, жасқана ма?
Дұрыстап бар байлықты пайдаланса
Болар еді орнатуға тастан қала.
Заман тұр алдымызда еркіндеген,
Кім қалады шындықты серпінбеген.
Он алты квартирдің тұрғындары,
Қыздай боп қыста кетеді төркіндеген.
ДКВР котелі тұр мұнардай боп,
Қарайды халық оған жылардай боп.
Байлығын ауданымның қорғайтұғын,
Туса екен бір азамат Тұрардай боп.
Бет бұрысқа мән беріп,
Туралап қара жастарым,
Өзара сынға алыңдар,
Қыдырымпаз мастарын.
Азаматы болыңдар,
Халық қамын жоқтайтын,
Әрбір істі саралап, әділетке тоқтайтын.



Отбасымыз: Сағындық, Сембала, Керімжан, Ермек, Ерлан,
Ержан, Айман, Мейрам.



Сембала, балам: Мейрам, келінім: Гүшат, немерелерім:
Санжар, Сырым, Олжас кішкентай Нұрәмір.



балам: Мейрам, келінім: Гүшат, немерем: Нүрәмір.



немерем: Нүрәмір.





Керімжан, Сәуле, немерем Ақжол шөбере Нурәлі



Бекбергел, күйеу бала Нилтай, Бақтыбек, Бағдат, Алмас,
Айжан апам Алтын.



Шашубайдың шөбересі



Немерем Максат Айнуур



Ерлан, Сандуғаш, Айгерім, Акмарал, Шынғысхан, Ерасыл



Эльмира, Алима, Мадина, Гүлмира, Бауыржан,
Үлді, Миращ, Ермак, Назерке, Анар, Батырхан.



Балам Ернар келнім Сандугаш



Немерем Айнуր




Немерем Макпал күйеки Бауржан, баласы Арнур



Сагындык бауыры Есболат



Немеренім
Сембал



Нуркерім ата




Менің анам
Әбсукызы Дәмеш



Жолдасым Сағындық



Немерем Айгүл жолдасы Жандос шөберем Нурәлі




Сағындық папа



Мен Сембала немерем Санжар



Енем Алтын балаларым Керімжан, Ермек және мен Сембала



Сағындық жолдестарымен.

ҒАЛИЯ ӘНУАРБЕКҚЫЗЫНА

Тауды сұлу көрсетеді,
Ағып жатқан бұлағы.
Екі көзі адамның —
Жанып тұрған шырағы.
Ол болмаса не керек
Дүниенің тұрағы.
Ұста менен зергерді
Қыздар үшін жаратқан.
Бақсы менен балгерді
Біздер үшін жаратқан.
Зәуреш пенен Ғалия
Айтатұғын ақмаңдай.
Қолы жұмсақ мақтадай,
Ұнамаса кірпігің
Қиып тастап ілезде
Жасап берер басқадай.
Рахмет сендерге
Ақ халатты дәрігер.
Қысылғанда жаныңда
Болып жүрер әбігер.
Сегізінші наурыз —
Халықаралық мереке.
Егеменді еліме
Тілеймін бірлік береке.

ПЕРМЕШКЕ

Шөл жерге жусан өсер аңдыз-аңдыз,
Қалып ек екі анадан екі жалғыз.
Балалық он жасыңды шегергенде,
Қырық жасың өте шықты болып аңыз.
Елуде елеулісің асыл бөлем,
Құттықтап жарасады жазсам өлең.
Қызығын балалардың көріп тегіс,
Орнасын бейбітшілік мәңгіге әлем.

МӘДИНАҒА

Қош енді,
Қош бол, асыл қыз.
Жиналып халқың егіліп,
Барса келмес сапарға
Шығарып салып жатырмыз.

Бір нәзік үніңменен,
Ешкімге ұқсамайтын,
Биікке самғап едің,
Бір талмай құс қанатың,
Санқилы сазды әуенің.
Жүректі шымырлатып,
Ризамын тағдырыма,
Деуші едің бір үн қатып
Тағдырың шығар мүмкін,
Өзіңді асықтырған.
Қазақтың қыз жібегі
Теңінен асыл туған.
Иіліп үн қосады,
Еліңнің бар анасы,
Сендей-ақ болар, қалқам,
Әр елдің “Мадоннасы”.

28 қараша 2000 ж.

ИСАБАЛА ЖЕҢГЕМЕ

Әр сенбіде барушы едік моншаға,
Мінезім бар кейбір сөзді елемейтін оншама
Бәрі таныс бір ауылдың түлегі
Біреу ойнап, бірі әзілдеп , итерісіп күледі.
Ойда жоқта бір жеңгем кеп
Ту сыртымнан құшақтап
Дегені ғой әй, әке қыз, бізбен бірге неге жүрсің
Кеткенсің бе ұсақтап.
Түсінбедім , мен әлі күшімдемін,
Деп оған қарағанда, жеңгем сонда:

“Ер адам әйелдерменен бірге жүру жараған ба?
Біз сені ерге балаймыз,
Сондықтан ерлермен бірге шомылуды қалаймыз.
Рахмет сенің асыл сөзіңе,
Бір ауыз сөз жас келтірді көзіме.
Сол жеңгем өмірден бір ерте кеткен,
Қыздарды ұлға балап еркелеткен.
Айналайын ақ ниетті асыл туған, жеңешем,
Ақын деген ат не керек
Сіздерге арнап бір ауыз сөз демесем.
Мұңдасып, сырласқанда айбар берген,
Қайынсіңлі, қайнысын жандай көрген.
Елеусіз көзге оғаш көрінсең де,
Сендерге кім жетеді, қайран жеңгем.

ӘСЕТ, ҚАНШАЙЫМ, КҮЛИПАН, ЖЕКСЕНБИКЕ АПАЛАРЫМА

Әрине, мен бәріне ерікті едім,
Төмен тұрып сіздерге еліктедім.
Бақыт құсы қолыма қонбаса да,
Еліктеуден бір сәтке зерікпедім.
Сауысқандар қашты ма үймелеген,
Шапан жауып түймеңді түймелеген.
Жарамсақ пен жалпаңнан сақта, Құдай,
Деймін дағы жаңаша күйге енем.
Қос бұрым белге түсіп қасқалаған,
Биіктеу тұрдық біз де басқалардан.
Мың күн жолдас болғанша жаманменен,
Бір нақыл сөз естісек жақсы адамнан.
Рас сіздер биіксіздер,
Көп қараған ынтығып күліп көздер.
Рас сіздер дарасыздар,
Көре алмаған күншілдер, санасыздар.

СӘКЕ

Сәке, сізден бір тілегім, арызым,
Дарын болу міндет емес,
Адам болу парызын.
Дүниеге бекер келіп, құр кетпей,
Жүрген жерге қалдырады нар ізін.
Жақсы жандар іздемеген мансапты ,
Жүрген жерде сауық құрып, өн сапты.
Қырық сегіз жыл аттан түспей Қабанбай,
Егеменді ел болуды аңсапты.

КЕРЕКЕҢЕ

Қуалайды көлеңке қалыспайды,
Күндер өтіп зымырап алыстайды.
Құттықта елуімен қайынды деп,
Мазасыздық кеудемді жаныштайды.
Елу емес, сенбеймін, мырза шырақ,
Бақ қонып, қыдыр дарып, оздың жырақ.
Отызда орда бұздың, асыл қайным,
Елу жас ердің жасы, саспа бірақ.

ТӘУІП МОЛДА ҚАМБАРБЕК

Тәуіп молда, Қамбарбек,
Сізден алған әсерді,
Кім айтады жалған деп.
Халқың үшін шарқ ұрған
Өн бойыңда арман көп.
Осынау қиын заманда
Ауру-сырқау жандар көп.
Айтқанымның бәрі рас
Жылым судай жылпостар
Басбәйгені алған көп.
Сыр бермейтін сарбаздар
Көлеңкеде қалған көп.
Партияға бас иіп,

Саждеге басы тимеген,
Қырма сақал тас маңдай
Алпыстан асқан шалдар көп.
Өлгеніміз тіріліп
Қайтарылған заңғар көп,
Егеменді ел болдық
Жазылмаған заңдар көп.
Үлкеннің тілін алмайтын
Орта буын жастар көп.
Соңына түскен арақтың
Қыдырымпаз мастар көп.
Абайламай жар бассаң
Құлайтұғын күздар көп.
Ананың тілін алмайтын
Тайтаңдаған қыздар көп.
Сүйрендеген қызыл тіл
Ши жүгіртіп араға
Ағайынның арасын
Алауыз ғып бұзған көп.
Жылы сөзбен жылыттың,
Жүректерін ананың.
Селт еткізіп сергіттің,
Ұйықтап қалған сананы.
Тілейміз біз Алладан
Жасың ұзақ болсын деп,
Айналайын қарағым.

ТӨРЕЖАНҒА

Сақаң анау өмірден ерте кеткен,
Бәріңді құшағына ап еркелеткен.
Алпысқа толсам-ау деп армандап ед,
Жазылған өмірді ол желкен еткен.
Ризамын бергеніне тәңірге,
Әлі есімде ұмытпаймын бәрін де.
Өткендермен ақылдасып, сырласып,
Араласып, бірге жүремін кәдімгі...
Ертеде билік құрған Әмір-Темір,

Бетіне жан қаратпай етіпті өмір,
Біздің де қатарымыз сиреп қалды,
Қамшының сабындай-ақ мына өмір.
Кімге қалай, маған бірақ артық туған тұлғасың
Менің 60-жасымда сен
Айта алмадың турасын.
Менің өткен өміріме
Жалғыз куә өзіңсің.
Өйткені сен
Меніменен бірге өсіп,
Сақаңмен бірге туғансың.
Айта алмадың Төрежан
Айта алмадың,
Бұрыңғы әуеніңді қайталадың.
Жақсы сөз
Жан семіртер деген сөз бар
Ешкімге теңгермейтін, майталманым.
Кәрілікті ойлап па ең жас шағыңда,
Алпыс та келді міне, қас қағымда.
Алпыстан ас, сексеннен секіріп өт,
Бала шаға, немере, шөбереңнің қастарында.

ҚАЙЫНСІҢЛІЛЕРІМЕ

Маруки, Бухан, Нілтіш сәлем бердім,
Ағаңның сөзіменен мәнерледім.
Алпысқа келген де бар, келмегенде ,
Құтты болсын айтуды кәдем дедім.
Мен бүгін толғанам,
Қаламымды қолға алам.
Сен үшеуің алпыс жасқа толғанда,
Сәлемім бұл шын жүректен жолдаған.
Санатына қоса алмаймын көрінің,
Сұлусыңдар болмағандай әлі тым.
Біте қайнап бірге өскен, қыздар-ай,
Өздеріңсің бір бөлшегі жанымның.
Болды әрине, қарсыласқан кездерім,
Бірақ-бірақ кінәлі оған өздерің.

Сүйреп келем әділеттің ақ-туын
Қамын ойлап өзімнің де өзгенің.
Айтыңдаршы күміс емес, жез бе едім,
Бірақ оны сезсендер де сезбедің.
Жібергем жоқ еш адамға есемді,
Тура жолмен мақсатымды көздедім.
Бекберген, Қалтай сері және Манап,
Үш қызды алып еңдер аттай қалап.
Үйінде ұл менен қыз немерелер
Солардан туған жоқ па өрбіп-талап.
Бекберген, Қалтай сері және Манап,
Той қазына, қойылса арақ-шарап.
Белгілі енді 60 жыл жасамасы,
Сондықтан отырмандар босқа қарап,
Қалдыңдар неге үндемей төмен қарап.

САРА ЖЕҢГЕМЕ

Асыл Сара,
Артық туған жеңешем.
Ей, ақжігіт,
Неге ұмыттың деме сен.
Ата-анамның
Көзін көрген көнесің
Ауыл алыс, жер шалғай
Бірақ-бірақ көз алдымда
Тұрады ылғи елесің.
Алтын ұям,
Бал-дәуренім балалық,
Берік ұстап
Қазақтың салт-санасын.
Мейір шашып аналық,
Алып қосар бізде қайдан
Болсын оған жаңалық.
Есінде ме? Екі үйіміз
Жолдың екі шетінде,
Саманнан соққан,
Тұратын желдің өтінде.

Шатыры жоқ, қабырғасы аласа,
Алаша, сырмақ төселген еден үстінде
Ойнаушы едім өзіңменен балаша.
Шіркін сол кез
Неткен қызық, тамаша.
Есінде ме?
Алғаш кімді сүйгенім...
Бұйрық па, кім біледі білмедім.
Өр көңілім бой бермейтін ешкімге,
Сол адамға басымды алғаш игемін.
Есімде әлі
Көрші-қолаң, аймағым,
Өсіп өнген жерден шыққан адам деп,
Ырым жасап шақырып ап өзінді
Ең алғашқы ақ төсекті
Өз қолыңмен жайғаның...
Сенің қолың ырыс болды, құт болды
Өсіп өндім, үй ішіне жүк толды.
Пайғамбардың жасын жасап бұл күнде
Келін түсіп, қыз ұзатып немерелер жүп болды.
Көпті беріп, азды алам
Қуанам кейде, назданам.
Ұрпағымыз сағымдай Сарыдаланың.
Қартайдық қой күйін кешіп баланың.
Өз қызығы өзімен, бәрі кетіп жұмысқа
Үйде жалғыз қаламын.
Кейде отырып қуанамын балаша,
Кей уақытта қисынсыз бір наламын.
Ел тыныш боп, аман босын балалар
Мен үшін сен “жеңешем” келіншексің баяғы,
Ал мен саған “ақжігіт” боп
Қыз күйімде қаламын.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН АСҚАРАЛЫ АЛПЫСЫҢ

Реке, алпыс келіп тұр алдыңызға
Шынымен осыған сіз нандыңыз ба?
Сендің бе, сенбей әлде үрке қарап

Кәріліктің басы осы деп қалдыңыз ба?
Кәрілік өте шығар бел сияқты,
Тізеден көшіп өтер көл сияқты.
Атаймыз еркелетіп ер жасы деп,
Жігерлі қыз кезіңе тең сияқты.
Бауырларың болсын аман түсінетін
Жасыңнан жақынсың сен кісіге тым.
Өзіңнен, өзгеден де алыстамай,
Кәрі жасты тартасың ішіңе тым.
Не айтамыз өмір деген шіркінге
Мұрса бермей айналдырады күлкіге.
Күн артынан күндер жылжып апырай,
Қатарымыз қалды сиреп бұл күнде.
Қолыма қалам алып өлең жаздым
Өмірдің кім біледі көбін-азын.
Әуелде басқа пәле тілден деген
Бір ауыз ағат кетсе сөзің жазым.

АҚЖҮНІСКЕ

80 жасқа толуына орай

Жалғзынды жетектеп
Қиындықты өткіздің.
Қыйыстырып қыйыннан,
Сөзді өлеңмен жекіздің.
Асыл туған, жеңешем,
Сексенге келіп өрледің.
Есінде қалсын көптің деп
Суретке түсіп белгілеп
Неге билеп бермедің.
Қанша болса жақсылық,
Оған адам тойған ба?
Көз жүгіртші өткенге,
Бір азырақ ойлан да.
Берсем жүзді көп болмайды,
Бұйырған болады болжамда.

1989 ж.

ӘУЕЛЕП ӨСКЕН ҚОС ШЫНАР

*Жандос, Назия! Сендердің заңды некелерің баянды,
жастарың ұзақ, үбірлі-шүбірлі болуларыңа тілектесің.*

Алатауым асқар бел,
Қоныстанған төріне.
Үйсін, дулат, жалайыр,
Арғын, найман қалың ел.
Мөлдір бұлақ, көк құрақ,
Айналасы кең жайлау.
Топырағы торқалы,
Шөбі шүйгін жұпардай.
Берекелі кең қолтық,
Сары қымыз сапырған.
Көктөбеден еседі
Дертке шипа қоңыр жел.
Нұрсұлтандай Ел басы
Ақылы дария пейілі көл,
Ел бағына туған ер.
Сыйласарлық тектінің
Кім танымас нұсқасын,
Өзімшілдік ептіні
Несін халық ұстасын.
Қазақ, қырғыз арасын
Бөліп тұрған қарасаң
Қара қия қасқа жол,
Қыз алысып, қыз беріп
Араласып кеткен ел.
Аты қалған тарихта
Сүйімбай мен Қатаған,
Қоңырбайдың асында
500 жылқы матаған.
Ағат сөйлеп Қатаған
Жеңіліс тапқан катадан.
Қырғыздан асып туған Шабдан Манап,
Полковник шені бар киген Жанат.
Қырық кісі қасында нөкері бар,
Үйінде Ноғайбайдың болған қонақ.

Жетісуда бағы үлкен Ноғайбайдың,
Жарығы бірдей түскен күн мен айдың.
Үш жүзге әділ болған өз Төле би,
Өтеген тұқымы екен Малдыбайдың.
Аты неткен әлемге
Екі елге ортақ Шыңғысым,
Кейінгі ұрпақ мадақтап
Осыларды жыр қылсын.
Жамбыл менен Тоқтағұл,
Кенен менен Алымкүл.
Қыз мінезді сыпайы,
Ел басқарған Асқардың.
Манастың әуе жайына
Қондырды деп айтып жүр
Ұшақтарын басқаның.
Тыныштық орнап еліңе,
Ашық болсын аспаның.
Сөз қозғадым қиядан,
Тұлпардан қалған тұяқ ем.
Менде бір жырды бастадым
Кездесіпті екі жас,
Қызмет жасап жүргенде.
Жастық шақ маза береме,
Не жетсін ойнап күлгенге.
Малы, басы аман ба?
Үндістан деген еліңнің.
Әруағы жар болсын,
Джаврхарлау Нерудің.
Көптен мұны күтіп еді,
Қайным мен келінім.
Екеулеп енді ақтаңдар,
Ата-ананың сенімін.
Шашу шашып тойыңа,
Жырымменен еледім.
Есеппен бермей төсекпен,
Өмірге келсін бөбегің.
Екі жақсы қосылса
Ақ жарылып күн туар,

Әуелеп өскен қос шынар
Қосағыңмен қоса ағар.

06.08.2003 ж.

ЕРЛАН-САНДУ

*Бата балаға азық,
Әке арқан, шеше қазық*

Теңіннен қалмай талпынып,
Еңбек етің белсеніп.
Дүние-мүлік қызмет,
Аз алданыш жол серік.
Бәрінен де ең қымбат,
Өмірлік жарың жолдасың
Қасындағы сол серік .
Уақыт өтеді зымырап
Көзді ашып жұмғанша,
Сенде, күнім, мінеки
Көз алдымда отырсың
Орта жасты еңсеріп.
Анаң ұя,
Әкең биік тірегің.
Алдарында тұрды даяр
Іздегенің –керегің.
Балаң бақыт,
Болашағың мұратың
Қысылғанда
Қарсы алдында тұратын
Құтты болсын, Ерланым,
Тұрақ жайың мекенің.
Естерің кіріп есейіп,
Түсіндіңдер ме, күнім,
Өмірдің не екенін.
Игілігіңе жаратып
Өздерің тұрып қызықта,
Басыңа бас қосылып
Үйлерің толсын бұзыққа.

28.01.2002 ж.

ЖЫР-ЖОҚТАУ

АРЫСТАНЫМ-ЗАҢҒАРЫМ

*Өмірлік серігім Нұркерім баласы Сағындыққа
Мешін жылы 11 ақпан 11 сағат
15 мин. (1992 ж.)*

Ата бір дәстүр салтымен,
Баз-баяғы қалпымен,
Арысымды жоқтаймын,
Айналайын, көп қауым,
Өздерің айт тоқтауын.
Келмеске бет бұрдың ба,
Ақ Еділім, Жайығым,
Бала мінез ақкөңіл —
Бойыңда жалғыз айыбың.
Он жеті жаста қосылған
Арыстаным, Заңғарым
Тал бойыңда тарыдай
Қулығы жоқ аңғалым.
Жиып терген мал мүлік
Әйел бала-шағаның,
Көрдіндер ме, ей жұртым,
Артыңда бәрі қалғанын.
Осыдан-ақ байқандар
Бұл дүниенің жалғанын,
Отыз бес жыл отасқан
Өз қызығым, серігім,
“Мамаң біледі бәрін” деп,

Билік деген жалғанның
Беріп қойған ерігін.
Қисайды-ау есік жақтауы,
Өмірдің бар ма тоқтауы,
Кешегі өткен көп боздақ
Айтылмай қалған жоқтауы.
Қатарыңнан қарағым,
Оздырайын оқ бойы.
Батыр да өткен, бай да өткен.
Манап та өткен, жай да өткен,
Аман болсын балалар,
Артықпын ба мен көптен.
Ерте кеттің өмірден
Арыстаным, тірегім,
Елемедің кезінде
Ден-саулықтың керегің.
Өзіне аян Алланың,
Бір-бірінен пендесі
Көріп жатады дер едім.
Анамдай болып зымыратқан ұршықты
Бір түн өтті, тағы міне, күн шықты
Көз алдымда көлденендеп көлеңкең
Жалын атып кеудемнен бір үн шықты
Өмір кеме, отыз бес жыл бірге жүздік желкендеп,
Тыңда досым, мен де саған сөз сыйлайын көркемдеп.
Разы бол бала-келін, бауырға,
Сенен өніп, сенен өстім өркендеп.
Із-жолымыз жарасып, мәртебемді өсірдің,
Артық ауыз сөз болса оны да сен кешірдің.
Сенің арқаң сүйіктім,
Қатарымның алды боп, кермаралдай есілдім.
Қосылса басы жақсылар әңгіме дүкен құрады,
Тамағы тойса ойсыздар ұйқыға мойын бұрады.
Күні біткен күнде өтер,
Бүгін сені аламын деп Алла кімнен сұрады.
Тынымсыз ойдың барлығы сағыныштан туады,
Бақ оралса жаманға дүние мансап қуады,
Қайғы келсе жақсыға,

Тәуекел Алла, көндім деп белін бекем буады.
Пеш түбінде қаупиып отырғаныңды сағынам.
Кейде бір “ішіп” миымды қатырғаныңды сағындым.
Әңгіме дүкен екеулеп құрғанымызды сағынам.
Қора қопсы тазалап тұрғанымызды сағынам.
Ерте тұрып ұйқыдан кеш жатқаныңды сағынам,
Түтінім түзу шықсын деп пеш жаққаныңды сағынам,
Шаршадың-ау Сәке, деп үн қатқаныңды сағынам,
Мезгілсіз бітпес тірлікпен түн қатқаныңды сағынам.
Сағынам да ағылам...

Қолдан келер шара жоқ сағынғанда неғылам,
Мезгілсіз ерте өмірден жиналғаныңа қиналам,
Бір шыны шай өңешке сыймағанына қиналам.
Мойын бұрып жуасып,
Шамаң келмей бір сөзге қиналғаныңа қиналам,
Қасіретті қаралы жыл мешінде,
Он бірінші ақпан әлі есімде
Қара құлып бір уыс кілтімен
Өз қолыңмен бердің, қалқам, түсімде.
Айналайын атыңнан ақ еділім Сақам-ай,
Бір сөз айтсаң тыржиып отырушы едім жақамай,
Кешір қалқам, кеш мені,
Сұм ажалдың келгенін
Білмей қалдым байқамай...

ТАҒДЫРДЫҢ ІСІНЕ НЕ ШАРА...

(Бекберген мен Әжеқызға)

Алпысқа келіп ей, Беке,
Пайғамбар жасын жасадық.
Торқа киіп, той бастап,
Жал мен жая асадық.
Жақсылыққа кім тойған,
Берсе көңіл тасады.
Өзі берді өзі алды,
Алладан кім асады.
Ойламады қалайша,
Сүйген жарын, анасын.

Қос балапан көзінің
Ағы менен қарасын.
Төтенше келген бұл өлім,
Ұлғайтты жүрек жарасын.
Қанша күндік кім білген
Жер мен көктің арасын.
Жаратқан бірақ ешкіммен,
Ақылдаспайды санасып.
Қолдан ешкім бермейді,
Өзінен туған баласын.
Бұйрық келсе Алладан,
Қарсыласпай барасың.
Қолыңнан ұшып ақ сұңқар
Көтерілді қияға,
Балапанын қалдырып
Орналасты ұяға.
Ойласаң ойың жетпейді,
Ақылға осы сия ма?
Дүние мүлік жиһазды
Қалдыру үшін жия м?
Бақытбек сынды уызды
Өлімге адам қия ма?
Адамдар бірақ өлмесе
Жер бетіне сия ма?
Басыңды көтер, Бекем-ай,
Қайғыға батып, күрсінбе.
Құмар едім бұрыннан,
Өлең деген шіркінге.
Ал, сөйлейін тыңда енді,
Қызыл тілім іркілме.
Сыпырып тастап қайғыңды,
Көтер басты сілкін де .
Жарыла жаздап жүрегің,
Қайғыдан әбден жүдедің.
Екеуің бірдей жыласаң,
Сырқырады сүйегім.
Асыл да жанның бірі едің,
Өзекті жанға бір өлім.

Солғын тартты реңің...
Қалғаны аман болсын деп,
Алладан сұрап тілегін.
Орнында бар оңалар,
Ақылың жетеді білемін.

ҚАЙЫПБЕРГЕНГЕ

(анасы Сүйімханның қазасына орай)

Алладан кім озады асқанменен,
Мезгілсіз жан шықпайды сасқанменен.
Біреу ерте, біреу кеш аттанады,
Өлімнен құтылмайсың қашқанменен.
Опасыз бұл дүние қандай жалған,
Кезекпен қалып жатыр талай жаннан.
Бала-шаға, малмүлік бәрі қалып,
Қаратпай бір күн келіп жаныңды алған.
Жүрген жері апамның ойын, сауық,
Әзілді де айтатын ебін тауып.
Өзіменен бір аз күн дәмдес болдым,
Сол үшін есіме алам ауық-ауық.
Иманың жолдас болсын, асыл ана,
Ажал оқ, тура келсе бар ма шара.
Күмбірлеп көкірегіңнен күй төгілген,
Он саусақ өнерменен озған дара.
Ей, Қақа мойныңды бұр, бермен қара,
Бойыңнан аулақ болсын бәле-жала.
Апамның жатқан жері жайлы болсын,
Қайғыңа ортақтасар сезген ғана.

ГҮЛШАШҚА

Молдахан, Мырзабек пен Мұхан бала,
Тура келсе ажал оқ, бар ма шара.
Мырзалының жаннатта жаны болсын,
Ерте есейіп ортадан озған дара.
Роза, Мырзагүл мен Бәти тәте,
Сөзімді айып етпе, болса қате.

Алланың салғанына кім көнбейді,
Қиындыққа қарсы тұр сабыр ете.
Жаратылған жан көп қой, қаны сұйық,
Қалай ғана атты екен көзі қиып.
Ішіне кіріп алып шырмауықтай
Досы ма әлде, тыңдайтын сөзін ұйып
Кешегі өткен Дәуір менен Нина да,
Ол да сенің жаныңды жеп қинады.
Гүлшаш қалқам, “Сабыр түбі сары алтын”,
Тағдыр саған енді мұны сыйлады.

БЕКЕТ АТА

Мәдинада Мұхаммед
Түркістанда Қожа-Ахмет
Маңғыстауда Пир Бекет
Қасиетті Бекет ата кесені,
Қаптал тұсы Оғланды тауының —
Шың басында орналасқан деседі,
Аспан мен жер тіршіліктің тірегі:
Жан-жануар адамзат пен
Қиян дала, кәусар бұлақ, көк құрақ,
Ай менен күн, жымыңдаған жұлдыздар,
Күн менен түн, өзен тау мен шың құздар,
Табиғаттан тыныс алып
Соғып тұрған жүрегі,
Соның бәрін жаратушы
Жалғыз ием бар екенін біледі.
Бекет ата —
Жер киесі пір ата.
Зарыққанға, тарыққанға демеу беріп,
Қиянатшыл асқынғанның
Жолын кесіп жүреді.
Әділетті абзал жанды
Құрметпен есіне алып
Елі шексіз сүйеді.

ТОЛҒАУЛАР МЕН ДАСТАНДАР

САРЫАРҚАНЫҢ ДАУЫЛПАЗ ШАШУБАЙЫ

Асқақтай жөнелгенде әсем әуен,
Жүректі ән әлдилеп әсерлеген.
Сарыарқаның дауылпаз Шашубайы
Бір жүрген
Арынды асқақ Біржан салмен.
Түсінде аян беріп әуел баста,
Сол кезде
Келген екен он үш жасқа.
“Тұнып тұрған бойыңда өнерің бар
Ешкімнен қор болмайсың шығар сыртқа
Серпіл, тұр деген екен енді саспа”.
Әндетіп, әуелдетіп тұра келген,
Желдірме сұлу әннің соңына ерген.
Киелі домбырасын қолына алып
Өнердің дүлдүлі боп шыға келген.
Жезтаңдай бар қазақтың Шашубайы,
Кіреді сөйлеп кетсе сөз шырайы
Жамбылмен үзенгілес сұңғылам-ай,
Саңлақ деп үкілеген ел шынайы.
Жеп-жеңіл жанға жайлы ұйқастары,
Қосылып үн шығарған жез сырнайы,
Түбіт пен қауырсыннан жаралғандай,
Шынымен кіріп тұр ғой сөз шырайы.
Құс атып, аң аулаған Сарышағаннан,
Ақтүйғын жігіт еді Қаршыға алған.

Күніне отыз үйрек, он қаз алып,
Емес-ті төсін шұқып қан шығарған.
Қияға ұя салған қыран еді,
Аққудың төсіне ұйықтап талшық алған.
Әні де майда қоңыр әсерлене,
Сіркіреп ақ жауындай тамшылаған.
Үлкен өнер ордасы Абай ауылы,
Ұлылардың шоғырын жағалайды.
Балуан шолақ, Абаймен аңға шығып,
Жетісу, Қырғыз елін аралайды.
Өнердің айдынында қатар жүзген,
Теңдесі жоқ сұлулық көркем сөзбен.
Жыр дүлдүлі арқаның Шашубайын
Өзіне ұстаз тартқан Нартай, Кенен.
Ақан сері, Үкілі Ыбырай желіп өткен.
Сайдалы сары Тоқа күйін төккен.
Ерке тоты Арқаның Шашубайы
Жетпіс бес жыл өз елін
Өнерімен тәнті еткен.

ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ

“Дарабоз” атануы, хан ұранына айналуы.

Шаған шайқасы

Қара қыпшақ Ерназар батыр Жәнібек батырдан “Кімнің ерлігі ерен дейсің” - деп сұрапты. Сонда Жәнібек батыр: “Қабанбайдай батыр болған емес. Қабанбай әруақты батыр еді, бір өзі келе жатқанда дүмпуінен 400-500 адамның дүмпуі білінуші еді. Қабанбай қара нөсер болып жауға шапқанда кірген жағы есік, шыққан жағы жол болып қала беруші еді”, - деп жауап берген екен.

Келіп қалды жоңғар деп,
Ісімді Алла оңғар деп,
Атой салды Қабанбай.
Серіктері қасында:
Қаз дауысты Қазыбек,

Шақшақ Жәнібек, Еспенбет,
Қанжығалы Бөгенбай,
Малайсары Қасабай.
Есірген қас дұшпаның
Қанын шашқан жосадай.
Бұқар жырау, Сартайлар,
Таңдайынан бал тамған.
Қас батыр Доржы жоңғардың
Соғысты бастап Балқаштан,
Көкшетау, Алатау, Жетісу,
Сары-Арқа, Іле өңірін,
Ерен қабырғаны қуалап,
Тарбағатай, Алтайды
Сырға дейін жетеді.
Қамсыз жатқан елімді
Ойсыратып кетеді.
Құтырған аш қасқырдай
Жұтуға келген алақтап,
Бала-шаға, қарттарды,
Қойдай қырған тамақтап,
Осыны көрген ерлерім
Ісім адал, жауды өлтірсем разымын.
Елім, жерім үшін өлсем шейітпін деді де,
Абылай жасады жиынды,
Бір Аллаға сыйынды,
Екі мың адам жасақтап,
Бұлардың ісі қиын-ды.
Ата-жауым Арқауылдай қалмақты,
Не өлтіріп, не тірідей ұстаса,
Сол адамды сыйлап өтем деп,
Бұйрық берді салмақты.
Абылай батырлар мен ақылдасып,
Бірінің сөзін бірі мақұлдасып,
Батырлардың басшысы
Болсын деді Қабанбай.
Ақылшысы Қазыбек
Көріп тұрсын көп ісін,
Бұқар жырау бұлардың,

Бақыласын жеңісін.
Қабекен құрды кеңесті,
Салды тағы сарапқа.
Жоңғар мен қазақ соғысы,
Тарап жатты тарапқа.
Ту сыртынан жауының,
Қорғаныс құрып және тұр
Жәнібек пен Барақ та.
Жасақтар төртке бөлінді,
Жаудың күтіп орайын.
Ақпантай мен Баймұрат,
Өзінің бір топ жасақ үйірімен,
Жауының орналасты бүйірінен.
Бес адам және шықты шолушы боп,
Әрине, жау жақтан да торушы көп.
Жорыққа шығар алдында,
Аттарын баптап жем салды.
Тұрғызып сапқа барлығын,
Бас имам Асан хазірет,
Жаназа оқып, дем салды.
Қабекеннің астында
Ақпантай берген ақ тұлпар,
Ақ тұлпар нардай боз аты,
Арыстандай ақырып,
Арқасы оның қозады,
Қолында туы аспандап,
Жоғары көкке созады.
Қара құрдай қалың қол,
Шықты олар да айқасқа.
Осындай қырғын шайқаста,
Атой салып сүр атты,
Былайша бір тіл қатты:
Ортаға шықсын қазақтың
Ту ұстаған батыры.
Менің атым-Арқауыл,
Бойынан асқан ақылы.
Алысқан жауын жер қылып,
Құрғамаған тақымы.

Қабекең қорқып одан сескенбеді,
Ісім адал, ел үшін өлсем деді.
Өз әкесі Қожағұлдай батырдың,
Әруағын шақырды.
Қарсы шауып қалмаққа,
Арыстандай ақырды.
Қолында туын ұсынды,
Қазыбек сынды батырға.
Ауыздықпен алысып,
Ақ тұлпар көкке секіріп,
Көтерілді қабаққа.
Қабекең сонда ұмтылды,
Жебесін іліп садаққа.
Нар түйедей үлкен екен қалмақ та,
Көп алысты бірін-бірі алмаққа.
Бірін-бірі ала алмай,
Қабекең қылды айланы.
Шанышты сермеп найзаны,
Өкірді құлап Арқауыл,
Осылай тілі байланды.
Беті қайтып қалмақтар,
Қазандай іші қайнады.
Арқауылды жайратып,
Жан жағына қарады
Жау жағынан бір адам,
Шығуға дәті бармады.
Қолында туы желбіреп,
Қазбек сынды батырым,
Жауға қарай ұмтылды.
Қабанбайлаған үнінің
Дүбірі шықты әсерлі
Қаздың үні секілді
Даусы оның әсем-ді.
Қабекем қылды айбатты,
Аңдып тұрған батырлар
Көрсетті енді қайратты.
Атой салып лап қойды,
Ақпантай мен Баймұрат.

Қос өкпеден ұрандап,
Алдын орап қосылды
Жәнібек пен Барақ та.
Жойқын күшке шыдамай,
Қолына қару ала алмай,
Қалың қолдың ішінде
Иіріліп қалған қалың жау
Ақыл есі шығады.
Бетке алып жоңғар қақпасын
Мыңнан астам адаммен
Кейін қарай ығады.
Бұл шайқас өтті қиынды,
Талай-талай саңлақтар,
Қыршынынан қиылды.
Атақты батыр қазақтың
Ақпантайдың атына
Оғы тиді садақтың.
Қазулы ордың қасында
Өте бере жығылып
Орға құлап түседі.
Қазылған жарда қабақтың
Көріп тұрған бұл істі
Жоңғардың бір батыры
Атуға қадап садакпен
Оңтайлана бергенде
Қабекем ол да көрген-ді
Ишарат қылды атқын деп
Еспенбет сынды мергенге.
Еспенбет көздеп қалмақты,
Көреген батыр жан-жақты,
Оғы тиді салмақты,
Қалмақ жерді қармапты.
Құтқарып жау оғынан
Ор ішінен шығарып
Ақпантай мінді сары атқа.
Қолына іліп жарақты,
Көрінер батыр айкаста,
Көп ішіне қосылып

Жүріп кетті шайқасқа.
Хан Доржы құрған жарақтың
Адамдары әлсіреп, аты арып
Аякөзге жеткенде
Тап болды тың күшіне
Жәнібек пен Барақтың.
Жаудың қалған күштері
Қақпаға қарай жөнкіді.
Құса болған хан Доржы
Өзін өзі өлтірді.
Ор қазып, тас қалаған
Жаудың бекініс үңгірі екен.
Осыдан суаттанып,
Тұрыпты тұрақтанып.
Бекіністі олжалап
Жау жағын жалықтырып,
Бес тәулік тарықтырып.
Мыңнан астам адамын тұтқындапты
Олжалап қару-жарак, көліктерін,
Өздеріне бостандық беріп тегін.
Ант ішкізіп, тас құшақтатып
Қазаққа қарсы шықпасқа,
Түбелікті шекарадан шығарып жіберіпті.
Соғыс бітіп жеңіспен
Уәдемен келіскен
Бас қосып батырлар мен ақылшылар
Жеңістерін тойлапты.
Абылай құрды мәжіліс,
Батырларын мадақтап:
“Оза шауып, бәйге алған “Дарабозым”,
Хан ұраны “Қабанбай”
Енді жауға шапқанда
Қабанбайлап шабайық”,
Бір ауыздан бұл сөзді
Қабылдады халайық.
Үш жүздің басын қосқан
Ер Абылай,
Әуелі Алла

Әруақ деп ұрандай
Ақжол! Ақжол!
Үйсін! Дулат! Шақабай!
Қарақожа! Қабанбай!
Бекет! Қаңлы! Бөрібай!
Қолдан бермей намысын,
Ата-мекен қонысын,
Мұз жастанып, қан кешкен,
Ұрпақ үшін, ел үшін.
Осылай қорғапты ерлер аймақтарын
Дұға оқып, тағзым етем алдарыңа,
Сан Ердің ауызға алдым әруақтарын.
Мінеки, аңыз осы ұран жайлы,
Қазақтың ұран шықса, қаны қызып,
Ер жігіт бір орнында тұра алмайды,
Ел қорғаған ерлерім
Найзасынан қан тамған.
Бұқар жырау, Сартайлар,
Таңдайынан бал тамған...

КЕЗДЕСТІМ ҚАЙТА ӨЗІМЕН

(аңыз)

*Ертегі, аңыз туады,
Ізденістен қиялдан.
Нәсібінен құр қалар,
Ұйқы басып ұялған.
ЖАЗБАҒЕР.*

Осындай сөз бар аңызда,
Шілде ме, әлде тамыз ба?
Сыпа жігіт салт-атты,
Жалғыз аяқ жолменен,
Ауылына жол тартты.
Жете алмай барар жеріне,
Сүйеніп бір сәт еріне,
Күн кешқұрым болғанда,
Түнегенше далаға,
Түне деген молаға.
Есіне түсіп баланың,

Ат басын бүрды қорымға,
Жайғасып шеттеу орынға.
Мүлгіген үнсіз өңірде,
(Не болмайды өмірде).
Өңі ме, әлде түсі ме,
Шырт ұйқыда жатқанда,
Оянады бір сәт күңгірден.
Естілді бір сөз үңгірден,
Айырылып жігіт сабырдан,
Оянып осы дабырдан.
“Дей көрме сөзім жасанды,
Көрші ауылда бір әйел,
Қыз бала қазір босанды.
Бас қосып бәрі жыйылды,
Деп жатыр кімге бұйырды”.
Қырдың салқын самалы,
Денесін желпіп еседі,
Және тағы үн қатып,
Неден болды ажалы,
Нәрестенің деседі.
Желбірейді жібектей,
Жыңғыл менен тораңғы.
Жымыңдайды жұлдыздар,
Түн жамылып қараңғы,
Құлаққа тиді бір ызың:
Қазасы болып жазылды,
Ертоқым мен таралғы.
Сұлу жігіт балаға,
Бұйырдық және бұл қызды,
Қонып жатқан далаға”.
Сүйреді ер жігітті арман алға.
Көңіліне күдік кіріп билеп ол да,
Отызда орда бұзар кезі екен,
Атының басып бұрып түсті жолға.
Бұрылып жолға түскен соң,
Атына қамшы басады,
Ойпаң, қырат, үстіртпен,
Жота, төбе сайдан да,

Қиналмай тез асады,
Дүрсіліне шыдамай,
Қырғауыл, қоян, еліктер,
Жол шетіне қашады.
Естіген сөз еріксіз,
Биледі жігіт санасын,
Намаздыгер болғанда,
Қыл астында қылтыйған,
Үйлердің көрді қарасын.
Дәм тартса қалмас деген бар,
Әйтпесе келмес ұдайы,
Ат басын тіреп бір үйге,
Қонақпын деді құдайы.
“Бәрекелді төрлет деп,
Құтты қонақ келерде,
Жарылқайды құдайым.
Сіз келердің алдында
Аман-есен босанып,
“Қырық жеті туды жұбайым”.
Күдер үзіп Алладан,
Адамдар көп алданған,
Үзілгендей көрінді,
Орындалмай алда арман.
“ Енді күтсем он бес жыл,
Нәрестенің өскенін,
Шыймағындай шырғалаң,
Қыздар тіккен кестенің”
Күтті жатып бір уақыт,
Жолыққандай бір бақыт,
Кетті-ау деп қалың ұйқыға,
Деді де ол ойланбай,
Кездігін алып қолына,
Баста деп Алла оңына,
Тілді де ішін баланың,
Түн жамылып қараңғы,
Тайып тұрды жолына...
Бұйырмаса қуғанмен,
Жете алмайды сертіне,

Басы жұмыр пендесін,
Жібермес Алла еркіне.
Қарамайды туралап,
Ажары мен көркіне...
Осылай жылдар жылжып,
Өтсе де талай күндер,
Мұз қатып, сең бұзылып,
Жаңғырық естілді үндер.
Дәл солай күндер өтіп,
Тау қалқып тамылжыған.
Кездеспей бұйрықтысы,
Жігіт жүр абыржыған,
Жол таппай ұлан даладан,
Сарғайды жігіт санадан.
Ұнамады біреуі кездесе де сан адам,
Күндердің күні өмір үн,
Басқадай бақыт тамырың,
Кездестірді бір қызға.
Жүрегі жомарт тәңірім.
Тірсегін соққан, сипалап қара шашынан,
Құшағына алып, шықпады ұзап қасынан.
Жастық шақ от махаббат,
Сусындап ішіп емесін,
Ләззат алып сипалады денесін,
Жамады екен қандай шебер жыртықты
Қолы сезді ішіндегі тыртықты.
Арасында халықтың талай жандар жүр епті,
Абайсызда селк етіп, денесі оның дір етті:
“Қашсам да інкәр сезімнен,
Кездестім қайта өзімен.
Жалғанда жалғыз Алланың барын жаңа ұқтым,
Күнәһар менің кейпімді сезсін анық кім.
Ойланып бір сәт саралап бәрін,
Ішіме сыр қып тоқыдым.
Тиіспе, сәулем, сертесейік қолыңды бер,
Мен жоқта егер қалса да сыртта ер-тоқымым”
Жүректе маздап жалындап жанған өрт те өшіп,
Уәдемен қол алысты сертесіп.

Үйлі боп бала-шаға,
Тұрыпты ұзақ жылдар,
Айтпайды жігіт бірақ,
Жүректе үзік сыр бар.
Күндердің күнінде ол ,
Жол тартты ұзаққа мол...
Бір күні жаңбыр жауып,
Ертоқым сыртта қалып,
Су болып жатса ұят деп
Қоймақшы боп ішке алып,
Намысы жібермей еркіне
Қарамастан тиіспе деген сертіне
Көтеріп ертоқымды,
Есіктен кіре бергенде,
Сүрініп аяқ қалт етіп,
Жіліншік қыр сүйекке
Таралғы тиді тарс етіп.
Демендер оған неғылды,
Осыдан аяқ қағынды.
Осылай Алла шектейді,
Жұмыр басты пендесін,
Түсінікті болар тек,
Айтпасам да өнгесін.
Шыр етіп жерге түскенде,
Жазылады дейді маңдайға.
Оқырман бұған таңданба.
Осылайша бұл жігіт
Өтіпті болып арманда.

БАБА ТҮКТІ ШАШТЫ ӨЗІЗ

немесе қазақ қалай мұсылман болды

Өмір сүріпті бабам,
Жетінші өткен ғасырда.
Сағанасы аман түр,
Сонау Созақ ауданы
Қаратаудың қасында.
Қазағымның сол кезде,

Шексіз жатқан даласы
Пайғамбарды, Алланы
Білмейтін кез шамасы.
Барлық байлық, несібе,
Тәңірден деп ұғатын,
Шаман дінді ел екен,
Түгін тартса май аққан,
Кең далалы жер екен,
Құрықтысын құл қылып,
Тұлымдысын түл ету,
Сол кезде де сыртынан,
Аңсаушылар көп екен.
Сондықтан да бұл халық
Ұлы беске толғанда беліне асып бес қару,
Жауынгер бол дер екен.
Қаратауды жағалай,
Хузақ, Баладж, Қойкент,
Сулхант, Ұрсуған, Шашкент,
Яссы, Испиджап атты қамалда
Орналасқан ел екен.
Жалбарынып тәңірге,
Бала құмар түлеген,
Қаратауда қалың ел,
Амандығын тілеген.
Баба құмар ерекше
Жаратылған киелі,
Ат көтермей мінгенде,
Мінеді екен түйені.
Үсті түкті желпілдек,
Шудасындай түйенің,
Аяқ-киім кимейді,
Қысы-жазы бір еді.
Көптігіне малының
Санасы сан жетпейтін.
Содан бәрі күн көріп
Алдынан қия өтпейтіп.
Жүргенде сөйтіп бабамыз,
Ақ жарылып күн туды,

Жарыла жаздап жүрегі
Әйелі жүктеп босанып,
Тұғылас атты ұл туды,
Бұла боп өсті Тұғылас
Әкесінен аумайтын,
Үсті басын түк басқан.
Тобығын соққан ұзын шаш ,
Ғажап сиқыр қасиетті,
Батыр әрі ақылды,
Зор денелі кесекті.
Құдыретіне бас иіп,
Атанған екен сол кезде —
Баба түкті шашты Әзіз.
Аз уақыт ішінде
Бұрын-соңды көрмеген,
Өңі тұрмақ түсінде,
Қарапайым халықты,
Тарихи үлкен өзгеріс,
Ұғымда жоқ бір наным,
Алдында күтіп тұрғанын,
Ешбір жан сезіп білген жоқ.
Пайғамбар қайтып дүниеден,
Әзірет Әліні өлтіріп.
Исләм дінін таратып,
Бағынбаған жандарды күшпен басып қаратып,
Қолбасшысы Құтайбе,
Жауынан беті қайтпаған,
Әлемге аты әйгілі,
Тыныш жатқан халыққа,
Соғыс деген бір сұмдық,
Әкелді хабар қайғылы.
Қазақтың қолын басқарған
Әбу тентек дулаттан.
Ел шетіне жау тисе,
Үндемей қарап кім жатқан,
Қалың қазақ ішінде,
Әбу тентек ер еді,
Қатарының ішінде,

Ешкімнен беті қайтпаған.
Құтайбенің әскерін,
Қатарынан үш рет,
Ойсырата жеңеді.
Құтайбе
сонда есін жия алмапты.
Былай деп өз-өзіне қиялдапты:
“Әбу тентек келер-келер
мықты болса жүзге келер”.
Әліптің артын бағыпты.
Бірақ, арманына жете алмай,
Бұл дүниеден қайтыпты.
Әбдіжамал басқарған
Әскердің бір бөлігі,
Сыр бойына жетуі,
Сегізінші ғасырдың іші еді.
Ағасы оның Ысқақ бап,
Отыз екі мың әскермен,
Дайындаған күш еді.
Қалың қол қамауға алды Қаратауды,
Жалын боп, соғыс өрті қанат алды.
Сегіз мың адам өліп бұл соғыстан,
Қаратау қайғы жұтып аласарды.
Жылапты сонда Ысқық бап,
Токтатындар соғысты,
Мұсылман ету дұрыс па
Қанын шашып қыспаққа ап?
Орнатып Баладж қамалын
Асырып айла-амалын,
Қаратаудың қазағын,
Ауызына каратқан,
Елші сап Баба — құмарға
Отқа салса күймейтін
Суға салса батпайтын,
Бас уәзір етіп сайлапты
Шашты Әзізді, батырды.
Іс болды бұл ақылды.
Қан төгіссіз үгітпен

Пайдаланып беделін,
Қажетіне бұрады.
Дінге кір деп үгіттеп,
Халықтың басын құрады,
Шартты талап қояды
Жиылған жұрт әрине,
“ Құдыретті болса құдайың,
Кереметін көрсет деп,
Бар біздің өз дініміз-тәңіріміз,
Ай болып шашып шапағын,
Күн болып төгеді шуағын”
Онда сасып Ыскак бап
Әзізден көмек сұрады,
Шенгелді көп кидырып,
60 түйеге арттырып,
Төбе қылып жияды.
Шенгелдің ең үстіне,
Токымдай темір қойғызып,
Ақ сарбасын сойғызып,
Үстіне отырғызып Әзізді,
“Ал жамағат, қарандар,
Шенгелді қазір өртейміз,
Қаласың қайран көрсеңіз,
Мұсылман дінді пендені,
Өртесең өрт шалмайды”
Кереметін көруге
Елінен ешкім қалмайды,
Құдыреті сонда деп,
Шенгелге от қояды.
Бір демде жалын шашып от лаулады.
Лаулаған оттан қорып бәйтерегін,
Жармасып қаруына ұмтылысты,
Ондайда өзін болсаң қайтер едің.
Ыскак бап сонда,
Құбылаға бет бұрып,
Алладан медет сұрады,
Жиылған жұрт танқалып,
Бұған қарап тұрады,

Шеңгел жанып сейілгенде түтіні,
Төр алдында қонақтай боп күтулі,
Ештеңе болмағандай шашты Әзіз,
Құранын аударып отырыпты,
Осындай кереметке таңғалып,
Ал, дініне кірдік деп,
Мұсылман бопты бар халық.
Еліне дін қабылдап,
Мінездері өзгеріп күрт
Отқа салса күймейтін,
Қылышпен шапса кеспейтін,
Әзіздің пайдаланып қасиетін
Қазақтар дінге кірді, міне, солай.
Қалдырған кейінге өсиетін,
Атын қойып Баладждың
Қарғалық деп айтыпты,
Сол шаһарда 40 жыл патша болып,
Ысқақ бап атты бабамыз
120 жасында дүниеден қайтыпты.
Қайтарында халқына,
Мынадай өсиет айтыпты:
“Енді патшалықты қойып
Тек дін таратыңдар,
Дінмен ғана аласыңдар
Баршылық пен бейбітшілік тірлігін
Сыйластық пен ағайынның бірлігін”.
Ал, шашты Әзіз бабамыз
Он екі ғасыр тұрса да алшақ арамыз,
Мұсылман дінін қабылдап,
Төніп келген дабылдан
Қазақ халқын сақтаған,
Ниетін оның жақтаған.
Қасіреттен әркез қорғаған,
Қасиетті бабаларға мақтанам.

ЕСПЕНБЕТТІҢ “АДАҚ” АТАЛУЫ ЖӘНЕ “МАРЖАН ҚЫЗ” ОҚИФАСЫ

Өмірін өзі туған еліне арнап,
Ту ұстап, тұлпар мінген қару асып,
Шағанның шайқасынан бір қыз қалды,
Алуға батырлардың бәрі де асық.
Көркіне қарасаңыз өте сымбат,
Күлім көз, оймақ ауыз, бір перизат.
Көркіне акылы сай жаратылған,
Үстіне киген киім одан қымбат.
Сезді де болған жайды ер Абылай,
Жиып ап батырларға депді былай:
“Бабадан калған бұрынғы
Тәжірибе, сабақ бар.
Ер олжаға таласса
Дұшпаның өрлеп қонақтар.
Ендеше осы сұлудың
Өзіне ерік берейік.
Қай батырды қалайды,
Байкастап артын көрейік”.
Сонда қыз тағызым етті басын иіп:
“Айрылған үйірінен мен бір киік,
Батырдың бәрі көркем кемітпеймін
Барады әлім кетіп, ішім күйіп.
Үстіме киген көк камзол
Белімді буып қинаймын.
Маған ерік берсеңіз
Айтамын да үш тілек
Батырларды сынаймын.
Шығамын өзім тас басына,
Байлаймын жаулығымды нақ басына.
Түсірсе соны атып қай мергенің
Ризамын жар болуға сол батырға”.
Сонда Абылай бүй дейді:
“Шоқының ана басына
Атқанменен оқ жетпес.

Ата алмасаң жігіттер, сұлу қызға қол жетпес”.
Деген сөзден кейін бұл шоқы
Аталыпты “Оқ жетпес”.
Жігіттер қанша атқанмен
Жете алмапты жаулыққа.
Еспенбет бұған қатыспай
Тұрды қарап аулақта.
Енді екінші тілегім:
“Бірін-бірі арқалап
Кім жетсе бұрын қасыма...
Деді де қыз төбенің шықты басына.
Иірім судың қасына,
Бұл жарысқа қатысыпты қырық жігіт,
Сұлуды аламыз деп қылыпты үміт.
Сегізі келді тақап қатарласып
Болмапты
Бірақ дара шауып озғаны
Жігіт сегіз, қыз жалғыз
Осылай тағы ала алмапты олжаны.
Үшінші тілек:
“Бір кептер ұя салып тал басына,
Жасырып үш баласын жамбасына.
Тосынан бұны көрген бір қара құс
Іліп ап жармасыпты дәл басына.
“Бізді же, тиіспе тек анамызға,
Анасыз қалай жетім қаламыз ба”, -
Үш бала шырылдапты қара құсқа,
Қара құс қарамапты бала құсқа.
“Тоймасам сендерге де келер кезек
Жылатқан талайларды мен бір көзәп”, -
Деп түтуге айналғанда
Озбырлық жазалаусыз жай қалғанба,
Құлап түсті қайырымсыз қара құс,
Бір асқанға бір тосқан қарасаңыз.
Күн қызарып ағарып таң атқанда,
Тыныштық пен бейбітшілік тілейтін,
Ақ сұңқар ұшып келе жатқанда
Көзі шалып бұл істі

Бір теуіп омыртқасын үзіпті.
Сонда балапандар ақ сұңқарға
Құтқардың анамызды, сертіміз —
Үшеуімізді жесеңіз өз еркіңіз, депті
Сонда ақ сұңқар
Үшеуінің қарап тұрып түріне,
“Аманатым” деп қолқа сапты біріне.
Ержеткенде қанаттарың қатайып,
Бірге өмір сүрсек оның несі айып.
Уәделі мезгіл жеткенде
Кездесіп тағы қырғиға,
Ұстап ап тап беріпті ылдида.
Балапан тағы жылайды:
“Босат мені уәдем бар сұңқармен
Жөнімді айтып келейін
Тұрайын мен сертімде
Сонан кейін еркінде...”
Қырғи сонда:
Уәде деген қиын іс
Үлесімді қосайын
Сұңқарға сен барып кел
Мен осында тосайын”.
Ұшты ол сұңқарды іздеп түнделетіп,
Таң атып, түнге айналып күндер өтіп,
Кейде осылай тағдыр ісі қатал-ақ,
Жар басында тышқан аңдып отырған
Балапанды ұстап алды жапалақ.
Балапан тағы жалынып жапалаққа
Болған жай міне осындай ап-анықта,
Жапалақ бір сәт ойланып,
Жасады оған кеңшілік.
Көзі жетіп уәдеге берік екеніне,
Өзі бастап сұңқардың әкеп салды мекеніне.
Балапан сонда:
“Аман есен бармысың, ақсұңқарым
Басып өттім тау мен тасын қырқаның...”
Баяндайды болған жайдың барлығын,
Кедергілер тұрды жолда ылғи да,

Уәделі сертті орындап болған соң
Қайта ұшып баратынын қырғиға.
“Уәде қымбат өмірде қасиетті іс,
Сол үшін азап шегіп қылыпсың іс.
Мен кештім шартты уәдені.
Жібермей сені осында алып қалсам
Қырғиға берген уәдеңе
Опасыздық жасармын қиянат күш”.
Сонымен балапан ұшты қырғиға
Баяндады болған жайды ылғи да.
Қырғи сонда басын шайқап,
Беріксіз уәдеге білдім байқап.
Мен сені босатайын
Нәпсінің құлы болмай,
Шарқ ұрған жан екенсің
Өмірде жолы болмай
Ал тез ұш алғашқы іңкәріңә,
Бақытты өмір өткіз қосыл да сұңқарыңа...” -
Деп қыз сөзін аяқтапты.
“Ендігі сөздің түйінін
Өзі шешсін батырлар
Не ұйғарса өздері
Орындауға қақым бар...”
Шешімін айта алмапты жас батырлар,
Қызықтап қарап тұрды бас батырлар.
Қабекем сонда әбіржіп
Еспенбетке қарады.
Батырдың сен де бірісің
Далаға оғың кетпейтін.
Садақшылар тобының
Сардары болған пірісің.
Шешімін тап жұмбақтың
Баста да өзін кірісіп.
Есекең сонда бүй дейді:
“Сіздер дұрыс көрсеңдер
Бәсекенің көрейін
Қатысып екі түріне .
Жер жаннаты Көкшенің

Жайғандай кілем төріне.
Ұйқысынан оянған
Арудай боп Оқжетпес
Құшағын жаяды еріне.
Міне, осындай қарашы
Жайнаған менің алабым
Қазға қояр ендеше
Менің де бар талабым.
Жаулығын байласын да
Зеңгір таудың басына.
Өзі төмен түсіп
Қарап тұрсын қасымды”.
Еспенбет сонда
Жебесін керіп қырындап
Садағын тартып қалғанда,
Оғы ұшты зуылдап
Қыран ілген қаздай боп.
Орамал жерге жалп етті.
Қыз сонда
Басын иіп еріксіз
Тағзым жасап салт етті.
Еспенбетті ортаға алып
Мәз болыпты жастары,
Соңғы сөздің шешімі не
Айтып бер деп астарын.
Сонда Еспенбет жұмбақты былай шешіпті:
“Орнықты қара ормандай
Өз елінің ішінде
Ата-анасы ірі екен
Қолға түскен осы қыз
Мәпелеп аялаған
Үш баласының бірі екен
Аулына жау тиіп
Зар жылатып халықты,
Шаңырағы шайқалып
Айла таппай бұл іске
Ата-анасы налыпты.
Ел қорғансыз болған ба,

Арасында халықтың
Елінің бір батыры
Құтқарыпты ақыры.
Сол батыр сұлу қызға көңіл артып
Беріпті ормалды сыйға тартып.
Ел іші тынышталып ес жиғанда
Қос жүрек қосылуға қол алысып.
Іштегі махаббаттың сыры шалқып,
Ұятты иманындай күткен сұлу,
Мінекей қайта біздің қолға түсті,
Болар деп кім ойлаған мұндай істі.
Кім болса да жетеді
Шын қамданса мақсатқа,
Махаббаттың қадірін
Өмірінен жоғары
Ұстаған қыз ақсатпай,
Бірінші рет орамалды атқанда
Тас басына шығуы
Тастан құлап өлуі екен мақсаты,
Екінші рет кім бұрын жетсе
Жар басына, иірім судың қасына
Шыңырауға суға құлап өлу мақсаты,
Ал енді менің ойымша,
Белгілі сынақ бойынша,
Мен алуым керек болса сұлуды
Нәпсінің құлы болмай
Шашайын мен де
Жүректегі жылуды
Ойланып толғанайын да
Қырғи құрлы болмайым ба?
Адамға қорлық жоқ,
Алғанға зорлық жоқ.
Хан алдында қараның
Билік айтуға жолы жоқ.
Ендеше билікті ханның өзі айтсын.
Сонда Абылай ханның айтқан билігі:
“Еспенбеттің мергендігі кеңдігі,
Нәпсіге жол бермеген

Терең ойлы ерлігі.
Жомарттығы, мәрттігі
Үлгі болсын батырларға арттағы.
Осы қыздай ақылды
Кейінгі әйел ұрпақтар
Сөз сөйлесін нақылды.
Ендеше қызды босатып
Қайтаралық еліне”
Барақтың жүйрік Көжегін
Ат ішінен алдырды
Шаң жуытпас маңына
Орақ пен Жаман батырды,
Қосып берді жанына,
Тапсырды қалған істі Назым қызға,
Күтушіге күттір деп.
Бұл жайды білген сұлу қыз
Бас иіп батырларға тағзым етті.
Құшақтады тізесін Еспенбеттің,
“Аға бол мейірімді жанашырым,
Жақсылығың мәңгіге естен кетпес”.
Үш күн, үш түн жол жүріп
Аты аталған батырлар
Сұлуды жеткізіп мекеніне.
Бірақ осы сұлудың
Сұрап ешкім білмепті
Атының кім екенін де.
Батырлар ұйғарыпты шаған қыз деп.
Назым қыз сонда былай депді:
“Сөзі майда сұлудың мінезі бал,
Ұзын бойлы, қыпша бел иілген тал.
Батырлар, күлкі қымбат, ойын арзан
Істеген ісі сұлу тізген маржан.
Ендеше аты Маржан қыз болсын” - депті.
Сонда Боранбай би ханға қарап:
Екі рет Қабекеме атақ бердің,
Хан ұраны “Қабанбай”
“Дарабоз” деп атап бердің.
Еспенбеттің мергендігі ерлігі,

Қайраты мен ақылының кеңдігі.
Үлгі болсын ұрпақтарға арттағы
Қандай атақ бересіңдер белгілі.
Біздің қазақта озған өрелі орын алады,
Алтын берсең жерде қалады.
Мал берсең иелік еткен елде қалады.
Атақ өлмейтін мұра,
Артық жоқ мұнан, сірә.
Ендеше бұл жігітке
Ат берелік “Адақ” деп.
Кейінгі ұрпақ
Үлгі тұтсын мадақтап.
Тапқырлығы өзінікі
Пайдасы мен даңқы қазақ елінікі
емес пе? -

Дегенде хан барлық ақылшыларымен қосылып
Еспенбетке

“Адақ” деген ардақты ат беріпті, сол ат мәңгілік есім
болып қалыптасты.

Ал, Маржан қыздың қарақалпақ екендігі, кейін
Жайықтағы ойраттардың қолына түсіп, қазақ-моңғол
соғысында қазақ жасақтарының қолына түскендігі кейін
анықталыпты. Сонымен, ол тарихта “Маржан қыз”
аталып, шеру маршына айналыпты.

СЫРЫМ БАТЫР

“Ойлы сөз көпті ұтар, ойсыз сөз басты жұтар”

Ахмет Үгінекидің “Ақиқат сыйы” еңбегінен

Қайта түлеп көңіл өсіп
Бостандықтың лебі есіп
Ерікті ел болып өзгердік
Өкінішпен өткен күндер
Сойылын соғып өзгенің
Қара қылды қақ жарған
Хан мен батыр билерімді
Жырлай алмаған кездерім

Осылай талай жырлар өтіп
Мектеп есігін ашқан күннен
Шүберек дорбамызды сүйретіп
Ханды былай деп түсіндірді
Халықтың қанын
Сорған деп күйретіп,
Ал би мен батырлар
Солардың сойылын соққан
Деді үйретіп.
Күн көрістің
Күйін кешіп бір күндік
Барымызды бүтіндейтін
Болған жоқ бізде мүмкіндік.
Сырым би , әрі шешен, әрі батыр
Мол мұра қазынасы толып жатыр
Сонау түрік заманынан бастау алған
Дәл бүгінгі өмірге де
Керегі болып отыр
Жұрт көңілінен шығатын шешім тауып
Жайыққа төнген кезде қатер-қауіп.
Тайдырып Нұралыны хан тағынан,
“Қазағым өз-өзіңді басқарыңдар”
Деп еді ойланатын жетті уақыт.
1755-1772 жылдардың арасында
Кіші жүз бен орта жүз шекаралас
Ең шұрайлы қазақтың даласына
3,5 мың шақырым бекініс сап
Қазақ-орыс көшіп кеп орналасып.
Малды айдап, адамды ұрып соқты
Қолда билік болған соң қарасын ба.
Отаршылдық қанауы өріс алды
Жазықсыз жазалады мал мен жанды
Ел қорғансыз, болған ба?
Намысы бар жан барда
Сырым мұны сезді де, шыдамады езгіге.
Ел еңсесін түсірген қаруланған шетінен
Ата дұшпан жауымен
Он төрт жыл қатарынан қарсыласып

Ары таза, шынайы жан, бір бетті
Қазақтармен санасуға мәжбүр етті.
Сырым батыр қандай қиын жерде де
Оза шауып бәйге алған
Сөз бастаған шешен,
Қол бастаған көсем.
Халқы үшін шарқ ұрған
Кетпесін деп есем.
Би табиғи дарын,
Ат сүрінгенше ақыл тауып
Көмейдегіні тап басып,
Қорғаған намыс-арын.
Сөз шынына тоқтайды,
Пышақ қынына тоқтайды.
Осылай оза шауып
Халық қамын жоқтайды.
Елінің айтулы ері Есқара батырдан
“ Еліңе жұрт елеген кімің бар, өзің қайдан
жүрген жансың” дегенде:
Ойлауық десең Бұлан бар,
Озаған десең, Сырым бар.
Атта шап, ұрда жық, десең өзім бар
Руым Байбақты, Дәуқара батырдың баласы
Есқара деген мен болам деген екен.

10.07.2001 ж.

КӨШПЕЛІ КӨКЖАЛДАР

немесе Кенесарының түсі

*“Болған талай қалалар да, халық та
Уақыт көмді бәрін жердей табытқа
Болған талай ауылымыз, тайпамыз
Енді соның ізін тауып байқаңыз”*
Жүсіп Баласұғын

Таймас пен Әбілғазы
Бізден ақыл сұрар деп
Ойлап тұрған басқаны
Бірақ Кенесары хан
Сөзді әріден бастады.
Мен деді ол
Бүгін түнде түс көрдім
Түс емес-ау күш көрдім
Көріппін деді ол өз ажалымды
Басын төмен салып,
Соның жоруын айтыңдар деп
Жер шұқылап отырды.
Ойға қалып
Хан сөзін тосып
Ажалымды көрдім
деген сөзден шошып
“Түс түлкінің боғы” деген
Осал жан емессіз ғой
Қайғы жеген
Жорытып неғыласыз
деді олар амалсыз
Жоқ деді ол:
Түсім емес өңім
Қалың қазақ босып
Осы арадан жосып
Балқаш барып
Қамал аралында қыстап
Одан меркені алған екенбіз
Қырғыздың Манаптары

Сарбағыш Орман Жантайға
Ағайынды екі жұрт
Қоқан ханын жойып
Жеке ел болайық деп
Хат жазыппын деді мойып.

Орман хан сонда
Тында дейді сөзімді
Хан тағына мен ие
Бағындырам өзінді
Айыра да білмедің
Досың мен қасыңды
Ақ патшадан шен алам
Сыйға тартып басыңды
Деп

Уәдені бұзып
Іс істеді қызық
Бітім сұрай барған
Саурықты өлтіріп
Келмеген соң бітімге
Кім отырады текпе-тек
Соғысуды ойлаппыз
Олар биік біз төмен
Алмалы сай Шу өзен
Қарақоныс Кекілтау
Әскерімен Орманның
Кездесіппіз жекпе-жек
Әулие шынның басында
Құтбегі дат Әлішер.

Ал Күншығыс жағынан
елестейді көзіме
Тағы бір қарлы биік шың
Дәл қазіргі өңімдей.
“Тұра тұр бәлем, саған” деп
Жұдырығын түйеді
Маған қарап қанішер.
Көз алдымда Кекілтау
Әлі соғыс болған жоқ
Әскер тыныш денім сау

Жан түршігер ғаламат
Самаурынға ұқсаған
Оқты қарша боратып
Бір атқанда мың атып
Келе жатқан қалың қол
Тау басында жыра сай
Қойнау шағын бұрқыратып
Жанған оттар жарқыратып
Келе жатыр жосып.
Ал мен сонда шошып
Әбілғазы сенен
Кекілдегі қырғыз көп пе?
Аспандағы жұлдыз көп пе
Деп сұраймын мен
Құтым қашып
Кене аға мұныңызға
Мен берейін жауапты
Шаң мен оттан басқа
Көзіңізбен көрдіңізбе Манапты
Жоқ деді Кенесары
Ендеше бұл ескі қулық
Деді Әбілғазы езу тартып
Қос мүйізді
Ескендір Зұлхарнайын
Қазақтың білмей жайын
Жорыққа аттанғанда
Сақ пен қыпшақ үйсіндер
Осындай әдіс жасап
Екі таудың арасымен
Сан қолды
Шаңды аспанға шығара бұрқыратып
Ерсілі-қарсылы шұрқыратып
Бұл не деген көп қол деп
Қазақ даласына аттанудан
Бас тартыпты мысы қайтып.
Бұл бір есте қалатын
Қулық екен деді ол жаратып
Тағы ойлап бір істі

Түсіне қайта кірісті.
Қырғыздарға аттанған
Сыпатай мен Рүстем
Бізді тастап кетіп барады
Қысқасы біздің қол
Қоршауға түсіп оңды-сол
Онымда патша солдаты
Солымда орай қоқандар
Қарама-қарсы беттесіп
Ала қалпақ манаптар
Орманға мен кіржініп
Шық бері деймін жекпе-жек
Ал ол мені мазақтап
Сенің күшің аз-ақ деп
Борбайын көрсетіп
Сақылықтап күледі
Ал мен сонда сасып
Манаптың мысы басып
Талай қиын кезеңде
Жол тапқан ақылым
қайда деп
Қараймын жан-жағыма
жанталасып.
Патшаның зеңбіректі
бес мың қолына
Бөгет болып жолына
Бой бермеген басым
Мына тоғышар Манапты
Қалай жеңе алмаймын деп
Өз-өзімді қинап
Бойға қуат жинап
Келеді қарсыласқым
Бірақ олар
екі бүйірден қысып
Әлгі ғажайып қарудың
Бетін бізге қаратып
Оқты қардай боратып
Сыпайыларым шетінен

Құлап жатыр оққа ұшып
Бір мезгілде
Наурызбайым да құлады
Ақауыздың жалын құшып
Ақылағыменен қуалай
Қуған жауға жеткізбей
Ағыбай ғана құтылды
Қоршау таяған сайын
Қашырып мені, құтымды
От түсіп өзегіме
Батыр Мұрат
Бастаған жасағыммен
Ат қойдым иірімді
Қарасу өзеніне
Ирім ала жөнелді
Астымдағы атымды
Қатарласып қасымда
Батыр Мұрат қара үлек
Біресе сен екеуің
Жігіттері арғын менен қыпшақтың
Суға мені батырмай
Алып келеді жағаға
Тындап тұрып
Терлеп кеткен Таймас
Апырмай түстегі су
Өңінде көретін азабың ғой
Әйтеуір жар жағасына шықтыңыз ба
Шықтым ғой
Бірақ қарсы алдымда
Төре келді Манап
Қалиғұлдың жасағы тұр
Қолға түстім
Ортасында тұр екенмін
Қалың күштің.
Қалиғұл маған қарап
Иманыңды айта бер
Басыңды алам дейді жанап
Ал мен сонда Аллаға жалынбай

Есіме алдым
Ел жұртымды көретін өз жанымдай
Өмірім көз алдымда болып елес
Әйел балам, ағайын туыстарым
Қатарлас жолдастарым үзеңгілес.
Және ауыл аймағым
Туып өскен Көкшенің
Көгілдір биік тауларын
Сағымдалған Сарыарқа
Жасыл орман көкорай
Айдын шалқар көлдерін
Көк шалғынды белдерін
Көз алдыма елестетіп
Былай деп ән салдым:
Қош аман бол
Сарыарқа өскен жерім
Қайтқан қаздай қалың ел
Көшкен жерім
Тізе қосып бар қазақ
Ел бола алмай
Ит пен құсқа жем болып
өшкен жерім.
Сен де аман бол Сарысу, Қаратауым
Жеңе алмадым
Қоқанда кетті дауым
Қорқыт көрі алдымда қазулы екен
Ақырында мінеки жеңді жауым
Өлімнен қорқатын мен осал ма едім
Дедім де
Қалиғұлдың қолындағы қылышқа
Басымды тоса бердім
Алмас қылыш құрыш сан
Көк желке мойнымнан
Бірақ ұрды жобалап
Анадай жерге барып
Басым түсті домалап.
Апырай деді Таймас
Жасыңыз ұзақ болар Қанеке.

Ұзақ жасты қоя тұр
Мына түсім бір басқа
Көп жасаған құзғын құс
Кімге тұлға болып жүр
Деді Кенесары Таймасқа.

Түс қызығы артында
Айтайын сол қалпында
Өзім өліп жатырмын
Бірақ өлсем де естіп
Бәрін көріп жатырмын
Кенесары өлді деп
Кім басқарады қолды деп
Қалың қазақ соңымнан
Күңірене жөнелді
Аза тұтып
Өмірдің барма тоқтауы
Сол қайғының ішінен
Ерекше естіледі құлағыма
Нысанбайымның жоқтауы
Ал Орман мен Жанай
Жоқтау бітер бітпестен
Қоқан ханына
Жағамыз деп қалай
Достықтың белгісі деп
Сарбаздарымның бастарын
Екі арбаға тиеп жатыр
Осы айкаста қаза болған
Он бес сарбаз.
Наурызбай екі балам
Амалым не
Бәрін мына екі көзім
Көріп жатыр
Және тағы ішінде оның
Құдайменді Жеке батыр
Кенесарыдан өш алған
Қырғыз Манаптары
Бар басты сыйға тартып

Қоқан ханға
Бір себеп болмаған соң
Шыбын жанға
Ташкент базарының ортасына
Ағашқа іліп қойды
Амал бар ма?
Ал менің өз басымды
Қалиғұл Манап
Алтынға балап
Менің мұным мазақ қой
Иісі қазақ қой
Бүлік шығарып
Жүрер деп Үйсін, Дулат
Жасыл көл арқылы
Сыртымен Жаркенттің
Бесонтиінге алып келді
Ал Албан сыбан жігіттері
Төрегелді Манаптың
Жазасын алдына келтіріп
Ауылын шауып
Өзін ат құйрығына
Байлап өлтіріпті
Мұны мен көре алмадым
Көре алмаған себебі
Менің мына басымды
Аякөз Семей арқылы
Омбыға ала жөнелді
Омбыға алып келген соң
Аршабоқ ұстап тұрып
Шоқша сақалымнан
Он жыл ұстатпап едің
Не істесем екен деп
Сықылықтап күлді.
Менде күлдім
Мықты болсаң тірімде
Кегінді неге алмадың
Құр қу басқа кіжініп
Өз-өзінді алдадың дедім

Ал ол
Кегімді тіріде алдым ғой
Қырғыз Манаптары
Орман мен Жанайды
Соңына сенің салдым ғой
Сөйтті де жан жағында
Тұрған жандаралдарға
Кенесарыны өлтірген
Басын кесіп
Алдыма алып келтірген
Әлібек ұлы Қалиғұлды
Россия империясы
Адал еңбегі үшін
Бағалап күшін
Георги лентасына байланған
Күміс медаль берейік.
Міне Кенесары
Күштіменен күрессең
Қарсыласып сірессең
Осылай болады деп
Кекете күлді.
Онымен қарсыласар
Заман барма
Басымды қайта ұстатты
Қоржынға сап
Тез жеткіз
Деп бұйырды Петербурға
Далада күтіп тұрған шабарманға
Білмеймін қанша мүлде
Неше күн неше түнде
Салтанатты сарайға
Алып келді есен аман
Тұратын кіші “құдай”
Патша ағзам
Менің сорлы басымды
Сақалымнан ұстап
Жасап қызық ойынды
Сәнді сәулет киінген

Жандаралдар жиылды
Қызықтап кәрі жасы
Ақырында бір күні
Сыпырып бас терімді, құйқамды
Маңдайыма күйдіріп
“Қырдың қарақшы сұлтаны
Кенесары
Қасым ұлының басы”
Деген таңба басып
Өзім сияқты бастар
Тас мүсін мен суреттер
Патша ағзамның
Сан түрлі ғажайып
Тамаша заттары тұрған
Кең сарайға қойды апарып.
Әйтеуір әркім бір
Қу басты тамашалап
Әртүрлі сөз айтады
Апырай мынау
Дала сұлтаны Кенесарының
Басы ғой
Десе, енді бірі
Шешім тауып күтпегін
Талайдың қанын жүктеген
Қысымға көнбей
Еркімен енбей
Патшаның зорлығына
Қанышер еді
Қарашы қандай
Абыройы дардай
Жерде тұрғанын деп
Қу басыма кіжінеді.
Бір қызығы әлгі үйде
Қу бастар қураған күйде
Тұра бермесін деп
Сәкіден алып азын-аулақ
Қайта әкеп қояды екен
Етпен майлап.

Мен өлген соң
Сегіз жылдан соң
Осындай астыңғы үйде
Тағы бір апарғанда
Сәкі үстінде тұрған
Құдай ұрған
Орман Манаптың
Басын көрдім де
Бәлем сен де өлдің бе
Деп қуандым ба
Әлде ашуландым ба
Кәдімгі өңімдей
Еңіреп жылап жібердім.
Бұл былай болған екен
Сарбағыш Қырғыз бек
Бұғы қырғыз жерге таласып
Бөлісе алмай санасып
Жасылкөл бойында
Өзі-өзі ұрысқанда
Бұғы қырғыз
Жағындағы бір адам
Аңлып тұрып
Есебін тауыпты
Талайдың қанын ішкен
Сүм едің деп қауыпты
Өлу қалай
Болады екен көр деп
Айбалтамен
Көк желкеден шауыпты.
Ақ патшаға еңбегі сіңген
Ашыған жаны
Қырғыздың қаны деп
Біз тұрған Эрмитажға
Әдейі әкеліпті
Қарсыласым жасымнан
Тірімдегі қасымнан
Өлгенде де құтыла
Алмадым-ау деп

Қарашы тағдырдың
Бұл тылсым күшін
Дедім де
Орнымнан ыршып түстім
Жаны ашығандай маған
Бір ақсақалды адам
Орманның басын
Қолына ұстап тұрып
Астындағы қағазға қарап
Әжетке жарап
Патшаға еңбегі сіңгенмен
Қалқына еңбегі жоқ
Дүниеде не көп
Мұндай бастар көп
Әкетіндер деді.
Таймас езу тартып
Сенімі артып
Бәсе Кенекем тұрған жерде
Орманға орын артық...
Асықпа тұра тұр
Түсімнің жоруын
Айтпастан бұрын
Таймас, саған
Екі сұрағым бар.
Айтыңыз қандай сұрақ?
Ақ патша менің басыма
Ойланбай асыға
Қарақшы сұлтан басы
деп таңба салды
Патшаға көнбей
Езгіге енбей
Өз жерімде
Хандық құрамын десем
Ол қарақшылығым ба?
Ал екінші сұрағым
Сөзіңнің айт тұрағын
Ақ патшаға жағынып
Өз-өзінен қағынып

Менің басымды алған
Орман ханның басын
Салтанатты сарайға қоймай
Өмір бойы қас боп өткен
Менің басымды неге қойды?
Орыс ұлы халық,
Жаман достан
Жақсы қасты
Айыра біледі деп
Таймас күледі.
Ал Кенесары хан
Көрген түсіне
Болды да таң
Елім жерім үшін
Күресіп өтемін
Деді ол
Бойымда таусылғанша
Бір тамшы қан
Кенесары
Қыс түсе көтерілді
Отырған мекенінен.
Көш соңынан
Мың қаралы үй
Көшіп бара жатыр
Ағыбай, Наурызбай,
Бұхарбай, Бопай
Таймас Әбілғазы
Кім білер кімнің жайын
Көш ұзаған сайын
Шыдай алмаған
Кенесары
Асыға шаба жөнелді
Көш керуен
Көрінеді белден асқан
Шыңғыс хан
Жорығынан бастау алған.
Алты жүз жылдан астам
Сілтеген сойыл, шоқпар

Шақыр-шұқыр қағысып
Ат жалын құшып құлаған
Әке-шеше
Аяулы жар, Күнәсіз сәби
Көз жастарын бұлаған
Қолдан бермей намысты
Ерлерім солай алысты
Көлденең көк аттыға
Қолдан бермей есені.
Бұр жері-суы үшін күрескен
Қазақ деген
Көкжалдардың
Ең соңғы көші еді.

ЖАҒАН СҮЛУ

*“Туар адам, өлер өзі, ат қалар,
Кеткендердің сонда сөзі жақталар”*

Жүсіп Баласұғын

Шіркін дүние өтпелі
Дүниенің түбіне
Адамның бар ма жеткені
Шаңқай түс шамасында,
Арқаның сары даласында,
Біраз ойлап тұрып
Түсті де сабасына.
Ордадан шыққан Жәнібек хан
Бәйбішесі Жағанның
Үйіне қарай беттеді.
Үй ортасында ақырын,
Уыз қымызын сыпырып,
Ханның келетінін күтіп
Отыр еді ардағы,
Оқалы кілем жан-жағы.
Үйге кіре Жәнібек
Күлімдей қарап сәнімен:

“Арсың ба, Жаған бикем”
Жаған үзіле инабатпен
Иіліп берді сәлем.
“Барсыз ба, хан ием”
Жылдар жылжып өтсе де арада
Хан әйеліне сұқтана қарады
Қызыл барқыт камзолы
Тал бойына ұнаған.
Осындай-ақ боп туар
Дүниеде бір адам.
Сұңғақ бойлы көген көз
Оймақ ауыз, қыпша бел
Ұзын кірпік найзадай,
Жүрегіне қадалып
Деп тұрғандай келсең-кел.
Сан айқаста сансыз қол
Тас болып қатқан жүрегі
Қырқасында қырықтың
Қолға түскен торғайдай
Тыпыршып қалды ол қалай
Бұл бір ертеке өз алдына
Осы Жаған сұлумен
Алғаш қалай кездескені
Елестеп өтіп жатты
Ханның көз алдынан.
Жәнібектің сол кезде
Жиырмадан асқан кезі еді
Шах-Будах тобын басқарып
Зайсаннан өтіп, жағалап Тарбағатайды
Көктей басып, Керей, Найман, Қытайды
Үш тәулік екен арасы
Домбалықтың ауылының
Көрініпті қарасы
Көк майса, жасыл шалған
Жерінің аққан мәйегі
Тып-тынық ашық аспан
Көркімен көз тұндырып
Тұрғандай бір әдейі.

Құдаларды қарсы алды көш жерден
Қыз-келіншек боз балалар ес білген
Жәнібек пен Шах-Будах сұлтанның
Келетінін күні бұрын естіген
Ойлы ұшқыр сезіммен
Бір шолып өтті Жәнібек
Жыйылып келген топ қызды
Қырағы өткір көзімен.
Бір топ қыздай еркін жүзген
Айдын көлдің бетінде
Шах-Будахтың қалыңдығы Аққозы
Ортасында солардың
Жалғыз аққу секілді
Қарасаң көзің тойғандай
Жер бетінің бор сұлуын
Осы ауылға әдейі
Жиып әкеп қойғандай
Бір сәт үнсіз шамалы
Жәнібектің таусылғандай амалы
Топ ішінен Аққозының сіңлісі
Іздеді сұлу Жағанды
Әбілхайыр адамдарды
Аққозыға құда түсе келгенде
“Сіңлісі Жаған бикем,
Одан өткен сұлу екен”
Деген сөзді естіген ол елден де
Дәл осы кезде қыз бозбала
Жаған келе жатыр
“Көріңдер сұлу қыздың күшін енді
Жамбыны ол көздемей түсіреді”
Мөлдір қара көзі жайнап киіктей
Іңқар сезім қыз қызғалдақ биіктей
Қолына алды садағын,
От жүрегі діріл қағып тиіттей
Нысанаға ап көздейді де жебені
Төбініп қап ақбозатты
Жұлдыздай ағып келеді
Иә әруақ, қолдай гөр

Қарақожа, Ойшыбай! Деп
Керей руының ұранын
Айтып жатыр ел енді
Ұзын қара қос бұрымын
Іліп алған беліне
Ат үстінде бір жағына иіле
Жәнібектің жанынан өте беріп
Садағын тартып жіберді
Бұл бір сәтті күн еді.
Шу көтерген елді,
Көкке атылған Жамбыны
Жәнібек сұлтан өз көзімен көрді
Жағандай сұлу мүсінді
Дабырлаған топ
Ат үстінен көтеріп ап
Жәнібек тұрған жерге
Келгенде ғана қолдарынан түсірді
Жаған бикем дәл қазіргідей
Ұзын кірпігін найзадай қадап,
Сұлтан тұрған топқа қарап:
-Арсыздар ма, құдалар.
-Барсыз ба, сұлу құдаша.
Деді жігіттер бір ауыздан
Жаған иіліп берді сәлем
Жәнібекке бұл
Адамзаттың баласы емес,
Періште көктен түскен
Қор қызын
Көрінгендей болды елес.
Нұрланып кеткендей бір
Барлық әлем,
Он бойының тірегі,
Тайдай тулаған жүрегі,
Қорғасындай балқып
Өз-өзін ұстап, билеп қалды әрең
Бойды алған жалын,
Ойды өртеген арман.
Махаббат дерті шіркін

Қандай күшті
Ынтығы бұрыңғыдан
Өрши түсті.
Емін еркін отырған өрісі кең
Жәнібек Ұлы тауға келісімен
Сонау Алтын хан еліне асыға
Құдалыққа кісі жіберді
Келесі жаз тоқсанның басында
Үшінші бәйбішесі етіп
Ақ отауға кіргізді.
Жағанның он төрт жасында
Баяғы алғаш көргенде оны
“Барсың ба, ару қарындас”
деп амандасқаннан кейін
Бірінші мәрте, әрі келте
Ақ мамық, жар төсегінің үстінде
Тіл қатты алғаш оған
Ірге жақта отырған Жаған
Ұяттан күйіп жанған
Жас аруды аяп
Жаған мен сені
Шын сүйіп алдым деді,
Бетін бетіне таяп
Әйел затын ол кезде
Мүлік орнына санайтын
Жігіт сөзі аңғал-ды
Жаған оған таңғалды.
Қыз өтінішіне
Жауап берудің орнына
Жерге түскен қос бұрымын
Оң білегіне орап
Сыймай тасып, сезім жатты
Сүйір ұшты қосанардан
Тастай қатты
Сәл ауырта қысып
Жәнібек бойын өртеп
Бара жатқан арынды,
Күшпен басып жалынды.

Енді отыра алмады,
Жаңа піскен мәуедей,
Биік шынар әуелей,
Аш белінен құшақтап,
Өзіне қарай тартты.
Әбден дер кезіне жеткен
Сыпайы еппен.
Жас сұлу да бауырын жаза
Жанары жаутаңдап
Жігіт әуеніне қарай
Икемделе берді,
Құшағына енді.
Жан сырын білгізбеген,
Тірі жан қол тигізбеген,
Сырлы тобатайды
Алғаш сындырған
Жәнібек сұлтан
Қатты ұйықтап кетті.
Сүйіп алған серігі
Өмірлік досы
Сөйткен Жаған осы.



Қызым Айман, келнім Гүлшат, немерелерім Макпал, Максат, Санжар,
Олжас



Немерелерім
Акмарал, Айгерім



Мен Сембала келнім Гүлшат немерім Макпал, Санжар



Қайын сыйғым Райхан
және мен Сембала



Қызым Айман, немерем Айнур



Оң жақтан Ермек, Айман, Нилтай тәте, Салтанат.
Үйлену тойы Мейрам-Гульшат



Келіндерім Сәуле, Мейраш, Кенже, Сандуғаш, Гүлшат




Керімжан, Сәуле, Ақжол, Жандос, Айгүл, шөбере Нүрәлі.



Жолдастар: Нурима, Сафура Шакман Дүйекен, Гүлбайра, Сембана



Қайыным Керимтай, келінім Райхан, қайн сынғім Нілтай Қудағайын Әсет
және кішкентай мен Зиятай, Анархан



Керимжан
Айман



Қайным Керимта-Райхан, кызы Анархан



Немерем Айгүлдің үйлену тойында



Кенже, Қоблан, Қорлан, Мирас, Ержан.

ҚЫРҒЫН ҚЫСТАҚ

“Қырғын қыстақ” балладасын жазғанда өз тұрған жеріміздің тұрғыны Суанбаев Шаяхмет ағайдан барып анығын сұрап алған едім. Оқырман қауымды сол “Бес қақ” қыстауда мекендеген үш үйлі жан кімдер еді және екіқабат әйелдің аты кім еді деген орынды сұрақ мазалауы мүмкін. Әрине бұл оқиға ол кісінің айтуынша 1946 жылы желтоқсанның 30-31 жұлдызында болған. Бригадир Құлмұхамбет, әйелінің аты Несіпбала жас босанған, екеуі де баласымен қайтыс болған. Екінші үй Өксікбай, Тәтті кішкентай қызы үш күн емшегін еміп жатқан, олар екеуі де қайтыс болған. Олардан үш қыз бала қалған. Айтбала, Қантбала және кішкентай қыз баланың аты Сембала екен. Ал менің де атым Сембала ғой, біз оған Серікбала деген ат бердік. Ол қазір Балхаш ауданы Ақкөл мекенінде тұрады, ал үшінші үй Дәуітбай, Қайшатай. Қайшатай қайтыс болған, ал Дәуітбай кейін мұнда қайтыс болды. Ол кісіден бір бала болған, аты Мейрамбек. Одан он шақты бала-шаға бар, өсіп-өнген отбасы.

Осы оқиға болған қыстақтың аты Көк-өзек елді мекені. Бес колхоз біріктірілген — Елтай, Еңбек, Октябрь, Қызыл ту, Шаруа. Осы оқиғамен Шаруа колхозының тұрғындары зардап шеккен, басқалар аман. Сол кездегі колхоз бастық Сұлтангерім Нүргелдіұлы. Басқарма Байтана Сүгірұлы, орынбасары Ақпан Үмбетов. Ауыл совет Байғоziев Асан.

Он үш жастан жоғары жастағы адамдар ауырады екен дейді. Үш күн домалап қан құсып қайтыс болады дейді. Оқиға бір ай көлемінде тоқтаған. Тоқтатқан Москвадан келген ғалым, профессор Жуков. Жуков туралы сол Ақпан ағайдың інісі Әлімбай Көжекбаев былай деп еске алады. Сол кезде ол кісі елулерге келген төртбақ, орта бойлы кісі екен. Сол кісіге Әлімбайды қаратқан. Әлімбай сол кезде он бірлер шамасында болса керек.

Көкөзек қазіргі Көк Жидеден елу километр қашықтықта, оқиғадан кейін елді көшірген. Ал мен әкешеммен сол жерде сегіз там деген оқшау үйде тұрғанбыз.

I

Жабыққан шақтың шертейін сырын,
Санамда сан жыл кірлеген.
Адамдар аз ба тойғанға мәз боп,
Өткенін тіпті білмеген.
Жеті жастағы бала едім сонда,
Есейдім ерте ержетіп.
Киім жоқ бізде, ол кезде солай,
Аяғымызда керзі етік.
Әкеміз кеткен соғысқа,
Көңілімізді ала ғып,
Жүзіміз төмен, ойшыл боп өстік,
Болған жоқ бізде балалық.
1946-қысы еді бұл,
Өмір мен өлім тоғысқан,
Ана жесір, бала жетім,
Тұралаған соғыстан.

II

Ажал алты, жүт жеті ағайынды,
Зар жылатқан жас кәрі талайынды,
Ойланып үнсіз бір сәт отырамын,
Сүйеніп қырау шалған самайымды.
Меңіреу дала үскірік, қарлы боран,
Кім жеткізді қайғылы зарды бұған?
Үш қора, қой қыстаған Бесқақ қыстау,
Қалайсың деп сұрама қалды бұдан.
Қариялар айтады көзбен көрген,
Сол күйі бізге жетті өзгермеген.
Шыр етіп дүниеге сәби келді,
Әрине, ол жерде жоқ “жедел жәрдем”.
Сәби келді азаппен араласып,
Үш-үйлі жан жыйылды хабарласып.
Бірі кесіп кіндігін нәрестенің,
Ал, біреу май ерітті қарынды ашып.
Уақыт мұрша бермес торығуға,

Көргенім жоқ, естіген сөзі куә.
Топырақ әкеп төкті және астына,
Тышқан қазып шығарған қорығынан.
Тағдырдың кім көнбеген құдіретіне,
Пендесін жібермейді өз еркіне.
Кез болды осылайша үш үйлі жан,
Кеселдің жазылмайтын бір дертіне.
Топырақ па, майдан ба не себептен,
Болған іс осы міне, бастан өткен.
Жас ана нәресте мен ересектер,
Мезгілсіз жан тапсырды күні біткен.
Дертіне тұрмайды ара сұм ажалдың,
Ғаріп-қасер жетімді көңіліме алдым.
Әуелде сөз қозғадым көңілім сеніп,
Қасірет түр бой бермей күшіне еніп.
Бір кішкентай қыз бала үш күн сонда,
Жатыпты өлген анасының сүтін еміп.
Хабар жетті ауылға осылай кеп,
Жаяу жалпы ат қойды бауырым деп.
Ақ жауып арулады міне, осылай,
Жан жақты бұл өлімге жиналған көп.
Жарасар ерге қару, әйелге ұршық,
Там-тұмдап жем іздейді жерден шымшық.
Бес колхоз мекен еткен Көкөзекке,
Осылай келіп жетті тағы қырсық.
Қайтқан ел домалады жаназадан,
Қан құсып көріп жатты жан азабын.
Кейінгі ұрпақтарым біліп жүрсін,
Жыр қылып енді мұны жазады кім.
Өседі көл жағалай қоға деген.
Дүр етіп ел сілкінді тоба деген.
Мәскеуден көмек келіп тексергенде,
Бұл ауру болып шықты оба деген.
Жеткізу мүмкін емес қыйын халды,
Ауыл сыртын жағалай қоршауға алды.
Біреу кіріп ,бір адам шықпасын деп,
Үш айдың көлемінде тыйым салды.
Қайыстай қажымайтын қара нарым,

Байтана, Асан, Ырғай ағаларым.
Нұрғали, Шаяхмет, Сұлтангерім,
Бөлісті бір күн тынбай елдің зарын.
Тәттібай, Иманғали, Керім, Ақпан,
Бір жан жоқ уайымсыз бекер жатқан.
Барлыбай, Орынбай мен Ахметше
Қиыннан қайыстырып, ебін тапқан.
Ғалым дәрігер Жуков келіп байсалды,
Он бес күнде ауру бетін қайтарды.
Амал қанша 41 адам қаза боп,
Қырық бір үйдің шаңырағы шайқалды.
Жақсының бір сөзіне пұл жетпеген,
Кім келіп бұл дүниеге кім кетпеген.
Келгенде аларына Алла тағалам,
Өзінен басқа жанды үндетпеген.
Ойласаң адам-керуен, ажал-күзер,
Тыңдаушым кем кетігін өзі түзер.
Осындай аяқ асты қасырет бар,
өмірден жаның шошып, күдер үзер.

III

Асыл анам қолы қысқа болса да мойымаған,
Күні ертең не боларын ұға ма адам.
Сол күні ерте тұрды күндегіден,
Сірә бір сыр деймін ойына алған.
Ерте тұрып мені алып жетегіне,
Көшені бойлай жүрді көтеріле.
Көше бойы жыйылған қалың адам,
Бізде кеп тұрлық шеттеу етегіне.
Сол бір күннен сыр шертейін аздаған,
Кезең еді ел бірлігі азбаған.
Шоғыр топта жәутеңтейді жетімдер,
Үй ішімен бір жүруді жазбаған.
Жүретін автобус жоқ адам тасып,
Жүк тасыйтын машина үсті ашық.
Отырғызып қойыпты көрпе төсеп,
Үрпиіп тұр балалар құты қашып.

Бір адам топ ішінен шығып алға:
- Күн суық, жол да алыс - деді алда -
Бір ұл, бір қыз үш айлық жас бала бар,
Бала ғып алам деуші адам бар ма?
Құтқарған қыйындықтан талай жерде,
Апамдай көрмедім мен нағыз ерді.
- Біреуін мен алам, - деп селт еткізді
Обасы жұғады деп тұрған елді.
Мөрін басып қол қойған қуәменен,
Сонымен алдық қызды уәдемен.
Атымызға аударып аты жөнін,
Сол жерде жазып берді қуәлігін.
Құшақтап қызды алып үйге келдік,
Бір жылап, бір қуанып күйге ендік
Орауын ашып қыздың қарағанда,
Сау жер жоқ жара болған күйін көрдік.
Ыдыбай түп нағашым тәуіп еді,
Апамның бірге туған бауыры еді.
Үйінен алдырды да нағашымды,
өзің айт қалай болады емі деді.
Саудырып орта шелек сүт алдыртты,
Жылы сүтке баланы шомылдыртты.
“Он бес күн осылайша қайталайсың,
Болады сонда мұның түбі мықты.
Тамақтандыр ешкінің сүтімен,
Нәтижесін берер сонда күтімің.
Сүтке салып және бер бидайдың ақ талқанын,
Жазылады осылардың күшімен”
Біреу кетеді өмірден, біреу келер,
Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер.
өлмегенге өлі балық жолығады деп,
тірі жүрсең барлығын көзің көрер.
Бауырым болады деп көңілім кенген
Сол қыз еді
Үш күн өлген анасының сүгін емген.
Ол елу үш, мен қазір алпыстамын,
Айта жүрер адамдар көзі көрген.
О, жер-ана, сыр сандық қасиетті,

Қуанышпен бөліскен қасіретті.
Мен туған жер Көкөзек Зараухадан
Жоңғардың да жорығы жосып өтті.
Балық ұстап, аң аулап, егін салып,
Ата-анам сол істі кәсіп етті.
Қар жауып, із басылып, о дариғай,
Ойпаң қырат үстіртті жасыл етті.
Ашылып айтса тарқар көңіл кірің,
Айтпаса кім біледі кімнің сырын.
Кейінгі ұрпақтарым оқып көрші,
Апаңның алпысыныда құрған жырын.
Артық бір жыйған менен мал менен бақ,
Ешқашан әпермейді адамға ұшпақ.
Осындай аяқ асты қасіреттен,
Атанды сол мекен жай “Қырғын қыстақ”.

КҮНДЕЛІК БЕТТЕРІНЕН

18 желтоқсан (1999), қоян жылы

Міне, биыл 60 жасқа толып отырмын. Жарайды ес білмеген жылдарымды шығарғанда не істеп, не тындырдым. Өткен мен келешекке ой жүгіртетін кез келді. Адам есейген сайын өткен өмірдің көз алдыңнан киноның лентасы сияқты өтіп жатады екен. Өз теңімнен қалмай Отаныма отыз бес жыл еңбек еттім. Одан ата-аналарымның алдында перзенттік борышымды атқардым, бағып-қағып еш қатты ауыр сөз айтпай, ренжітпей, ақ жауып арулап, соңғы сапарға шығарып салдым. Отыз жыл енемнің қолында болдым, сол кісінің ығына жүріп, тілін тауып, ата-енемді ақ жуып арулап аттандырдық. Өмірге перзент әкелдім, оларға жолдасым екеуіміз оқытып жоғарғы, орта білім бердік және әрқайсысына тойын жасап үйлендірдік, шамамызға қарай бөлек-бөлек үй ғып шығардық. Өмірім қиын болса да өз жолыммен жүрдім, еш пенденің лауазымына карамай, ешкімнің алдында жорғаламай жетістіктер мен кемшіліктерімді қатар көтере жүріп, көкірек кермей, біреуінің намысына тимей өмір сүрдім және балаларыма да өз беттерінше өмір сүруді үйреттім.

8 қаңтар, 2001 жыл

Жаңа заман, екі ғасыр тоғысы, бұл заманға жеткен де, жетпеген де бар. Біз Алла жазып, осы өмірге куә болып, көріп отырмыз. Кім біледі, екі ғасыр тоғысын

көрген адамдар бақытты адамдар дейді ғой. Биыл, міне жылан жылы, ғалымдардың айтуы бойынша жылан жылдарында ылғи сәтсіздіктер болған дейді, Алла сондайдан сақтасын. Демалысқа Астанадан Алматыға келген немерелерімді Астанаға алып жүріп кеттім. Сағымдалған сағым дала ұшы қиыры жақ, айналайын ата-бабаларым-ай, оқымай-ақ неткен кемеңгер едіңдер, осынша жердің шекарасын ат үстінде жүріп қалай белгіледі екен. Бір атпен жүрсе жетпейтін жерге бір сәткеде келіп жеттік. Мейрамым қарсы алды, күнім, мен өз баламды көріп, Гүлшатөз балаларын көріп мәзіре жай болып қалдық.

20 қаңтар, 2001 ж.

Жастардың да өз ортасы бар, ол өздеріне қызық, ал, менің бұл жерде көп таныстарым жоқ, аздап ішім пысады, бүгін сағат беске, балалардың жолдасы Бақыт, Гүлназия деген жастар үйіне шақырды. Жақында соңғы үлгімен соққан үш бөлмелі үй көздің жауын алады. Айналайын елім-ай, осылардай жас кезіміз, орыстардың солақай саясаты, ауылда еңбек етеміз, кімде кім бір мекемеде ұзақ жыл жұмыс істесе соларды кезекке қойып Алматыдан үй береміз дейді. Сонда жиырма жыл кезекке тұрып ақыры ала-алмағаным есіме түседі. Ал, қазіргі жастар бақытты, міне, бір-екі жылдың ішінде бәрі орналасып жатыр, тек ерінбей еңбек ет, өз еліңе, өз Отаныңа – Қазақстаныңа, өмір осынысымен мәнді.

4 ақпан, 2001 ж.

Бүгін Мейрамның Еркін деген жолдас баласы үйіне қонаққа шақырды. Бес-алты семья, орта жастағы адамдар, бір жетпістен асқан ана және мен. Өте қызықты отырыс болды. Әркім өзінің жастық шақтарын еске алып, қызық әңгімелер қозғады, әңгіме демекші оның өрбу себебі Еркін өзінің болашақ қызын әкеліп туыстары мен жолдастарына таныстырды, сымбатты бойжеткен.

Жастық шақтың өзі де әр адамға сұлулық сыйлаған ғой. Осыдан үш жыл бұрын 11 тамызда қасиетті Кенен әкем түсіме кіріп , маған бір маңызды сөз айтады, ал мен онша мән бермей өзімше қолымдағы қаламыммен жазу жазып отырмын, менің сондайым бар. Бірақ оянған соң ол кісіге арнап үш-төрт шумақ өлең жазғаным бар. Сол түстің сәті түскені ме қалай, кешегі отырыста сол Кенен атамның баласы Бақытжанмен бірге болдым және Шынар Мәлікқызы деген журналист қызбен таныстым әрбір өнер адамы, өз еңбегінің жарыққа шығуын және ел құлағына жетуін қалайды. Шынар өте сымбатты, елгезек қыз екен. “Апа мен сізді өзім тауып алам” деп біздің үйдің мекен-жайын жазып алды. Кім біледі? “сабақты ине сәтімен” дейді ғой қазақ.

6 ақпан, 2001 ж.

Бүгін теледидардан супер бокс — Американ боксшысы Алекс Гонзалес пен Балхаш түлегі Василий Жиров Қазақстан атынан сайысқа түсті. Кешкі сағат тоғызда Алматы қаласы Балуан Шолақ сарайында салтанатты түрде ашылды. Бұл салтанатқа Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы қатысты. Алдымен Американың ел ұраны мен байрағы көтерілді. Одан кейін үстіне барс бейнесін бейнелейтін киім киген Василий Жиров ортаға шықты. Қазақстанның байрағы көтеріліп , ән ұраны айналғанда шын толқу үстінде отырдық. Мен көзіме жас алып, аяқ-қолым суып сала берді. Алла-әруақ, Қазақстанның мәртебесі биік болса екен деп. Жарыс деген қас қағымда ғой , Вася бір жарым минуттің ішінде Алексті ұзынынан түсірді, халық Васяны көтеріп әкетті, Елбасы да қатты толқу үстінде еді. Вася өзінің беліндегі титулын Елбасына сыйға тартты, ол кісі де ағынан жарылып , Васяның бетінен сүйді, көк байрақты қолына ұсынды, осыдан кейін бойымда қан жүгіріп сала берді. Біз қызу қанды елміз ғой. Қазақта сөз бар: “Баласы атқа шапса — анасы тақымын қысады” деген. Ел намысын, жер намысын, жесір намысын намыстаған елміз ғой. Қанша азамат өз

ошағына ие бола алмай, аз күндік ауыртпалықты көтере алмай азғындап бара жатыр ма қалай , қайран елім-ай, ол аз болғандай нашақорлық пайда болды, қыздардың жезөкшелігі, көшеде тұрып өздерін “сатуы” бәрі жаныңды жегідей жейді.

“Қара көздер кімге ғашық болдыңдар, өз арысын, өз асылың тұрғанда” деген қарағандылық ақын Ділдәбеков Шынболаттың (иманды болғыр, атын ұмытып әрең таптым) сөзі тілге оралды, бұл кісі дүниеден өткен кісінің атын ұмытып қалады деуші еді. Қазақстанда өткен санақ бойынша қырық мың ер бала, алпыс мың қыз бала семья құра алмай қалған дейді. Оны қалай түсінуге болады, қазақ елі қалай көбейеді, кешегі қызыл қырғында да Бөгенбай әкеміз бір өзі 590 ұрпақ таратқан екен, ал қазіргі жастар жауапкершіліктен неге қашады. 1980 жылы Москва қаласына туристік сапармен барғанмын, сонда өз көзіммен көрген оқиғалар есіме түседі, Москвада 60 пайыз халық тек өз басы үшін өмір сүреді екен, балалары жоқ қалт-қалт етеді, дүкенге өздері барады, тамақ ішу керек не істейді. Еңбекке жарамсыз, адам аяйтындай, кейде мен сондайларға қайырымсыз көзбен қараймын. Кезінде ұрпақ таратуды күш көрген: оларды күту, туу, өсіру, оқыту, үйлендіру соның бәрі оларға жүк болған, ал күндер өткенде соның тақсіретін тартып отыр, мейлі тартсын . “Еңбектің зейнеті бар” соны ұмытпаңдар, ал үйленбей қалған ұл-қыздарым асығыңдар, өмірден өз үлестеріңді алыңдар, ұрпақ таратыңдар, өмір бір-ақ рет беріледі ойланыңдар, киім бәрін табуға болады, ал адамның орны бөлек, дүние сонымен қызықты, дер едім.

11 ақпан, 2001 ж.

Бүгін менің өмірлік серігім Сағындықтың өмірден өткеніне 9 жыл толды. Сол кезде мен 52 жаста едім, қазір 62 жастамын. Жолдасыммен өмір сүрген отыз бес жылдың бақытты шуағына жылынып бала, келін, немерелерімнің қасында өмір өткізіп жатқан жайым бар, қазір кіші балам Мейрамның үйндемін Астанада.

Ертемен тұрып жеті күлше пісіріп, балаларыммен бірге атасын еске алып, бағыштап тамақ іштік.

Хош қарағым, иманды бол, бақи бол,
Бекер қарап отыра ма ақын қол.
Басың алтын, кеудең күміс болса да,
Аттанамыз ажал шіркін, жақын да ол.
Күндер өтті, киім бүтін, тамақ тоқ.
Бірақ, қалқам, сенсіз өмір, мәңгі жоқ...
Күзгі сүрең жапырақтай қалтырап,
Мазалайды саулап сұрап сан-сұрақ.

31 тамыз, 2001 ж.

“Қарап отырғанша бір нәрсеге жарап отыр” деген екен Төле би бабамыз. Қазір мен үйде көбінесе жалғыз отырамын. Бала мен келін жұмыста, немерелер мектепке сабаққа кетеді, сонда мен не істеуім керек.

“Елінде кәрің болса жазулы хатың,

Жайылған көліңнің алдында төбең болса ерттеулі атың” деген екен тағы да Төле би бабамыз. Жаңадан келін боп түскенімде атам зейнеткер екен, апам екеуі, ол кезде ел іші, ертемен тұрып малды жайғаннан кейін бәрі таныс, қыдырып кетеді. Үйдегі жұмысты біз тындырамыз, ал қазір мен қайда барам, ешкімді танымаймын.

Сондықтан қағаз бетіне күнделік жазуды ермек етемін.

Бүгін 31 тамызда Алла жарылқап от басымызда кішкентай бір сәби дүниеге келді. Гүлшатым, Мейрамым, күнім, мен сендердің тек бақытты болуларыңды тілеймін. Жер жүзіндегі барлық аналардың тілеуі сол шығар. Бұл нәрестенің атын атақты Олжас атасының атымен атадық. Ат тағдырлас болады дейді ғой, сол кісідей болса екен ботам... Санжарым, Сырымым әдейі ырым ғып батыр аталарының атын қойғам, солардай ел қамын ойлайтын азамат болып өссін.

Әумин!

11 қыркүйек, 2001 ж.

Ия, қайғы-қасірет болмай тұрмайды, қуаныш пен қайғы егіз деген. Өмір ағысында неше түрлі адамдар кездеседі. Дүниедегі сәттілік пен сәтсіздіктерді адамдар өздері жасайды және соның өтуін, мейлі қанша уақыт өтсін, қайта оралып жазасын алып отырады. 1945 жылы Жапонияның екі бірдей қаласы – Хиросима, Нагасаки атом бомбасын тастап қырып салған Американың кеше үш бірдей қаласында жарылыс болды, теледидардан бүкіл жер жүзі көріп дүр сілкінді, адам таситын 4 ұшақ Вашингтон мен Нью-Йоркта бір жүз он қабат сауда орнына келіп соғып жермен жексен етті. Ертеңгі сағат 8.45-те жұмыс уақыты толық басталған кез болса керек. Ал осы сауда орнында 50 мың адам жұмыс жасайды екен. Бейкүнә, ойларында ешнәрсе жоқ жазықсыз жандар. Әркезде қара халық зардап шегеді. Ақылсыз басшылардың кесірі бейкүнә сәбилер мен ата-аналарға қасірет әкеледі. “Біреуге ор қазба, қазсаң терең қазба, өзің түсесің” - дейді қазақ. Биыл жылан жылы, осы жылдан аман есен өтсек екен. Қаз тұрған қазақ елінде және бүкіл жер жүзінде бейбітшілік орнаса екен, бұл мен сияқты қарапайым аналардың тілегі.

22 қыркүйек, 2001 ж.

Бүгін кешкі сағат 7.30- да Астана әуежайына Иса (с.ғ.с) пайғамбарды өкілі, әлемдегі татулықтың елшісі, жер бетіндегі ең беделді адам, Рим патшасы Иоанн Павел екінші қазақ топырағына келіп табан тіреді. Ол кісі ұшып келген ұшақтың тұмсығына екі елдің туы ілінген Қазақстан, Ватикан. Әуе жайда Елбасы өзі қарсы алды. Елбасының әуе жайда қарсы алуы өте сирек болатын жағдай екен.

Иоанн Павел екінші жер шарының 127 мемлекетінде болған екен, оның 20-сы ислам дінді ел дейді, ал Орта Азияға келуі бірінші рет екен. Иоанн Павел екінші 1920

жылы туылған, өзі ғалым, ойшыл, ақын да екен, сегіз тілді еркін меңгерген дейді.

11 қыркүйектегі Америкадағы қайғыға қарамай Қазақстанға келуі бүткіл мұсылман еліне және Қазақстанға үлкен абырой әкелгені сөзсіз. Католик шіркеуінің басшысы Қазақстанды 10 жылдық егемендігімен құттықтады және біздің елге келгеніне өзін өте бақыттымын деді. Қонағын кім жақсы сыйласа, соның рахатын 70 жылға дейін көреді екен деді. Құдай жолы өзгенің құқын сақтаумен басталады және бүкіл қазақ еліне бейбітшілік, денсаулық тіледі. Жарты айдан бері түнеріп, бірде жаңбыр, бірде жел болып тұрған Астананың аспаны шайдай ашылды. Сенбесеңе лаж жоқ. Тек ел тыныш болсын, айтқаны келсін.

Әумин!

10 желтоқсан, 2001 ж.

Ата-бабамыз үш ғасыр армандаған, ел арманы болған тәуелсіздігімізге биыл он жыл толып отыр. Осы он жыл ішінде атқарылған іс қыруар. Бір ғасырда жасалатын жұмыс он жыл ішінде атқарылды десек артық айтқан болмас. Оны халық көзі қырағы қалт еткізбей бақылап отыр. Осы тәуелсіздігімізді одан әрі нығайтуға небір жетелі азаматтар үлес қосуда. Еңбек демалысында отырған біз де еліміздің амандығын, Елбасының саясатын мақұлдауамыз. Қазақстанда тұратын барлық азаматтар, қолынан іс келетін жастар жан-жақтарына жалтақтамай батыл да, табанды, бір беткей алғыр да өткір болыңдар, ел іргесін қатайтыңдар. Ақылдан сабыр артық, теңдесі жоқ байлық — қанағат, қайырымды болыңдар. Дүниені өзгерту үшін өздерің өзгерулерің керек. Қазіргі талап осы дер едім.

Тәуелсіздігіміздің он жылдығы биылғы Ораза айт мерекесімен қатар келіп отыр. Олай болса жаңа ғасырдың бірінші тойланайын деп отырған Ораза айт мейрамы құтты болсын, еліміз тыныш, Елбасымыз аман болсын.

Мен алғашқы ақ босаға аттаған кезімде 17 жаста едім. Мен келген үй Сары үйсіннің ішінде үлкен үй деп аталады екен. Әруакты үй деп көкпар шапқанда, армияға шақырылғанда осы үйден келіп дәм татады екен.

1962 жылы 16 майда сен дүниеге келдің, сағат он бірде. Өте әлсіз нәзік болып тудың. Мен сонда өте қатты қиналдым. Сол кезде мен 22 жаста екенмін. Әкең 25 жаста еді, ата-енем, әке-шешем, балаларым бәрі қасымда. Сол кез өмірімнің ең бақытты жылдары еді. Міне, содан бері жылдар жылжып 40 жыл көзді ашып жұмғанша өте шықты. Әр адам өмірге келген соң өмірден өз орнын табуға ұмтылады. Сен де күнім, солай қатарыңнан қалмай еңбек еттің. Бәрі-бәрі күні бүгінгідей көз алдымда. Ең алғашқы мектеп есігін ашқаның, одан он жылдық мектеп бітіргенің, жоғарғы оқу орнын, әскерлік міндетінді, семья құруың, өмірге перзент келгені бәрі өз жолымен келе жатыр. Біз де кезінде әкең екеуміз осылай өмір жолынан өткен едік. “Әке көрген оқ жонады, шеше көрген тон пішеді” деген сөз бар. Мен де кезінде ата-ененің қолына түсіп, сол кісілердің көңілін тауып, 30 жыл енеммен бірге тұрдым, осы балалар сол кісінің бауырында өсті.

Мұхаммед (ғ.с.) Пайғамбарыңыздың кезінде бір сахабасы алдына барып “Ия Расул Аллаһ мен Аллаһқа иман келтірдім. Енді екі дүниеде бақытты болу үшін не істейін” деген екен. Сонда пайғамбарымыз “Әуелі өз уақытыңда намазыңды оқы” одан кейін ата-анаңа бір жақсылығыңды жаса, Әсіресе, анаңның ризашылық батасын ал. Сенің жұмаққа кіруің анаңа байланысты. Соның сауабын алсаң бұл жалғанда да, ахиретте де бақытқа жетесің” деген екен.

Менің осылай аман есен жүруім, балаларымның осындай халге келуі сол ата-енем мен әке-шешемнен алған ақ баталарымның арқасы деп ойлаймын.

Қазақта мақал бар: “Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп” деген. Ұлы Абай

айтқан екен “бір күндік өміріңе есеп бер не істедің, не қойдың, соны кеште ой тізбегінен өткіз” деп.

Ал қазір мынандай мақал бой көтеріп жүр: “Жолдас менің кейінгі тапқан туысым” деген. Несі бар жүз сомың болғанша жүз жолдасың болсын. Сол сияқты Ерлан 40 жылдық өмірде жеткен жетістігін бауырларына, жолдастарына, бажаларына, балдыздарына, келін, жеңгелеріне, туыр-туғандарына көрсетіп отыр. Ал балаларыма, осы отырған жастарға айтарым:

Адам боп өмірге келген соң, өмірден адам боп кету ләзім. Сол адами қалыпты жақсы ұстап, асып-тасып, жаңылыс баспай, барлық жаман қылықтардан аулақ болыңдар. Алла беруін береді, бірақ соны басып отыратын салмақ керек, салсақты болыңдар дегім келеді. Ал осы отырған жастарға өткір де алғыр азамат болыңдар. Ата бабамыз үш ғасыр аңсаған егемендігімізді нығайтыңдар, қайырымды болыңдар. Өмірді өзгерту үшін өздерің өзгерулерің керек дер едім. Үй ішінде әйелдің атқаратын ролін білесіздер, әйел ана, “әйел азса ел азады” дейді қазақ. Ер адам қанша табыс тапса да әйел үйден құрамаса болмайды. “Мал таппайтын еркек жоқ құрарын айт, бала тумайтын әйел жоқ тұрарын айт” деген. Мен Сандуыма ризамын бір күн тынбай жұмысына шығарып салып, күтіп алып, алдынан күліп қарсы алып, күш беріп отырады. Ер адамға керегінің өзі осы деп білем. Санду, Ерлан, сендер де маған ұқсап ұлынды ұяға, қызынды қияға қондырыңдар. Ұзақ өмір сүріңдер, бастарыңа бас, жастарыңа жас қосылсын. Үйлерің құтты болсын, өздерің тұрып қызықта, іші толсын бұзыққа.

14 қазан, 2002 ж.

Бүгін мен үшін ең бақытты күн болды. Көптен күткен жыр-жинағымды балаларым – күндерім жарыққа шығарды. Жүз беттік, екі жүз дана. Бұл жинақ өз көңілімнен шыққандай. Бірінші еңбегім ғой, оқушылар калай қабылдайды. Кемшілігі болса ой түйермін.

Сөз қабірін ұққан білер салмағын,
Қызғанышпен қарайтындай жан-жағым.
Дүниеге бекер келіп, құр кетпей,
Артыма бір сөз қалдыру арманым.

Халықтың бастан өткерген тарихының әр беті бізге қымбат. Соған орай егеменді ел болғаннан бері қаланың, даланың, көшенің де аттарын тарихта қалған бабаларымыздың атына байланыстыруымыз да тегін емес шығар. Ат тағдырлас болады дейді ғой.

Бүгін түнгі 12.30-да өмірге кішкентай нәресте келді. Сандуым, айналайын, аман есен қол-аяғын бауырына алды. Нәрестенің атын Қабанбай бабамыздың негізгі аты – Ерасыл деп қойдық. Сол бабаларындай ел қамын ойлайтын азамат болып өссін, ата-аналарының жастары ұзақ болып, балаларының қызығын көрсін. Әумин.

20 маусым, 2003 ж.

Иә, туған жер, атамекен, әр адамның тағдыры сол жерге байланысты. Сол жерден алған әсерінді бойыңа жинап, көңіл сүзгісінен өткізіп, бойыңа құя білуің керек.

1964 жылы маусым айының 14 жұлдызында аса құрмет тұтатын адам өмірден өтті. Өтерінде көзіне жас алып “әлі жассыңдар, мен өткен соң қалай болар екен?” - деді мені қасына шақырып.

“Көрген түсім бар, балам, көсегең көгереді, тең шаңырағыңды сақтай біл”, - деді соңғы сөзінде.

Қазақта мақал бар, қыздар тұрмысқа шығар алдында “барған жеріңе судай сің, балдай бат” деген. Не деген сөз, ұққан адамға.

Ақ босаға өзіңнің келген жеріңе деген махаббатыңды алдымен отбасыңды, ата-енеңе, ауылдастарыңа арнамай тұрып, баршаға ортақ боламдеу жайдақ мінез емес пе? Қасиетті қара шаңырақ, сенің арқанда көсегем көгеріп отырмын деп басымды иемін. Нарық қыспағынан елден жырақтап қалдық па деген бір ой маза бермейтін. Өткенде ат басын бұрып бейіт басына барғанымда жел,

жаңбыр суына шайылып құлау қаупінде тұрған ата бейітіне тәу етіп, қайын, қайынсіңлілерім, балаларымның басын қосып, “қайткенде кейінгі ұрпақтың алдында ұятты болмаңдар, жөндендер” деген ой тастадым. Сол сөздің сәті түсіп қайын, қайынсіңлілерім, немере-шөберелерім тегіс жиылып, 20-маусымда 39 жылдан кейін өз қалпына келтірді.

Алла астамшылыққа жаза көрмесін, аруақ разы болсын, алпыс-жетпістей ағайын-тумамды шақырып, екі малды құдайы жасап, үлкендердің батасын алдық. Және біреуін де құр тастамай, ерлерге жейде, әйелдерге жаулық жаптық. Мен атама арнаған жыр-жинағымды тараттым. Көптен ойда жүрген бір істі тындырып, иығымыздан жүк түскендей болдық.

Алла разы болсын. Әумин.

24 наурыз, 2004 ж.

Талғар қаласы төңірегіндегі Талдыбұлақта болған қаралы оқиға бар қазақтың қайғысына айналды. Тау жынысының жылжуынан қос қабатты тұрғын үй белінен опырылып түсті.

29 адам топырақтың астында тұншығып өлді. Осы құлаған үй “Дәуір” компаниясына тиесілі екен. Сол жердегі “Ақ қайың” санаторий өткен жылы ғана қытайлықтырға 50 жылға жалға беріліпті. Жексенбі күні түнде болған құм қабатының көшкінінен 9 қытай жұмысшысы опат болған, 500-ге жуық адам зардап шекті. Талдыбұлақ аулының тұрғындары бұл қауіп Төтенше жағдай комитетіндегілерге белгілі болғанын айтып отыр. Олар көшіндер деп те ескертіпті. Ақшасыз, баспанасыз тұрғындар қайда барып паналамақ?

Қайғылы жерге Елбасы тапсырысымен премьер-министр Даниал Ахметов те келді. Облыс әкімі Шалбай Құлмаханов та жетті.

Үйсіз-күйсіз қалғандарға пәтер берілді. Марқұм болғандардың отбасына жәрдем берілді.

Осымен іс бітті ме? Ішінде алты бала бар, 29 адамның

өмірін ақшамен өлшеу мүмкін бе? Әрине, жоқ. Өркениетті елдерге осынша адам қайтыс болса, ел жалауын төмен түсіріп, аза тұту рәсімі болады. Ал бізде ше? Қоғамда адамнан үлкен күдірет, байлық жоқ емес пе? Қайғылы жағдайдың алдын алмағаны үшін жергілікті басшылар, әкімшіліктер неге жауапқа тартылмайды? Қырылып қалған соң, қаржы шашқаннан кімге пайда түспек? Кінәлілер жазаланғанда ғана, бұл оқиға баршаға сабақ болар еді.

9 мамыр, 2004 ж.

Бүгін Жеңіс күні. Менің әкем соғысқа қатысқан адам. Ол кісі 1980 жылы қаңтардың 11-інде дүние салды. Сол Көкөзек елді мекенінде жерленген. Ол кісі қайтқан соң анам жалғыз қалды. Ермек ол кезде әскери борышын атқарып жүрген. Бақаната жаңа құрылыс жүріп жатқан күз еді, содан үш бөлмелі үй әперіп, көшіріп алған едім. Кейін ол кісіде дүние салғанда Бақанаста жерленген. Өз әке-шешем үшеуі жапсаралас бір жерде жатыр. Көкжидеге келіп бір мал құдайы бермедім-ау деген ой мазамда кетіретін, соның сәті бүгін түсіп, балаларыммен, немерелеріммен бәріміз келіп, ағайын, көрші-қоландарды шақырып тамақ бердік. Ақ төбенің үстінде тұрған өз үйімнің сыртына барып, немерелерімді ақ төбенің үстіне біраз аунатып, “мынау сендердің аталарыңның үйі” деп таныстырдым. Есіктің алдындағы ескі сарай әлі қылқиып тұр. Соның тұтқасынан біраз ұстап тұрдым, анам мен әкем ұстаған тұтқа ғой. Жас кезімізде бала-шағаларымызды жұма күннен бастап кір-қоңын жуып, тамақтарын даярлап, енемнің де керектерін даярлап беріп сенбі күні жолдасым екеуміз “Көкжиде қайдасың” деп тартып кететін едік. Сонда үйіміздің жанындағы көрші Қамзабек деген үлкен қария кісі бар еді. Сол кісі айтқан екен “Көжедей көп бала бергенше, Әденнің қызындай бір-ақ бала бермей ме Алла” депті. Ол мақтанғаным емес, әке-шешеме деген қайырымдылығымды айтқан шығар. Келіп тоқтағанда

көршілер бәрі жүгіріп келеді. Қаниша әпкен, шешемнің бірге туған бауыры, көршілер Сембала, Дәрітай, Бубайым бәрін құр тастамай, өздеріне қажетті шай-тәттілерін әкеп беруші едім.

Серікбала сінлім айтатын еді “Тәте, сіз келсеңіз барлық көрші келеді, мен келсем ешкім, келмейді” деп. Мен “сен ешнәрсе бермесең, кім келеді?” деуші едім. Анамды мен “жеңеше” деуші едім. Себебі мен басқа тәрбиеде өстім ғой. Сол кісіге қатысты бірер сөз. “Үйге келген соң күнім-ау, өз үйіңе келген кісіге ұқсап мына сандықты ақтарып қарасаңшы”, - дейтін. Немерелеріне алған зейнетақысын әр шүберекке түйіп, сандықтың бұрыш-бұрышына салып қояды. Сөйтсек, ақтарғанды алсын дейді екен ғой, жарықтық.

Әкемді мен “аға” деуші едім. Өз шешем Маржан апам менің сол кісілердің үйіне көп баруымды қаламайтын, әлде қызғана ма, жарықтық, бірде жазғы демалыста мені өзі ертіп барды. Төсекті апам екеуімізге бірге салды. Ертемен тұрған әкем мал жайғауға шығатын болды да мені “көкем” көкем деуші, “көке, аяғыңды шығаршы көрпеден, мен сүйейін” деді. Апам: “сен аяғыңды тығып қой, мен шығарайын” деді де, апам аяғын шығарды. Әкем “күнім, күнім, жаным құрбан” деп апамның аяғын сүйіп-үйіп малға шығып кетті. Біз күліп жатырмыз. Міне, сөйткен ата-аналарымыздың сенімін ақтай алдым ба деген ой келеді.

Ал, Шаймұхамбет әкемді ата деуші едім. Ол кісі он саусағынан өнер тамған нағыз еңбек адамы еді. Өзі ұста, аңшы, ел тамақ таппай отырғанда біз дүкеннен ұн, қант қана салып алатынбыз. Кеш батқан соң ауын алып, су жағалап кетеді. Іле өзені іргемізде ағып жатыр ғой. Жақын жердегі дәу ағашқа ауды байлап қойып, таң алдында балық жүреді екен, сол уақытты пайдаланып ертеңіне екі қап балықты есекке артып келетін. Апам екеуіміз балықты аршып, тазалап, қақтап екі бақан ғып келтіріп аламыз, ол балық “балық” шабақ деп аталатын. Майы ағып тұрады. Ал ішінен түскен майды қазанға шыжғырып, 3 литрлік шыны ыдысқа құйып қоятын.

Оған балық қуырамыз, керек болса нан да пісіретін. Кейін Іле өзеніне “судак” деген балық жіберіп, шабақты құртып жіберді ғой.

Біз түйе ұстайтын едік. Ұрғашы ботасы бар болатын. Біраз демалып болған соң әкем түйесіне мініп, қырға қоянға, түлкіге қақпа салатын. Оны екі-үш күнде бір торып, бір өтірігі жоқ 20 шақты қоян, 3-4 түлкіден әкеледі. Біз апамыз екеміз қоянды сойып, тұздап кептіреміз. Кепкенде жылы етінен бір кем емес, қуырғанда ауыздан алғысыз. Түлкінің, қоянның терісін өткізіп, ол кезде “Живесирио” дейтін дайындау мекемесі болатын, сонда ұн-қант алады. Бір сиырымыз, оншақты уақ мал, қой, бір түйе, сонымен өмір сүріп жатқан кезімізде, бұл 1960 жылдары болса керек, Хрущевтың тұсында бір күні милициямен үйге келіп, “жаңа заң шықты, ірі малдан біреу, уақ мал сегізден аспасын, не түйенді, не сиырынды етке өткізесің” деді. Біз шошып кеттік. Әке-шешем жылап, не істейміз деп, ақыры ақылдасып түйені берді. Сонда алып бара жатқанда боздағаны, көзінен моншақ-моншақ жас ағып кете барды. Әкем бірнеше жыл “жануар түсімнен шықпайды” деп жүруші еді, жарықтық. Елді жалқаулыққа әдейі үйретті ме, кім біледі. Түйені әке-шешем екі шелекпен екі жағынан түрегеп тұрып сауатын. Күніне бірнеше рет келгенде боздап келеді. Ол сүттен шұбат жасайды, сүтті шайға қатса, қандай үйіреді, ол кезде сату дегенді ел білмейді. “Шәкеңнің үйіне барып шұбат ішіп келейікші” деп үлкен қариялар келіп ішетін. Мені “ақ түйелі шалдың қызы” деуші еді.

Әкемнің түйе ұстау себебі атадан келе жатқан кәсіп қой, әйтпесе жалайырлар түйе малын ұстамайды. Ал шындығында түйе малы шөлге шыдамды, шөпті де талғамайтын, саусаң сүт, шұбат, сойсаң ет үш жылда бір туады. Туғанда ботасын көрсеңіз ғой, апам ботаны ешкімге көрсетпей ши ішіне ұқсайтын, басына үкі тағатын көз тиеді деп. Сол ата-анамнан алған тәрбием бе мен еңбекке ерте араластым, шүкір ешкімнен кем болмай еңбегімнің зейнетін көріп отырмын.

22 мамыр, 2004 ж.

Қасиетіңнен айналайын туған жер, бізсіз гүлдеп, бізсіз өмір сүре алар, ал біздің рухымыз онсыз биік самғамақ емес. Бақанас – Алматы облысы, Балхаш ауданы, Іле өзенінің оң жақ жағалауына орналасқан аудан орталығы, жері тақырлау, құмды, сортаң. Ертеде үнемі жел соғып, бес метрде жүріп келе жатқан адам бір-бірін көрмейтіндей болатын, кейін күріш совхоздары ашылып, канал арқылы су жіберген соң шаң мен жел кішкене саябырлаған. Ал мен туған жер Көкөзек елді мекені – Бақанастан 80 километр арыда орналасқан. 1946 жылы оба деген ауру шығып, елді мекенді қазіргі Көкжиде 50 километр аралыққа көшірген. Сол мен оқыған мектептің 70 жасқа толуына байланысты жиынға шақырыпты. Сол жиынға 22 мамырда барып қайттым. Өзіммен бірге оқыған бірлі-жарым замандастар қазір жетпісті алқымдап қалған. Ал ата-анаммен бірге жүрген қариядан екі-ақ кісі қалыпты. Бірі – Зәуке апа, қазір төсек тартып жатыр екен, екіншісі – Ажар жеңгем, ол кісінің көзі көрмей қалыпты. Бұрын елге келгенде құшақтап, бетімізден сүйетін үлкен адамдардың бірі де жоқ. Жан-жағыма қарап, еріксіз көзіме жас алдым.

1934 жылы Балхаш ауданы Көкөзек елді мекенінде алғаш есігін айқара ашқан білім ордасы бүгінде 70 жасқа толып, ақ сақалды қария жасына келіп отыр.

“Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан” дейді ғой, ел іргесін қалаған ағаларымыздың бүгінде бірі жоқ. Дүниеге шыр етіп келген әр сәбидің оңы мен солын танып, ел қатарына қосылып, азамат атанғанға дейінгі тәлім-тәрбиесі де, қайырымды әрі қатал сыншысы да осы туған ортасы.

“Туған жерді сүю дегеніміз өмірбақи өз жерінде байланып қалу емес. Шулы да, дулы әлемге назар аудармай табандап отырып алсақ, бұл да өмірге дұрыс көзқарас болмас еді” дейді Шыңғыс Айтматов.

Яғни, ақпайтын көл секілді өз өзімізбен тұйықталып, әлемдік даму мен өркениеттен құралақан қалар едік.

Қазір де осы мектептен түлеп ұшқан жастар Қазақстан және шет мемлекеттің әр саласында еңбек етуде. “Атың барда ел таны желіп жүріп” дегендей, күш-қуатың бойыңда тұрған шақта, көкірек көзін ашып, дүниенің ойы мен қырын шолғанға не жетсін. Десе де, жер шарының қай ендігінде, қай бедерінде жүрсең де, қайта соғар, сағынышыңды басар, темірқазығың – туған жерің. Сонымен байланысыңды үзбесең ғана көздеген мақсатына жетерің хақ.

Өйткені өзге топырақ, өзге ауа, өзге су оның орнын толтыра алмайды. Соның айғағы бүгінгі басқосуымыз. Мектеп директоры Мырзағұлов Науатбек мырза келген адамды құрметпен қарсы алып жатыр. Осы мектептің алғашқы 1934 жылғы директоры Төлепбеков Серік ағайды, алғашқы сауаттандыру мектебінің мұғалімі Бұлғақбаев Ақылбай ағайды, 1946 жылы алғаш қолыма қалам ұстатқан Құрманов Сматай ағайды, қазір көзі тірі Молдақалымова Рахима тәтемізді, Молдабаев Құдабек ағайды құрметпен еске аламын.

Бүгінгі ашылып жатқан білім ордасынан әлі талай ел басқаратын өнерлі, ел қажетіне жарайтын ұл-қыздарымыздың болатындығына мен сенем.

Ер азамат бірде арыстан, бірде түлкі дейді ғой. Арыстан мен түлкінің арасында өмір сүріп келеміз. Теңіз деңгейі секілді Пайғамбардың жасы адам организмінің шарықтау шыңы екен, одан кейін құлдырай бастайсың.

Өмірдің қызығы көп жасағанда емес, жасаған жақсылығында.

Көкжиде елді мекенінде 100 үй отбасы тұрады, ел іргесі бұзылмай сол баяғы күйінде өмір сүріп жатыр, оған себеп, осы ауылдан түлеп ұшқан Ахметов Сағындықтың тікелей көмегінің арқасы. Қазір өз қаражатына мешіт соғып, бітуіне аз-ақ қалыпты. Олай болса Көкжиде тұрғындарына “ел бірлігін сақтаңдар, көмекке келіп жатқан азаматтарыңды құрметтеңдер” дер едім. Еткен еңбек ескерусіз қалмайды, кейінгі ұрпақ өз орнына қояды.

Неге халқым, бүгін мен аласарам,
Аман ба, үлкен-кіші, бала-шағаң.
Еліңде ел сыйлайтын кім бар десе,
Олармен иық тіреп, таласа алам.
Арман тұр алдымызда асқаралы,
Өресіз аз билікті басқара ма?
Ауылда түлеп ұшқан азаматтар,
Ел тізгінін ұстап жүр астанада.

29 маусым, 2004 жыл

Қазақ халқының, тіпті түркі тілдес қауымның біртуар перзенті Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев әкемізді әркез құрметпен еске алып отырамын. Димекен Бақанас сайлау округінен қатарынан бес рет КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. СОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі сайланған жеріне бүкіл әлем көзін тігетін. Сонда Бақанастың бүкіл планетаға, әлемге даңқы шыққан жылдар еді.

Бірде Алматыдан Олжас Сүлейменов Бақанасқа келді. Ол кезде әр мекемеден үздік жұмысшы қызметкерлерге билет беріп, жиынға шақыратын. Сондай бір билет маған да беріліп, қуана жиналысқа бардым. Олжасты бірінші көруім. Сонда ол кісінің мынадай бір сөзі есімде қалды. Мен деді ол кісі “Бүкіл жер шарын араладым десем, артық айтқаным болмас, бірақ осы іргеде тұрған Бақанаста бірінші болуым. Менің байқағаным, дәл осы жердің адамдарындай мәдениетті елді бірінші көруім” деді. Қанша биікте тұрса да Димекен туған елімен жиі қауышып, аудан мәдениетіне тікелей атсалысып отыратын. Аулан орталығында екі орта мектеп, бір мектеп-интернат, бір профтех училище бар еді. Мәдениет орталығы және сауда орталығы, үй басына телефон, Алматыдан Қараойға дейін салынған жол. Ақши мен Бадхаш ауданын жалғастыратын көпір. 1985 жылдың күзі еді, Димекен келеді деп қарбалас болып жатқан кез. Ауылдың әдеті ме қалай, көше сыпырып, ағаштарды ақтап, шарбақтарды жөндейді, ол кісі кеткен соң баяғы

калыпта қала береді. Тағы да мәдениет үйінде жиын, соған мен де шақыру алып қатыстым. Д.А.Қонаев, Н.Назарбаев, тағы да бірнеше үкімет адамдары келді. Сонда ардагерлердің алдында Димекен Нұрсұлтанның арқасынан қағып, “ел иесі осы” деп үш рет қайталады, біз бір-бірімізге қарап “ойпыр-ай, мына кісі демалысқа шығайын деп жатыр ма? деп ойладық.

1986 жылы желтоқсанда зейнетті демалысқа шығуына байланысты қызметінен босаған Димекеннің орнына белгісіз біреудің отыруына байланысты халықтың қарсылық білдіргенін ел біледі. Олжас айтқандай, біздің аудан азаматтарының мәдениетті деген баға алуы тікелей Димекеннің және ауданды 25 жыл басқарған азамат Аятолла Ахметов ағайдың өздеріне берілген жұмыстарын еркін меңгергендерінің арқасы болса керек. Біз уақыт өтіп, ел тыныштанған соң, ол кезде ол кісі зейнеткерлік демалыста Бақанасқа келетін болыпты, ауыл азаматтары шақырған болуы керек. Тағы да жол бойы қаптаған адам, ол кісінің келуін күтіп тұрған халық келіп тоқтағанда ол бұрыңғы сабырлы қалпымен машинасынан түсіп халыққа қарап, “халқым-ау, менен не күтіп тұрсындар, мен енді зейнеткермін, қолымда ешнәрсе жоқ” деді, көзіне жас алып. “Бізге сіз береріңізді бергенсіз, тек аман жүрсеңіз болды” деді халық бірауыздан. Бұдан кейінгі келуі ол кісінің сексен жасқа толуына байланысты еді. “Онша дабырдың керегі жоқ, жинақы қалыпта жасаңдар” депті. Ол жиынға мен қатысқан жоқпын, себебі ол кезде менің жолдасым науқас, ауыр халде жатыр еді. Елден естігенім, жанында Мәдина Ералиева мен Мақпал Жүнісова бар келіп, біраз ән айтып, көңіл көтерсе керек. Бұл жиын Бахтыораз атындағы орта мектептің актзалында болыпты. Бұл 1992 жылы болатын, ол кісінің біздің ауданға соңғы сапары еді-ау...

24 шілде, 2004 жыл

**Ақша қарда көп жүрсең,
Көзің бір күн қарығар.**

Ағайыннан шет жүрсең,
Көңілің бір күн тарығар.

Қазақта:

“Көсеуің ұзын болса, қолың күймес
Ағайының көп болса, ешкім тимес”

- деген қанатты сөз бар. Иә, ішсең де, жесең де көпке не жетсін. Менің жолдасымның бірге туған бауырының баласы Жандос қырғыздан келін түсіріп, сол ағайындар бізді қонаққа шақырыпты, сол жаққа барып қайттық.

Біз Алматыдан сегіз кісілік микроавтобуспен Бішкекке қарай жол тарттық, бұл 24 шілде еді. Арасы бес сағаттық жол екен. Шекарадан бізді қарсы алды. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін әр мемлекеттің шекарасы белгіленіп, үлкендерге төлқұжаттарын көрсету, ал балаларға тууы туралы куәлік көрсету керек екен.

Бішкек кішігірім қала екен, дұрыстап қараса біздің Алматының екі үлкен көшесімен пара-пар. Құдалардың үйі бір қабатты, бірақ еңсесі биік, төрт-бес бөлмелі екен, ауқатты. Есік алдында жасап қойған стол үстінде самаурынмен шай берді. Кішкене дем алған соң өздерінің жекеменшік мейрамханасына бардық. Сол жерде тамақтанып, үйге қайтадан алып келді, жақсылап төсек салып қойған екен. Содан демалып, ертемен ол кісілер бізді жайлауына апаратындықтарын айтты. Сонымен, өздерінен жеті-сегіз адам бәріміз үш машинамен жүріп кеттік. Қырғыздар затында өте қонақжай екен. Бір сағаттай жүрген соң Қара Балта деген мекен-жайдағы еңсесі биік екі қабатты үйдің жанына келіп тоқтады. Бұл үй Гүлсара құдағидың әкесінің бірге туған бауырының үйі екен. Есік алдында жасы алпысты алқымдаған Өмірғазы, Ырысжан деген құда-құдағилар қарсы алды. Жүздерінен нұр тамған нағыз еңбек адамдары екені бірден көзге ұрады. Кірген бетте қараған кісіге жұмақтың төріне кіргендей әсер аласың. Кіре берісте қол созым жерде жүзімдер самсап тұр. Ауланың сегіз сотық жерінде бір бос орын жоқ, рет-ретімен неше түрлі гүлдермен безендірілген. Күнделікті тамақ ішетін бөлмесінде ұлттық нақышпен жайылған сырмақ, құрақ

көрпелер көздің жауын алады. Помидор, қиярлары пісіп, өздері жұлып алып пайдаланып жатыр. “Құлдай еңбек ет, бидей тамақтан” деуші еді әкем, сол мақал көңіліме оралды.Үйге кіргенде қонақ күтетін бөлмеде үш қатар дастарқан жасап қойған, үсті толған неше түрлі тағам, біздің қазақтар сияқты бұлар араққа зорламайды екен, кім ішкісі келеді ішеді, ішпесең өзің білесің. “Жолда қарындарыңыз ашады, жеңіл тамақ” деп жатыр, сорпа, манты, қуырдақ. Жеңілі осы болса, ауыры қандай деп ойлап отырдым. Ол-ет екен.

Содан қайта жолға шықтық.Сағат жарымдай жүрген соң тағы тоқтап қарасақ таудың етегіне дастархан жайып,үстін жайнатып қойыпты. Қарағаш, алма, бақ, шырша ағашы. Жаңғақ дейсің бе, не түрлі жеміс, жері көкпеңбек, Қара Балта қызметкерлерінің саяжайы осы жерде екен.

Қангелді,Жангелді деген кісілердің, Жайыл батырдың тұқымдарының қыстаулары болған екен, біздің құдағи Гүлсара және бәрін ұйымдастырып жүрген Еркін Қангелдінің балалары екен.Және бір інісі Энс-әкімнің бірінші орынбасары, тағы немере бауыры министр екен. Жай өзіміз сияқты сол жерде қарсы алды,ешқандай менмендік жоқ,өте қарапайым, ішімнен біздің бідің осындай министр ағайынымыз болса, бүйтіп келмес еді деп ойладым.

Қырғызстан жерінің жартысынан көбі таулы бес облыстан Шу, Талас, Нарын, Ыстықкөл, Баткеннен құралады. Екі шаһар Бішкек пен Ош. Жергілікті тұрғындарының саны -5 миллион. Ең қызығы,бізді басқарып жүрген Еркін мен Минараның ұлы Нұр-Әмір бесінші миллионды толтырған нәресте екен.

Ендігі бағыт Жайыл ауданына қарайтын Сусамыр елді - мекені. Қазақта өлең барғой:

“Сусамыр елдің жайлауы

Өмірдің барма байлауы”- деген.

Осы өлең қалай шықты, “Сусамыр әлде қазақ жеріме” дегеніме Өмірғазы ақсақал былай деді: “Кеңес үкіметі тұсында Қырғызстанда 11 миллион қой болған екен,

сонда жазда жайлау айырбастап, біздің Шудағы Аңырақайға олар малдарын бағып, біздікі Сусамырға малдарын жайып жүреді екен. Сол кезде туған өлең болса керек. Ал қазір бәрі меншікке айналғанда екі миллион ғана қой бар”. Көруді аңсаған Сусамырға да келіп жеттік. Жайлау десе жайлау. Сарқырап ағып жатқан өзен. Сусамыр көл аты екен. Екі жағы менмұндалап майысқан талдар, бір байқағаным, басқа ағаш өспейді екен, әлде жер ылғал болған соң ба? Ол жерде же жайылған дастархан, қой сойып басын тартты, бұл жерден дәм аузыма сала алмадым, шын мәнінде, ішетін жер жоқ еді. Енді жеткен шығармыз деп отырсақ, тағы елу шақырым жер жүреміз деді. Ол жерде біз шаршадық, бармаймыз деуге ұят, не де болса деп қайта қозғалдық. Ұмытып бара жатыр екенмін, Сусамырдан бұрын біз 3200 метр биіктіктегі тунельдің астынан өттік, оны кеңес үкіметінің кезінде 1950 жылы Сталиннің тұсында бастап, 1961 жылдары Хрущевтің тұсында бітірсе керек. Тунель деген таудың бір шетінен қазып, келесі шетіне дейін шығарған жол, ұзындығы төрт шақырым, ішінде электр жарығы орнатылған. Бір қызығы, машина ішіне кіргенде тоқтамау керек, желдеткіш пе, кім білсін, жүргенде бір гуіл пайда болады. Бұрында ең, алғашқыда ішіне машинамен кірген адамдар тұншығып өлген деген сөз бар, бірақ кейін неше жерден желдеткіш қойса керек, телеэкранмен де тексеріп отырады дейді. Тунель Қусейін Көлбаев атымен аталады, сол кезде коммуникация министрі қызметін атқарғанадам екен. Тауға көтерілгенде қар жатыр. Суық, жылы киіне бастадық. менің қан қысымым көтеріліп кетіп, әбүйір болғанда медпункті бар екен. Сол дәрі ішкізіп, укол салып берді.

Шет мемлекеті қызықтағанша іргемізде тұрған қызғыз көршіміздің осы бір жолы қайран қалдырды, бір-біріне иіле сәлем беріп тұрған биік тау арасынан қиып, қашап салған жол электр жарығымен де қамтылған. Таудан сарқырап ағып жатқан бұлақтары бір қарасаң оң, бірде сол жағыңнан ағып шатастырады, адам баласы игермеген іс бар ма Бұл жолды жапондықтар салған дейді. Біздің

Қазақстанның тауларының етегінде алма, шырша қарағайлар өседі, ал ол жердің тауларының етегінен мен ондай ағаштар кездестіре алмадым.

Бастапқы сөзіме оралайын. Сонымен түнделетіп елу шақырымдай жердегі таудың шың басына тігілген екі киіз үйге де келіп жеттік. Сол жерде біраз қиналып қалдық, арамызда бір жастағы баламыз Ерасыл және 5-класта оқитын Шыңғыс, Санжар деген немерелеріміз де бар еді. Әйтеуір бір түнді өткіздік. Ертемен тұрсақ, екі қойды сойып, бір қазан қуырдақты қуырып, екі самаурын шай ентіге қайнап тұр екен, біраз тамақ ішкен соң екі “Джипке” отырғызып, тау басының атақты жерлерін көрсетті. Бұл тау Еркіннің жайлауы екен. Біреуінің аты Сұлутөр, Көлтөр, Сандықтөр, Қаратөр. Қол созым жерде қар жатыр, оған атпен ғана көтеріледі дейді. Екі немерем екі атқа мініп біраз шапқылады. Еркіннің бес жүз гектар жеке меншікке айналдырып алған жері екен. Сол жерде малдарын бағып отырған малшылары бар екен, бір үйір жылқы, сиыр он топос, біздіңше қодас, жабайы сиыр өздері ен салып қояды екен, тағы басқа таудағы жолдастарының өз ендері болса керек, бірінікін бірі айтпайды, ал балалағанда баласын алып келсе, сиыр сияқты сауылып тұрады дейді. Баласының аты мамалақ. Әрине, бұны мен бірінші естуім, сүтін емдікке пайдаланы екен. Қымыз саумалын өздері ішіп жатыр. Мен іше алмадым. Қан қысымыннан қорықтым. Аралап қайтіп келсек, ет пісіп тұр екен, қайта тамаққа отырдық. “Жұмыстағы жастар қайтып, үлкен қариялар қалыңыздар, бір екі күн қымыз ішіңіздер” деді. Оған қариялардың да жұмысы бар, қайтуымызға тура келді. Мазалағымыз келмеді. Түнделетіп сағат 12-де Бішкекке келіп, одан тамақтанып алған соң “Алматы қайдасың” деп, таңғы бес жарымда үйімізге аман-есен келдік.

**Алматы Бішкек қаласы,
Үш жүз елу шақырым
Төрт сағаттық жол екен
Есептесең арасы.**

Бішкек кіші қала екен
Көше сәнсіз өте тар.
Ұзынымен ендігі
Алматының екі үлкен
Көшесімен пара-пар.

Бөлінбеген іргеміз,
Қазақ,қырғыз біргеміз.
Көз көргендң реттеп
Тиек еттік тілге біз.

11 шілде, 2004 жыл

Біздің от басымыздың нәсібі болған, өзім жиырма бес жыл қызмет еткен мекемем туралы айтпасам күнә болар. Бұл 1965 жылдың күзі еді. Тікелей Димекеннің араласуымен Қазақстанның оңтүстігінде ең арзан әрі сапалы күріш өндіру жоспары іске асырыла бастаған кезі. Іле бойын жағалай совхоздар ұйымдастырылып, оларға құрылыс жүргізу үшін “Союзиливодстрой” деген мекеме құрылды, басшысы Байызақов Бермес еді.

Құрылыс аудан орталығында үйлер сала бастады. Сол мекемеге жолдасым екеумізде орналастық. Құрылыс мамандарын Алматыдан алдырды. ПМК-2-нің бастығы Серғазы Әлімбаев, бас есепшісі Э.Д.Мутьев, өндіріс бөлімінің бастығы А.Стафиевский, қойма меңгерушісі Анна Яковлевна Руденко. Міне, сияқты өз істерінің шебері, білікті адамдармен бірге жұмыс жасағанымды құрметпен еске аламын.

Жастық шағым, қызыққа толы мол жылдарым осы мекемеде өтті, бұдан кейін де қызметтес болған мекеме бастығы Валентин Борисович Юрковский, бұл кісі еврей жігіті. Әрбір басшының қандай екенін есігінің алдынан білесің, деп алғаш мекеменің алдына шырша ағашын, алма, өрік, гүл отырғызып, оларды күту үшін Бенке деген неміс азаматын жұмысқа алды. Сол жылдары ПМК-2 мекемесі бүкіл ауданға үлгі болатындай халде еді. Біздің ауданда Ғылым Академиясы Ботаника бағының филиалы

бар еді. Содан жүз түп әртүрлі жеміс ағаштарын сатып алып, біздің бәрімізді шақырып, әрқайсымызға бес түптен бөліп беріп “есіктеріңнің алдына отырғызыңдар” деді. Сол ағаштарды үйіміздің ауласына отырғызып, бірнеше жыл жемісін жедік. Міне, “жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын” деген осы.

Жиырма бес жыл ішінде бірнеше адамдармен қызметтес болдым.

Содан есте қалғандары Бекмолдаев Нұрқыдыр, Досқараев Жеңісбек, Рахимов Қалдыбай, Чакеев Ұлан, Омаров Сапарғали, Досбаев Болатқан,

Кузмина Вера Матвеевна, Кузмин Андрей Агафонович, Белинская Надежда Федоровна, Зверева Мария Яковлевна, Зверев Василий Тимофеевич, Османов Захар, Зюба Лидия Никиточна, Плетнева Лидия, Ізтілеуов Сайлаубек, Жомарт Омархан Өксікбаев, Сабанбаева Жұмаш, Құлжабекова Римма. Көбісінің аттарын ұмытып қалыппын. Осы аты аталған адамдар, шын мәнінде, өз істерінің шеберлері еді. “Өзің жақсы болсаң, бір кісілік орын бар” демекші, мен өз өмірімде үш-ақ мекемеде жұмыс істедім. ПМК-ға орналасқанда 25-те едім. Содан елу жасқа толғанда осы жерден зейнеткерлікке өздері шығарып салды.

Міне, менің аздаған еңбек жолым осындай.

**Нұрқыдыр, Болатқанмен, Ұлан, Сапар,
Күн батса, кезегімен таңың атар.
Жеңісбек, Надежда қыз, Римамен
Дәм жазып неше жылдай жүрдім қатар.**

**Лидия, Андрей мен Жұбаныш, Захар
Келмеске бет бұрдыңдар ұзақ сапар.
Сайлаубек Жомарт пенен Мария қыз
Көңілімде өшпестей ізің жатар.**

**Көңілдің тазарады айтса кірі,
Еске алып отырғаным соның бірі.
Сендерге тілейтінім, қарақтарым,
Ұзақ жаса, жүре бер бәрің тірі.**

ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Бала кезімізде егде тартқан адамдар бір күнді шығарып салып “Өмірдің көбі кетіп, азы қалды” деп мұңаюшы еді. Сол кезде бұл сөздерді не үшін айтады екен деп ойланушы едім. Дүние кезек деген сол, енді өз басымызға келіп, өмірдің көбін шығарып салып, қалған өмірге көз жүгіртіп қарап отырмыз. Қиял шіркін тым ұшқыр-ау, көз жетер жерді көзбен, көз жетпейтін жерді оймен әлденеше рет шарлап шығасың.

Менің туған жерім Алматы болысы, Балқаш ауданы, Бақанастан 50 шақырым жердегі Көк-өзек елді мекені. Біздің балалық шағымыз аса қызықты болды деп айту қиын.

“Асқар тауда асыл көп, аталы сөзде ақыл көп” дегендей Пайғамбар жасына келіп, артымызға бірер сөз тастағымыз келеді, кейінгі ұрпақтар біз көрген қиыншылықтарды көрмесін.

Соғыс жылдары ер азаматтар бәрі майданда, аналарымыздың көрген ауыртпалықтары әлі көз алдымызда. Күнімен жұмыс істеп, кешке пілте шаммен қолғап, носки тоқып, майданға жөнелтіп жатады.

Менің анам Әбеу қызы Дәмеш өте ақкөңіл, ауыл арасында сыйлы, ескіше оқыған діндар адам еді. Мен бөлек тәрбиеде өскендіктен ол кісінің қыры мен сырын көп білмейтінмін. Бірде Айша деген сінліміз тұрмысқа шығып, сол қыздың тойында апасы Қаншамен қосылып өлең айтқанын бірінші рет көрдім. Кейін сұрағанымда бұл бірге туған төрт қыз да өнерлі жандар екен, бірақ тұрмыс ауыртпалығына орай бұл кісілер әрі қарай өрбіте алмаған. Қоңыр үндері өте таза, адамды бірден баурап алады.

Ал, Нұрбала апамыз ұзын бойлы, аққұба, ауыл-аймаққа сыйлы, ескіше оқыған діндер, он саусағынан өнер тамған шебер кісі еді. Қайрат анасының құрсағында алты айлық екен, туа салысымен бауырына басып, келіні Қаншайым екеуі он үш жыл бірге туыпты. Қазіргі жастар солай тұра алама еді. Содан кейін Қаншайымның төркіндері келіп, “күйеуің жоқ, осылай отыра бересің бе” деп көшіріп алып кетіпті. Сонда жеңгеміз баланы апасына қалдырып кеткен екен. Сол бауырым қазір Алматыда тұрады, балалы-шағалы.

ЖЫР-МҰРА

Халық ақыны Оспанқожа Мүсәпірұлы (1888-1937 жылдарда өмір сүрген) менің негізгі әкем Әден Досумағұлұлының анасымен бірге туған бауырым. Яғни маған нағашы болып келеді. “Үйдің жақсы болмағы ағашынан, адамның жақсы болмағы нағашыдан” демекші жыр тұлпардың жалына жармасуымның бір себебі осыдан да шығар, бәлкім. Ал, өзім болсам Арқаның атақты ақыны Шашубайдың шөбересімін. Сондықта да түп нағашым Оспанқожа Мүсәпірұлының кейінгі кездері табылған толғауларын, айтыс өлеңдерін кітабыма кіргізуді жөн санадым.

ТАМЫРЫ БІР АР-ҰЯТ, АҚИҚАТТЫҢ

“Бір қисық жол дүние бұрандаған,
Бақ тайса, басқа дәулет құралмаған”.
Сүйегіне қазақтың туа біткен
Күндемей бірін-бірі жүре алмаған.
Өзін жаман санайтын пенде бар ма?
Сынап көр білмек болсаң елге бар да.
Өз ақылың өзіңе демеу болар
Өмір сүр бағытыңды жөндеп ал да.
Ар алдында ұят қой, мақтанбалық,
Билікпен жүрген жоқпыз тақтан қалып.
Ойшыл мен ойсызды тударатын
Томаға, түп-тұйық боп жатқан халық.
Адам жеген- өмірге келген қонақ,
Әрбір сәт тағдыр тұрар алдыңды орап.
Тозса тозар табиғат, өнер тозбас
Адамға ғылым, білім — қару-жарақ.

Ой жиямын миымның қуысына,
Сондықтан қадірім бар туысыма.
Алла берген азырақ өнерім бар
Сыймайды бүкіл ғалам уысыма.
Ескіше оқып, аз білім алғаным жоқ,
Білгенді кітап етіп жазғаным жоқ.
Соңыма ерген Сәрсенім жалғыз еді
Із басып, тірі болса арманым жоқ!
Қуатымның бір түйір дәні — Сәрсен,
Арман жоқ екеу болып соңыма ерсең.
Өзі өлгенмен жақсының аты өлмейді
Еске тұт, зұлымдықтың бәрі өміршен.
Кең пейілдің түбінде кек жатады,
Мағыналы, мәнді сөзде ем жатады.
Жақсылар мен тектілер тең жатады,
Арам ой адалдықтан кем жатады.
Тар пейілдің түбінде тас болады,
Зерделі жас болса да бас болады.
Билік тисе қолына ақымақтың
Атағын көтере алмай мас болады.
Сана таза болмаса далаң да лас,
Далаң таза болмаса балаң да лас.
Тоғышар жүр толғатып, құлқын ойлап
Бір тойса ешнәрсеге алаңдамас.
Жаттықтырар сананы ғылым, білім,
Мұны айтқан ғұламалар бізден бұрын.
Бұл тіршілік тек қана жерде емес қой
Білмейміз құпиясын, әрі сырын,
Алла деген бір күш бар өзі дара,
Талпынсаң білмек болып күнге қара.
Қосақталып Ай жүрер серік болып
Әлемнің қозғалысы сонда ғана.
Ай, Күн, Жұлдыз күш берер Жерің барда.
Пенденің бүгінгісі сыймайды арға.
Тұтастықты бөлшектеп білдіру көп
Тартса алмас күнәмізді қара нар да.
Бұзылуы бүтіннің-болашағың,
Өмірден азап болар алашағың.

Ауру мендеп ортанды сырттан келген
Бүлінер қыз бен жігіт, бала-шағаң.
Өзіне зор ғылымның өз тапқаны,
Итке ұқсап ырылдасып сөз тапқаны.
Бақталастық адамға әдет болар
Орнынан бірін-бірі қозғалтқаны.
Ұрпақ азар, жер тозар, кінәлі адам,
Оқыған, оқымаған — бәрі надан.
Тек жүрсең де артыңнан сөз ереді
Әйтеуір, ілгерілеп бассаң қадам.
Қызыл тілге сөз бітпес ойдан жырақ
Пендені жетелейтін бір шамшырақ.
Ой ұрлаған бұл күнде опасыз көп
Қаймағы ала білсең қалыңырақ.
Тамыры бір ар-ұят, ақиқаттың,
Бәрі тең бір мен үшін жәмиғаттың.
Күйе жақпа пайда үшін таза жанға
Құны жоқ арын сатып алған бақтың.

1910 жыл

ОСПАНҚОЖАНЫҢ ТАҢСЫҚПЕН АЙТЫСЫ

Таңсық

Айтысуға мен шықтым белді буып,
Тілі мүкіс жігіттер келме жуық.
Тұлпар болып туғанмен жете алмайсың
Көк байталмын теңі жоқ бір жел қуық.
Шыққан тегім — айтулы Арықтыным,
Тәлімінде өскенмін парықтының.
Сөз майданы жазылған маңдайыма
Аруағыңмен қолдай көр, жарықтығым,
Жүдеу тартып панаңда тарықты кім?
Намысыңды, әруақ, жібермеспін
Қызылашпын білдірмес арықтығын.

Оспанқожа

Айтысуға сен шықтың белді буып,
Теңін таппай отыр ед көңіл суып.

Дүлдүл болып кетсең де жеңе алмайсың
Анаңыздан келсең де қайта туып.
Байтал деген байтал ғой жайма тұяқ,
Асқақтауың орынсыз, елден ұят.
Сізде аруақ болғанда, бізде жоқ па
Шықпай жатып айтысқа еттің мият.
Менің елім — Бәйшегір, затым — Қожа,
Мәшһүр болған айтыста оза-оза.
Айтыстан қожа деп естіген соң
Жан-тәніңіз болды ма аза-қаза?
Тәлімің мен нарқынды бетке тартпа,
Өрең жетпес заңғарым, иек артпа.
Базарға әкеп боқтығын жайып қойып,
Мақтанатын ұқсайсың өзбек-сартқа.
Намысыңды әлден-ақ қамшыладың,
Аруақтан сұрадың жан-шуағын.
Тыз ететін жақынға ұшпа емеспін
Аламанға дүбірлі сан шыдадым.

Таңсық

Намысына қай сөзім салды күйік,
Сауырыңа кеткендей қамшы тиіп.
Сөз ақтарсам дауылдай өрт шарпыған
Әлі-ақ өзің келерсің басыңды иіп.
Дариядай дарының тобығымнан,
Ентіккенің сезілді солығыңнан.
Кімді үркітіп алмаксың екпініңмен,
Сөз сапырмай тазаршы былығыңнан.
Сізге біткен тіл мен жақ бізде де бар,
Пайымдаған тірлікті әр сөзді ұғар
Заты-әйел деп қалайша кесітесін
өңеш жыртқан құр мақтан орға жығар.
Сізді көріп ұшқан жоқ үрейім де,
Тау тұрғызам тіліммен күреймін де.
Шабысын көр байталдың олқысынбай,
Мен артында шаң жұтып жүремін бе?
Бөркім бар деп басымда табалама,
Жүзе алмасаң дарияны жағалама.

Тепкі алдым деп байталдан айтамысың,
Ақ жаулықты үйдегі шағалаңа.

Оспанқожа

Әйел заттың болмас па тілі жатық,
Сыпайы сөз кетті ме жанға батып.
Бара алдың жалаға деп айта алмассың
Кешірім сұрап жүрме құдай атып.
Үстіңе мен шықтым ба солықтайтын,
Пендесің ақталудан жалықпайтын.
Ақиқаттан аттама, отыр халқым
Айтыстың таразысын анықтайтын.
Өзінді-өзің теңедің көк байталға,
Әйел деп затыңды текке айтам ба?
Күнкіл сөзді қашанда жақтырмаймын,
Қасқайып қарап тұрам бетке айтам да.
Мен айтпай-ақ өзіңді байтал қылдың,
Айналана кәр төгіп, майдан қылдың.
Саған қорғып жағамды сипатам ба,
Қандай құрал менде бар, қайдан білдің?
Мақтандым ба басымда бөркім бар деп,
Тантисың ұрғашылық еркім бар деп.
Айғыр болып шайнасам не қыласың,
Сұлу байтал, тұрам ба көркің бар деп?

Таңсық

Ұрғашының болмай ма тілі сүйір,
Бара алмаймын жаныңа болма үйір.
Қаруың мен мақтайсың ғажабыңды
Кімге жақын жүруші ең соған бұйыр.
Толтыра ма қаруың уысымды,
Көрейін нар жігіт боп туысыңды.
Құралыңды жұмсай ғой ұялмай-ақ,
Түрткілеп шықсын тегіс қуысымды.

Оспанқожа

Болғанмен тілің сүйір, бөксең жалпақ,
Басасың аяғыңды шалқақ-шалқақ.

Қаруымның басында қара қалпак
Көріп ал ғажабымды, болма жалтақ.
Сыймайды-ау уысыңа ғажап қару,
Берейін түптеп кесіп, болсаң зәру.
Алқадай мойныңа тақ қалпағымен,
Қалмағын арманда боп Таңсық ару.

ОСПАНҚОЖА КЕЛІНІ АҚЖҮНІСТІҢ (СӘРСЕННІҢ ЗАЙЫБЫ) СӘДІГҮЛМЕН АЙТЫСЫ:

Сәдігүл

Ақжүніс, аппақ келін, акын едің,
Үстіңе тұрмай жатып, қапы келдім.
Тұрайын теріс қарап, киініп ал,
Түсінер жан емес пе ең затын елдің?
Келінжан, кешір шырақ, қайнағанды,
Білмеймін келіндермен ойнағанды.
Әйелден шыққан ақын тегін болмас
Көріп ем қызыл тілмен байлағанды.

Ақжүніс

Ит қуалап келді ме, Жәке, деймін,
Шын қайнаға болсаңыз “көке” деймін.
Арам пиғыл ойласаң сақалы ұзын
Бақылдаған қу сасық теке деймін.
Қағысуға келіп пе ең келініңмен,
Қояр ма екем ұстата желінімнен.
Төбет қуған тайлақтай кіріп келдің
Мен шошыдым қайнаға пейіліңнен.

Сәдігүл

Түрпідей тілің тиді-ау, келін бала,
Сұрамай-ақ жүгірдің желінді ала.
Тенедің теке деген сасық итке,
Қалдырдың мені ұятқа кегінді ала.
Тайлақтай тайрандайтын шама қайда?
Дөрекі емес ең ғой, шалағай да.
Сәлемет деп Сәрсенге келіп едім,
Алмай ма сәлемімді бала қайда?

Ақжүніс

Үшкір болса қызыл тіл ақындығым,
Байқалмайды Сәрсенге жақындығың.
Сарапқа сал сөзіңді, ел айтады,
Ақымақ кім, қайнаға, ақылды кім?
Дөрекі сөз айтқызған өз қылығың
Келіндерге түседі көз қиығың.
Сәрсен інің жараған жас буыршын
Қырдан аулап жүр дағы жезкиігін.

АҚЖҮНІСТІҢ ҚҰЛАХМЕТ ҚАЙНЫСЫМЕН АЙТЫСЫ

Ақжүніс

Жиын-тойдан іздеймін қайынымды,
Қайын тұрса жиям ба айылымды?
Ағаң кетті әскерге, жеңешеңе
Қай уақытта жасайсың қайырымды?
Хал сұраудан, қайным-ау, қалғаның ба?
Жесірлерді жағалау арманың ба?
Төмен қарап жауап та бермей қалдың
Соғым сұрап алам деп барғанымда.

Құлахмет

Мені издесең, жеңеше, жиын-тойдан,
Түнгі жүріс қайныңнан қалып қойған.
Бүркітке ұқсап бүретін заман өтті
Айнымайды қайныңыз күйкентайдан.
Уақыт жоқ, білмедім жағдайыңды,
Жібіткем жоқ соғыммен таңдайыңды.
Тірі болсам, ағамды жоқтатпаспын
Өкпең де бар байқадым аужайыңда.

Ақжүніс

Қалжың сөзге малданба бір жағынан,
Сусып түсіп қаларсың сырмағымнан.
Қайным болсаң қайтейін жөніңді тап
Садаға кет Сәрсеннің тырнағынан.

Қара құзғын сен де бір жем іздеген,
Соғымыңды сора же, семіз деген.
Тірлігіңді жасай бер отбасыңа
Қанағатқа бұрыннан негіздегем.

Құлахмет

Өсек-аяң сүйектен өткен жаман,
Жеңгеге де жақпаймыз неткен заман?
Садаға деп далаға тастасаң да
Сәрсен ағам тапсырып кеткен маған.
Құзғын дейсің, жаранды шоқыдым ба,
Аямай-ақ қайныңды алдың сынға.
Жақын жеңгем болған соң еркім бар ғой
Жат жеңгені қайының аңдысын да?

Ақжүніс

Қайныңмын деп, қайтесің шағын шамаң,
Жақындама емексіп бізге таман
Сәрсенімнің ізінен садаға кет
Шын қамқоршым ел-жұртым болсын аман!
Жолым да үлкен жұмсасам барасың да,
Жеңгең енді көрсетпес қарасын да.
Ойын сөзге шын жауап – ажалың бар
Тақымымның байқап қой арасында...

МЕН ТУҒАН АЙ КИЕЛІ

Өмірге кеппін
Бірі боп көптің,
Жылы екен отыз тоғыздың
он сегізінші желтоқсан.
Тізеден қар,
үскірік аяз жел соққан.
Лашық үйді киізбен шаптап,
бесікке бөлеп, ораған баптап
Аяулы менің анашым.
Алладан сұрап тілеген
болсын деп аман баласын,

мен туған ай киелі,
Барлық ел оны біледі.
Он бес ұлттың
намыс отын
үрлеп жаққан желтоқсан,
сезіміне қуат беріп,
жалындатқан желтоқсан.
қарусыз қарсы
қиядан күзға
жетелеген желтоқсан
Бодандықтың
Бұғауын бұзып,
төтелеген желтоқсан.
Тәуелсіз елдің
туын көтеріп,
уралаған желтоқсан.
Егемендігін әнге қосып,
жыр арнаған желтоқсан.
Тусам да бірақ,
Ызғарлы қыста ақ қарда.
Жүрегім жұмсақ,
қарайлап жүрем жоқтарға.
Мен бір жанмын,
жаралған,
Ала бөтен.
Елім деп өтем
бойымда
қуат күш барда.

БАБАМЕН СЫРЛАСУ

Оспан қожа Мүсәпір ұлына
Арасы жер мен көктің ашық аспан,
Талайлар өтті өмірден ақылы асқан.
Жас өсіп, жарлы байып, біз қартайып,
Әр дәуір, кезегімен есік ашқан.

Дәурен кімнің басында тұрақтаған,
Бақ пен сордың арасы бірақ қадам.
Естілерін есепсіз оққа байлап,
Бала-шаға үйінде жылап қалған.

Солай солай болыпты бұдан бұрын,
Айтпаса кім біледі, кімнің сырын.
Сиыр сүтін шикі ішпе, пісіріп іш,
Деген сөзге кінәлі болды ұлын?

Көркін алған, еркін алған талайдың,
Өткен күнге өкінішпен қараймын.
Қар жауып, із басылып, о, дариғай
Қайта түлеп гүлге оранды маңайым

Жалғыз түйір соңыңа ерген Сәрсенің,
Сәті болады ойлаған әр нәрсенің.
Жазықсыздан жапа шегіп кетерде,
Болашағың, сенім артқан ол сенің.

Бір құдірет иесіндей көрінеді ол маған,
Ұшып келген жыл құсындай, бұлтты жарып торлаған.
Мен де сенің бір бұтағың өміріңе жалғасқан,
Ғасырдан соң қайта оралдың сәл тыныстап беу бабам.

Бүгін міне, сенің күнің күліп кірді есіктен,
Қарсы ал бабам, бақытыңды бір ғасырдай кешіккен
Сағиатоллаң “Оспан қожа” деген сенің атыңды,
Маңдайыңа ойып жазды мешіттің.

Алып ел, айналайын байтақ далам,
Тарихын өткен-кеткен қайталаған.
Ел, қандай, ерлер қандай, жерім қандай,
Жырына арқау етіп айтады адам.

Еткен іс, сөзінде емес маңызында,
Он жетісі доңыз жылдың тамызында.

Ас берді “үш жампозға” дүрілдетіп,
Халықтың айналатын аңызына.

Жоқ шығар бұған айтар сөз таласың,
Үш жүзбен басын қосты алты алаштың.
Сегіз пар он алты ақын, күміс көмей
Жыр төкті жеңеміз деп қарсыласын.

Кем емес асынан бұл Сағынайдың,
Өтірік айтпаймын мен неғылайын.
Жетпіс бес үй тігілді осы асқа,
Бірінде кездеспеген бұл маңайдың

Шығарып отырғам жоқ мұны ойдан,
Бәйгеге жиырма темір тұлпар қойған.
Сізге өтірік маған шын сенбесеңіз,
Отыз бес ірі қара, жүз қой сойған.

Жеткізу қиын боп тұр мұны сөзбен,
Сақтасын сені құдай тіл мен көзден.
Өмірзақ сөз бен ісің тең түсетін.
Білемін сені қалқам бала кезден.

Құрметтедің ата,әке ананы,
Құдай берген сендей асыл баланы.
Маңайында жүрсін аман ұл қызың,
Өзіндей боп , өссін олар саналы.

Аниятолла, Сағиатолла серігің,
Жыр арнадың, қорғасындай ерідің.
Әумин деп берген сенің ақ батаң,
Қабыл болып,орындалсын сенімің.

ҚАЛДЫРҒАН СӨЗІ ЖАТТАЛЫП

Сағидай жырлай алам ба ?
Өмірдің не бір соқпағын.
Әй қайдам-ау деп өзіме,
Бір сұрақ беріп тоқтадым.

Кітабын ұстап қолыма,
Отырмын оны парақтап.
Жырлаған тау мен тасты да,
Қызығам оған қарап қап.

Туған жері ақынның,
Жазира жемнің бойында.
Ақ нөсер жаңбыр
Самалдай ескен ойы да.

Сырласып сырмен,
Ертіске түсіп еркелеп,
Ақжайық, Атырау, Еділге,
Жыр арнаған көркемдеп.

Артына өшпес із тастап,
Кетіпті ақын аттанып.
Керегін ал деп АБАЙША,
Қалдырған сөзі жатталып.

ЕСІМЕ ТҮСІП ТҮР ҒОЙ КҮНДЕР ӨТКЕН

Әлия сендерді заңды некелеріңмен құттықтап,
Үбірлі-шүбірлі болуларыңа тілектес апаң ЗИЯТАЙ.

Есіме түсіп тұр ғой күндер өткен,
Жарықтық қандай еді ҚАЙНАР әпкем,
Естен кетпес, бауырға деген ыстық ықыласы,
Өлмесе ата бабам қайда кеткен.

Әпкем асыл жан еді ғой бір бетті,
Түн ұйқысын бөліп, бесік тербетті.

Тізесіне отырғызып мәпелеп,
Өзі өсірді тәрбиелеп Жанбекті.

Нағашысы Әлияның МЕДЕУБАЙ,
Еске салып отырғам жоқ мұны жай.
Үйдің жақсы болмағы ағашынан,
Баланың жақсы болмағы нағашыдан
Деген сөз бар қуат берсін бір құдай.

Жеткергеннің анасында көріп ек,
Ұзын бойлы, аппақ сұлу керім ет.
ӘЛИЯСЫН бағып-қағып мәпелеп,
ЖАМАЛЫНЫҢ соңына ертіп беріп еді.

Мынау тұрған күйеу бала ЖЕТКЕРГЕН,
Кезіміз жоқ оны артық көп көрген.
Қыз ұзатып, келін алып бұл күнде,
Өсіп-өнді қыз алды да текті елден.

Әлияға ешкімнің жоқ наласы,
Өсіп-өнген текті ұрпақтың баласы.
Барған жерге балдай батып, судай сің,
Деп айтады қазағымның данасы.

20 қазан 2007 жыл.

ОЙЛАНБАСТАН ҰЛЫ ДАНА ПАҚЫРЫМ

*Аласаны аялаған кісілер
Биіктіңде қасиетіне түсінер
Жүмекен Нәжімеденов.*

Түсінбестен
Айтпаңыздар елді есті,
Ықылымнан жаман-жақсы белдесеті.
Ойламан­дар
Ел алдында парызымыз өтелді,
Әлдінің қарқылдап күлгенінен
Әлсіздің езу тартқаны
Әлде қайда қатерлі.

Л.Н.ТОЛСТОЙДАЙ

Ұлы дана жазушысы орыстың,
Мен тәуірмін
Деген жақсы жайсанның
Отырыпты ортасында
Үйінде бір старшина болыстың.
Артын ала
Келген біреу менменсіп,
Қолын беріп
Сәлемдесіп бәріне
Жазушыға
Ұсыныпты ол
Кіп-кішкентай бөбегін.
Білдіріпті
Саған осы жетеді ғой дегенін.
Сонда
Дана былай депті:
Мен де ұлымын
Өздеріндей текті елдің
Маған неге
Елден ерек көп бердің.
Қолынды әкел,
Артылғанын өзің ал,
Депті дағы
Ұлы дана пақырым
Орған қолмен
Сұқ саусақтың арасынан
Көрсетіпті
Бас бармағын ақырын.

2006 жыл.

ҚАЗАҚ ТІЛІ АНА ТІЛІМ – БАЛ ТІЛІМ

Ал, мінеки, ел болдық егеменді,
Ел болғанда алдымен не деп еді.
Көсегесі көгеріп ана тілдің,
Орыс тілмен деп еді теңеледі.

Ал тағы да ел болдық егеменді,
Ел болам деп таяқты жеген еді.
Мұз үстінде тепкілеп ұл мен қызды,
Көздің жасы көл болып себеледі.

Ал, мінеки, ел болдық егеменді,
Жалғыз алла жар болып демеп еді.
Бостандықтың көк туын желбіретіп,
Көкке екі елі жетпей тұр төбем енді.

Қазақ тілі ана – тілім бал тілім,
Үнінді естіп, іңгәләдым, талпындым.
Сөз жібек жіп, жыр кесте түсінгенге,
Құлағына жетсе болды халқымның.

Ойланайық намыс қайда, ар қайда?
Айтылған сөз қалып жатыр шалғайда.
Мемілекеттік тілді білген дұрыс деп,
Жаза жаза қағаз беті сарғайды.

Мұхтар жазған сүйенсеңіз дерекке,
Мұз боп қатып жібімеуге себеп не?
Жалғыз ағаш орман болмас демей ме?
Қазақ тілі соған ғана керек пе?

Аса құрметті СӘКЕ
СОВЕТ ОРАЛБАЕВ ағайға

Сіз жазған еңбекті екі қайталап оқып
Үлкен мән беріп бағалап отырмын.
Өзіңізге жақын ағайын тумаларыңның
Қайдан шыққан тегін егежей тегежейлі
Баяндалсыз. Бұл екінің бірінің қолынан
Келе бермейтін еңбек.
Кейінгі ұрпаққа естелік. Әліде сізден көп
Жаңалық күтеміз. Ұзақ жасап бала шағаларыңның
Қызығын көруді жазсын. Қаламыңыз жүйрік болсын
Өзіңізге арнап үш төрт ауыз жыр құрадым
Қабыл алыңыз

Ізгі ниетпен СЕМБАЛА

Ағалап сыйлап жатыр үлкен кіші
Ешкімді ренжітпес жақсы кісі
Сыйға сый сыраға бал деген сөз бар
Көрдің бе қалай екен, сөздің күші.

Ей Сәке анаң сұңқар, өкең батыр
өнердің құдыреті сөз де жатыр
білмеген жеті атасын жетесіз деп
кейінгі ұрпағыңа айттың ақыл

жаралған жан едіңіз асыл тектен
жазады кітап құрап әлі жеткен
өмірге сізде қонақ, бізде қонақ
дәм тұзды теріп жейік нәсіп еткен.

Ортамызда ұзақ жүрші жақсы аға
Мінезің бар ұқсамайтын басқаға
Төрт бес ауыз жыр құрадым сізге арнап
Естелік деп жазып алшы таспаға.

25.01.2009 жыл

Он бесінде
Бір нәзік гүл бұраласың үлбіреп,
Сол нәзік гүл
Қай адамға бұйырарын кім білет.
Албырт жас,
Қайтып келмес беу жиырма бес.
Табылмас
Іздесеңде көзден елес.
Орда бұзған
Отыз бен отыз бесім,
Кірелі-шығалы боп жүреді есің.
Қырықта
Қылшылдайсың қырдан асып,
Көңліңді
Асып-тасқан әрең басып.
Еліктей
Елендеген елуім-ай,
Елуге
Тезақ жеттік желіп оңай.
Елу бес,
Одан кейін алпысым-ай.
Қарайсың
Жан жағыңа жалпы сынай.
Жетпіске
Жайлап басып келдім таяу,
Орнында
Ақыл есім көңіл ояу.
Қаласам
Қар жанушы еді заманында,
Бұл күнде
Денем ауыр, жүріс баяу.
Сүйредім
Балалардың өрге жүгін,
Шықтым мен
Жетпіс деген төрге бүгін.
Қызықтап
Ел жұртымның ортасында,
Көрсем деймін

Зейнетін еңбегімнің,
Елге таныс
Адам еді есімім,
Ешбір жаннан
Кемде емес нәсібім.
Желдей есіп
Жетпіс келді мінеки,
Бұл дүниенің
Мен ашқалы есігін.
Жетпісім
Жетіп келген,қызық еттің,
Тоқтамай
Келеді оны бұзып өткім
Шама жоқ ,
Көңіл шіркін баяғыдай,
Бұл қалай
Ісіме әлде күдіреттің.
Қолыма
Биссмилла деп алдым қалам,
Орынсыз
Сөз сөйлесең кетер бағаң.
Сау дене
Азат ақыл, адал көңіл,
Үшеуімен
Бақытты болады адам.
Қалаға келдік не керек,
Жаныңа жайлы бәрі бар.
Пейіштің тері
Дейтуғын сөздің жаны бар.
Көршілер бірақ
Біріне бірі кірмейді,
Қарсы үйінде
Кім тұратынын білмейді.
Есікті тездеп,
Құлыптап жабады ішінен,
Кіrmесін деп ұрылар
Оларды да түсінем.
Сөз бітеме осымен,

Торда отырған
Торғайдан оның несі кем

Әділетті айтуға,
Адамға ауыз тіл берген.
Тура жолмен жүруге,
Екі аяқпен көз берген.
Топты жарып сөйлеуге,
Ақыл мен сезім мый берген.
Батырлар шығып жорыққа,
Үйде туып, түзде өлген.
Саналы жандар саралап,
Осының бәрін үлгерген.
Тәрбиесін көріп ем,
Екі бірдей ананың.
Солардан қуат нәр алып,
Жетіліп өскен баламын.
Кәрілік бүгін мендеген,
Басында оған сенбегем.
Өзімше еркін жүре алмай,
Байлаулы аттай жемдеген.
Қайталанбас ғажайып,
Той болып өткен күндерім.
Қатарымыз азайып,
Оралмайтынын білмедім.
Деніме саулық білдірген,
Қалжың айтып күлдірген.
Есіме түсе береді,
Құрбыларым бір жүрген.
Заман бүгін өзгерді,
Өзгергенді көз көрді.
Тура айтсаң, қыйсық түсініп,
Жақының сенбей, сөзге ерді.
Егеменді ел болдық,
Ел бірлігін жасаған.
Бекер қарап отырған,
Көрмейсің қазір бос адам.
Есебін тапқан екі асап,

Бой көрсетеді тасадан.
Бәріненде болса екен,
Бейбіт өмір, бас аман.

Болған іс
Жазымыштан озбайды
Сезімім,
Қиялымды қозғайды.
Тіршілік
Асау толқын иірім,
Адамзат
Өздерің шеш түйінін.
Мазасызбын,
Бір нәрсені іздеймін.
Мынау әлем,
Тынған өлең түздейін.
Бір біріне
Ұқсамайтын келбеті.
Қыбырлаған
Адам толы, жер беті.
Өмірден
Алар үлесім бөтен,
Әділетсіздікпен
Күресіп өтем.
Ажыратып,
Шындық пен ақ қараны
Жырға
Қосып, жүректен ақтарады,
Біз айтпасақ
Кім айтады, бұл пәниде.
Ақын сөзі
Сол үшін жатталады.

ЖЕР БЕТІНДЕ ЕНДІ СОҒЫС БОЛМАСЫН

*Жеңістің 60 жылдығына
25 маусым 2005 жыл.*

Ей адамдар,
Таласпаңдар билікке.
Біз көргенді,
Сендер көрме тірлікте.
Ес білгенде,
Соғыс деген
Бір сұмдық сөз естілген.
Сол жылдардың
Саркытымыз
Ерте туып, кеш күлген.
Бастан кештік,
Қиыншылықты, аштықты,
Жолына
Біз құрбан еттік
Үлбіреген жастықты.
Ал аналар
Бір күн тынбай
Ерте тұрып, кеш жатқан.
Киіз үйде
Аяз қарып,
Отын тасып, пеш жаққан.
Көл бетінде балық аулап,
Мұз жастанып, қар кешкен,
Қан майданнан хабар күтіп
Сарғаюмен зар кешкен.
Оған куә, көкте жүзген ай ғана,
Күн түнеріп, тұнжырайтын жай ғана
Жүн иіріп, қолғап тоқып түнімен,
Аттандырып жатушы еді майданға.
Ал әкеміз қан майданның төрінде,
Жаяу жалпы, қабырғасы сөгіле.
Жат мекеннің, топырағын жастанып,
Қалған жоқ па, көзден жасы төгіле.
Көкіректе, орны толмас жара бар,

Жетім бала, жесір қалған ана бар.
Жер бетінде, енді соғыс болмасын,
Ойланайық, бәрімізде сана бар.
Кім емдейді, соғыс салған жараны,
Алты белес, бөліп тұрған араны.
Тыныш ұйқы, бейбіт өмір сыйлаған,
Ардақтайық, асқар таудай бабаны.

БАҚАНАС-АТА МЕКЕН, КИЕЛІ ЕЛІМ

25 маусым 2005 жыл

Бақанас-ата мекен, киелі елім,
Көркемдеп сөз асылын жүиелейін.
Аңқыған жұпар исі дертке дауа,
Қарақат, бүлдірген мен шиелерің.

Іленің оң жақ бетін қоныстанған,
Мен саған туған елім борыштармын.
Сағыныш сезімімді оятқанда,
Мұрныма исі келеді жоңышқаның.

Көк жиде, Ақкөлменен, Көктал, Қарой,
Ойыма оралып тұр әртүрлі ой.
Үш ғасыр, армандаған ата бабам,
Ерікті ел атанып, жасадық той.

Ақдала, Жиырма беспен, Ойбай шеңгел,
Бір алла қысылғанда өзің дем бер.
Сексеуіл, қоян, түлкі, ақ күріштің,
Иесі кейінгі ұрпақ енді сендер.

Бақбақты, Бірлігімнің, ауылында,
Қасқа жол қиып өткен сауырында.
Тасмұрын, Сасық сумен, Малайсары,
Құс ұшып, құлан жортқан бауырында.

Бақанас сенде туып, сенде өстім,
Асыр сап, жастық шақтың күйін кештім.

Жай басып, соңына еріп жүріп келем,
Бостандық деген үлкен ұлы көштің.

ЕСКЕРУСІЗ АЛЛАДАН ТЫС ҚАЛДЫ КІМ

Сейітжан. Ләйла.

Майдалапсың, алты онды, бір үштік,
Алла тұрсын ниеттеріңді дұрыс қып.
Өз басына зор денсаулық тілеймін,
От басыңа береке мен тыныштық.

Қайдан білсін қадіріңді қаймана,
Қалжың айтып, күлесің сен жай ғана.
43 жыл өмір сүрген өзіңменен,
Бақытты жан біздің келін Ләйла да.

Кім байқаған дүниенің тарлығын,
Ескерусіз алладан тыс қалды кім.
Ұл-қыздарың, ұрпақтарың өрісің,
Аман-есен болыңдаршы барлығың.

24 қазан 2005 жыл.

ЖАН ЕДІҢ ЖАЗ ГҮЛІНДЕЙ ЖАЙРАҢДАҒАН

Жан едің жаз гүліндей жайраңдаған,
Сен де өттің дүниеден қайран анам.
Келу бар, бұл дүниеге кету де бар,
Алланың құдіретіне қайран қалам.

Анашым ақыл-ойың, сыймай тасып,
Кей кезде сырласушең көңіл ашып.
Ей алла, бергеніңе мың бір тәубе,
Алпыстың алтауынан тұрмын асып.

Сен салған сара жолмен жүріп келем,
Қуанып, кейде ренжіп, кейде күлем.

Бейнеттің зейнеті бар деген сөз бар,
Тағдырым, не сыйлайды соны көрем.

Анашым, таусылғанша қуат-күшің,
Бір тынбай еңбек еттің біздер үшін.
Кешіксем көзінді ілмей отыратын,
Есім де сақталады қылған ісің.

Анашым бір өзіңе теңдесер кім,
Өмірге сен болмасаң келмес едім.
Сағыныш сезімімді оятқанда,
Өзіңмен бір жүргендей күй кешемін.

ОСЫЛАЙ АТ СЫЙЛАДЫ ОРТА ЖОЛДАН

Ата анам қойған атым Сембала,
Тілепті аулақ бол деп бәле —жала.
Ес білгелі естінің қасындамын,
Содан ба ерте оянды ой мен сана.

Зиятай екінші атым атам қойған,
Істеген іс, көркіме көңілі тойған.
Зиялы бала екенсің қарағым деп,
Осылай ат сыйлады орта жолдан.

АЙТПАЙМЫН ДОЛЛАР БЕРСЕҢ ӨТІРІКТІ

Қазағым мініп алып инелікті,
Көкке ұшып космосты игеріпті.
ТОҚТАРдың өз аузынан сұрап білдім,
Өтірік айтып бұрын кім көріпті.
Бардыда көк тосіне несие алды,
Айлығы аз, жетпейді несіне алды.
Кезек күтіп тұра ма біздің қазақ,
Бір ауыл боп, барлығы көшіп алды.

Тыңдады да үлкендердің ақылын,
Жоспарсыз-ақ үй тұрғызды ақырын.

Қабырғасын қардан қалап,
Бұлтпен жауып шатырын.

Шыдамай ауыр іске азып, тозып,
Жерден көмек сұрады қолын созып.
Ел іші алтын бесік, жүрек нәзік,
Жіберді он алты өзбек, жеті тәжік.

Барлығы қоян-қолтық араласып,
Тұрыпты бір бірімен хабарласып.
Лекең пенсияға шығып кетіп,
Байланыс үзіліпті қарабасып.

Айтпаймын доллар берсең өтірікті,
Елден хабар ала алмай өкініпті.
Үйлерін қардан соққан жалға беріп,
Өздері жерге қайта секіріпті.

ТОҚТАР ұшқыш космановт, халық қаһарманы.

ЛЕКЕҢ “Ауданның құрметті азаматы”, байланыс
бөлімін ұзақ жыл басқарған.

28 тамыз, 2005 жыл.

Дүние дүние болғалы бері адамның алға аттаған
адымы ұдайы кедергі көріп келеді. Адам баласының бүкіл
өмірі, кедергіден аттап өту. Адымың ұзарып, алдағы
асуды ала берсең, адымы қысқа, асу аса алмас басқа
біреу қызғана бастайды.

Шалғайыңнан алып, аяғыңнан шалғысы келіп тұрады.

Жалақор адамның жамандығы бықсыған көмір
секілді. Күйдірмесе де күйе жұқтырады. Екі жүзділік пен
екі сөзділіктің арасы екі-ақ сүйем.

2-ші қыркүйек 2005 жыл.

Қытай ойшылы Конфуцидің “Атауларды түзету”
Жэнь мин” принципінде былай деген екен.

Цилик цзин-Гун: “Мемлекетті қалайша басқаруға
болады”? дегенде хан хан болу керек, ұлық ұлық болу

керек, ұл ұл болу керек. Яғни әркім өз орнында болуы керек. Әр зат, әр нәрсе атына заты сәйкес болуы шарт. Сонда ғана мемлекетте бақуатты тұрмыс орнайды. Конфуцидің бұл ойына, мен әйел әйел болу керек, ене-ене болу керек, келін-келін болу керек деп жалғастыра бердім.

Шындығында біздің бар бақытсыздығымыз, әр заттың өз орынында болмай, орындарын алмастырып алуында ма деп ойлаймын.

26-шы тамыз 2005 жыл.

Жердің қойнындағы жез, қазбасаң кім алады? Елдің ойындағы сөз, жазбасаң жоғалады. Жазсаң қыйыстыра біл, қазсаң жиыстыра біл. Саясатта іркіле айтқан жақсы. Өнерде сілкіне айтқан жақсы. “В.Гюгоның” Әлсіздің езу тартқаны, әлдінің қарқылдап күлгенінен әлде қайда катерлі.

Малсызға, малға балап ұйқы берер,
Арсызға, арға балап күлкі берер.

11-ші шілде 2005 жыл.

Алла берерін тауыспасын, бүгін 11-ші шілде 2005 жыл. Түнгі сағат 11-де Айманым күнім 41 жасында аман-есен өмірге бір кішкентай қыз бала әкелді.

Жарасым, Айманым екеуі қыздарының қызығын көрсін. Ұзақ өмір берсін алла, еліміз тыныш болсын, бай болсын, өсіп, өнсің. Нәрестенің аты АЙНҰР, жасы ұзақ болсын. Менің тілегім осы. ӘУМИН.

16-шы тамыз, 2005 жыл.

Қасиетті бабалар басына тәу ету ежелден ата дәстүрі болып қалыптасқан мұсылман жұртының арманы. Сол ниетіміздің сәті түсіп, күнім Мейрамымның арқасында 16-шы тамыз 2005-ші жылы сағат жеті он бесте микроавтобуспен Алматыдан сегіз-тоғыз адам Түркістанды бетке алып, жүріп кеттік, Алла жар болсын.

Түнімен жүріп таңғы сегізде Арыстан бап әулие бабамыздың басына құран оқытып, бата жасадық. Мазар

үлкен, халық көп құран оқытып, шығып жатыр. Қасында қызыл кірпіштен жасалған екі қонақ үй және екі киіз үй. Содан шай дайындатып іштік. Ол кісінің оң жағында қазақтың бір туар азаматы Өзбекәлі Жәнібековтың мазарына барып, құран оқыттық, бұл өмірден кім қалады дейсің, о дүние-ай.

Елім деп еңіреп өткен бабаларым-ай, жатқан жерлерің жанатта болмын.

Біздің тілек ел-жұртымыз аман болсын, бала-шағаларымыздың дені сау болсын. Одан басқа не тілейміз.

КЕЛЕСІ САПАРЫМЫЗ БЕСІК ТӨБЕ.

Бір перзентке зар болып жүрген пенделер тәу ететін жер. Төбе басында үш бесік, үстіне ақтық байлап тастаған. Біз де бата жасап, зарыққан пенделердің тілектері қабыл болсын деп, қайта жолға түстік.

Бұдан кейінгі ШАХАН АТА мазары бір көрген кісіге қызық, мазардың есік-терезесі жоқ, жұмыртқа тәріздес. Ол кісі халық таза емес, есік қалдырмаңдар деген дейді. Шырақшы он жетінші, он сегізінші ғасырда өмір сүрген, БАЙДІБЕК Бабамыздың алтыншы ұрпағы ойсыл.

Тілек ойық, бір туған,

Ошақтыны кім туған, - дейді шырақшы, 84 жастағы АРТЫҚБАЙ кәрия.

КЕЛЕСІ ГАУҺАР АНА

ИАССАУИ бабамыздың қызының емшілік қасиеті болған. Жұма намазды меккеде оқыған. Үш рет зияратқа қажылыққа барған.

Келесі әйгілі АХМЕТ ИАССАУИ мазарына да келіп жеттік.

Кесене 1397-1404 жылдары он төртінші ғасырда өмір сүрген ислам дінін уағыздаушы ақын АХМЕТ ИАССАУИдің қабырының үстіне салынған. Қазақ хандықтарының тұсында ЯССАУИ кесенесінің ішіндегі қасиетті тспыраққа халқымыздың бір туар перзенттері жерленген.

Жөндеу жұмыстарына байланысты олардың сүйегі

1999 жылы 3-ші маусымда бейсенбі күні кіші ақсарайға арулап қайта қойылған.

2003-ші жылы кесене юнеско тізіміне ілінген. Кесененің алдында жеке Есімхан мазары тұр. Төле би өлді дегенде Қазыбек би “Төле өлді дегенше, дүниедегі әділет өлді, десейші, бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есімхан жеткен” - деген екен.

Кесене жанында демалып отырған бір зейнеткер жасындағы кісіні әңгімеге тартқанымда ол кісі былай деді: - Ертеде Ақсақ темір заманында ол кісінің түсіне Яссауи бабамыз кіріп, аян беріпті. Сен жер жүзін жаулап аласың, атың тарихта қалады деп. Содан ол кісі ИАССАУИ бабамыздың жатқан жерін іздеп, көне көз қариялардың айтуынша осы маңай дәл қай жер екені белгісіз десе керек. Сол маңайды болжамдап мазар тұрғызған. Кесене 40 шақырым арыдағы Сауранның саз балшығынан салынған дейді. Енді дәл жатқан жерін қалай табам дегенде, он қошқарды айдап кесенеге кіргізде қуала, сонда олар дәл бабамыз жатқан жерге барғанда ұйығып, тұрып қалады, солай жасап, дәл кәзіргі орнын белгілеген екен дейді. Кесенеге жөндеу жұмысы басталғанда, Түрік ағайындардың архиологына қазу жұмысын тапсырса, олар сол жұмысты ойдағыдай атқара алмады, оған жергілікті халық наразылық білдірді, қазғанда бәрінің сүйегін араластырып жіберді. Сол кездегі мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев келіп, әрең тыныштандырды, деп кеііді. Аты жөнім ҚИЯСОВ ЖЕТЕН, бұрын инспекция бастығы болғам, кесене жұмысына көп араласқан адам едім деді. Бұрын кесене астына екі қабат қамыс төселінген еді, соның бәрін алып тастап, бетондады, содан бері кесене шөгіп барады деп кеііді.

Келесі сапар ҚАЗЫҚҰРТ.

Қазықұрттың басында кеме қалған

Қасиеті болмаса, неге қалған.

Нұх пайғамбардың тұсында жер бетін топан су басқанда ұрпақты сақтап қалсақ деп кемемен Қазықұрт тауының басына шыққан дейді.

Екі тау Адам-ата, Қауа-ана арасынан ақ тілеу тілеген пенделер өтіп жатыр.

Біз Нұржамал құдағи екеуміз қолтығынан өттік, құран оқыттық, Алла қабыл алсын.

Одан кейінгі сапар УКАША САХАБА.

Әулие бүкіл әулиелерден дәрежесі жоғары, өйткені, ол Мухамет Мұстафа Саллаллаһи әлейһи уәсәләмнің қасиетті жауырынына жүзін тигізген. Укаша сахабаның бүй күнә жүзін 33 мың сахаба көрген, Оларға дозақ оты Арам. Укаша сахабаға шындап ниет етіп зиярат еткен кісіге Мекке Мәдинеге барғандай сауаптар жазылады екен. Укаша сахабаның басы жер асты өзенмен ағып барып, Меккеден зәм-зәм суы шыққан бұлақтың қасынан бұлақ шығып астынан Укашаның басы шыққанын айтады.

Сонда зәм-зәм суының жанында мәслихат құрып, демалып отырған сахабалардың дәл орталарынан жер астынан бұлақ шығыпты да ұзамай бір бас шығыпты, сахабалар қорқып кетіп, бұл кімнің басы болды екен деп қараса Укаша сахабаның басы екен. Сонда отырған сахабалар Укашада бұл дүниеден өткен екен, алланың күдіретімен жер асты өзенімен жеткен екен деп, арулап, ақ жауып, Мухамет Мұстафа Саллаллаһи әлейһи-Саламның аяқ жағына жерлеген екен дейді. Укашаның басы түскен қасиетті құдыққа Укашаның денесіндегі нұр, құдық түбінде қалған дейді.

Кімде-кім осы судан ішсе ішіне нұр кіріп, иманды болып, не тілесе тілегі болып, бұл дүниеде рахат, о дүниеде жанатқа барады екен. Укаша сахабаға зиярат қылған кісіге алланың нұры жауады. Сол жерде, бір мал құдайы жасап, басына түнедік, құран оқыттық, алла қабыл ойласын, жар болсын.

Ст БАДАМ

Тұрған Әубәкір қария дәуіріміз 84 жастағы атаға барып батасын алдық.

Жауын мен жер көгерер, батамен ел көгерер деген, алла разы болсын.

Ендігі сапар АҚ БУРА АТА

Шымкенттен ары биік таудың қойнауында, жер жанаты осы ма деп қаласың, сарқыраған бұлақтың бастауы. Өрік, алма, алмұрт, бәрі тұнып тұр. Ақ бура атаның басына тәу етіп, құран оқыттық. Бұл кісінің қандай қасиеті болған деп шырақшы Сүйеубек қажы Қалық ұлынан сұрағанымызда ол кісі былай деді: Бұл кісі дін уағыздаушы Қожа Ахмет Иассауи бабамызбен қатар жүрген деп жауап берді. Сөйлегенде екі езуінен ақ көбік бұрқырап шығып тұрады екен, содан Ақ бура атанып кеткен.

Емқұлов Әліпбай деген кісі қызы су қараңғы соқыр болып, апармаған емшісі қалмай осы Ақбура басындағы бастауға әкеліп, ертеңіне әке бас жағымда жорғалап бара жатқан жыланды қара деп көзі ашылыпты. Содан ол кісі осы жерді қамқорлыққа алып, Ақ бура бабамызға және одан сәл жоғары тұрған ол кісінің әкесі мен анасы және қарындасына мазар тұрғызыпты.

Бұл мазар Қазықұрт тауының бауырында. Мазардың жанында тұрған тасқа бұл сағананы салдырған Ошақты руының аталық атасының бидалысы Бейсенбенев Мұхтар Талатбек ұлы, 2001 жыл деген жазу бар.

Сол жерде бәріміз әлгі бұлақтың бастауына суға түстік. Суықтығы 40 градус.

Судан тіпті шыққымыз келмейді. Әшейінде жай салқын суға аяғымды жусам ұстап қалатын. Судан шыққанда денеміз қызып, қайта түскіміз келді.

Жанымдағы адамдарға түнейік, ертең тағы суға түсіп қайтайық деп едім, бірақ ол жер салқын, көрпе-жастық жоқ және алған тамақтарымыз да таусылған. Қайтуға тура келді. Ауруларына шипа іздеп барған неменелерім, келінім, құдашам, бәрі өте жақсы әсер алып қайтты. Алла сәтін салсын, жар болсын. ӘУМИН.

Жан-жануар жер бетін әуелі Алла жаратқан,
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар.
Отыз үш мың сахаба өзіне бәрін қаратқан,
Олар да өтті дүниеден, жандары болсын жанаттан.

Жол тарттық Алматыдан Қордай асып,
Қол былғап, қалды Мерке амандасып.
Тоғысқан, тоғыз жолдың торабы екен,
Бар халық қоян-қолтық араласып.

Айналдым қасиетіңнен, Арыстан бап,
Пенденің басын иген көңілін тап.
Жыр қылып жазамын деп қалам алдым,
Сайрасын қуат берсе тіл менен жақ.

Бала көрсем деп егіліп ана тілеген,
Ақтығын байлап, басына сан жұрт түнеген.
Бесік төбенің үстінде тұрған үш бесік,
Келген елді рухмен қорғап демеген.

Есік те жоқ, терезеде жоқ, бір қызық,
Шақан ата, мазарын қойған тұрғызып.
Тазалық тілеп, бірлік тілеп еліне,
Қайтарады сыртынан ғана жүргізіп.

Келесі сапар Гауһар ана кесені,
Елердей ол да әулие болған деседі.
Қасиетімен жебеп-желеп барлығын,
Еш пенденің қайтармаған меселін.

Әулиелер мекені Түркістанда Қожа Ахмет,
Мединада Мухамет, Маңғыстауда пір Бекет.
Қол жайып келген пенденің тілегін алла қабыл ет,
Береке-бірлік елге бер, тату-тәтті қауым ет.

Қазықұрттың басында кеме қалған,
Қасиеті болмаса неге қалған.
Топан судан қорғаған Нұх пайғамбар,
Адам ата Хауа ана рухы демеді алдан.

Басыңа келіп тәу етіп, Укаша бабам толғанам,
Пайғамбардың қасында оқ қағар болып қорғаған.
Ниетімен келген пендесін әруағымен қолдаған,
Жамандық кім ойласа, олардың жолы болмаған.

Әруағы жар болып, Ақбура бабам қолдасын,
Еліміз тыныш аман боп, мал басымыз мол болсын.
Мөлдір бұлақ, тынық су, шипа болсын ем болсын,
Тек жақсылық тілейік, қайталық енді жол болсын

9-шы қыркүйек 2005 жыл.

Ертеде Абай дәуірінде Жәлменденің баласы Пұшан деген кісі өткен екен.

Пұшан Абайдан жасы үлкен, дәулеті де мол кісі болса керек.

Бірде бәрі сыязға шақырылып, ақ шағаладай ақ боз үйлерін тігіп кетіпті.

Жасы үлкен кішіге сәлем беру ата салты. Абай Пұшанға сәлем беруге үйіне барады, есік алдында күзетшісі ол кісі демалып жатыр еді десе керек.

Онда оятпаңыз, ертең келермін деп Абай қайтып кетіпті

Ертеңіне Абай қайта барады, барса есігі түсірулі, тағыда күзетшісі ол кісі демалып жатыр депті, онда оятпаңыз деп Абай тағы қайтып кетіпті.

Сөйткенше болмай сыязда басталып, Абай мен Пұшан сол жерде кездеседі.

Аман-саулықтан кейін Абай сөз арасында осы дәулетіңіз жеті атадан бері келе жатыр ма? —деп сұраса керек.

Сонда Пұшан, жоқ бұл дәулет тек өз басыма ғана қонған депті, сонда Абай:

- Е, көтере алмай жүргеніңіз сол екен ғой деген екен. Сөйткен Пұшан қуғынға түсіп, үйіне бес солдат келіп, алып бара жатқанда:

- Баласы Жәлменденің Пұшан едім,
- Тұсында Николайдың кісі-ақ едім.
- Кісіге кісі ақысы кетпейді деуші еді,

- Жазықсыз талай жанды қышап едім, -деген екен.

Ол кісіні алып кеткеннен кейін 15 минуттен кейін ақталу қағазы келіпті.

Бірақ есіл азаматты атып жіберіпті деп бір отырыста Балтағұл баласы Избасар ағадан естіп едім.

26 қазан 2005 жыл.

Ертеде Арқадан жетім қыздар ма, әлде кедейдің қыздары ма кім білсін, Жетісу өңіріне әкеліп, астыққа айырбастап кетеді екен дейді. Ол қыздарды көуеншек деп атаса керек. Бұл Құнанбай дәуірінде Жетісу мен екі арада бір үлкендау болса керек. Жесір дауы ма кім білсін, сол дауға біздің бесінші атамыз Бойлауық та еріп барған екен дейді. Содан дау бітімге келе алмай Жетісу жағы дағдарып отырғанда, топ ішінен бір ұзын бойлы, сары кісі ұшып тұрып:

- Әр төбенің астында бір көуеншек, ол да осы даудың құны ма десе керек. Сонда Құнанбай:

- Әй мына бойлап-бойлап, сөйлеп тұрған кім өзі? Дауды осы сөзбен тоқтатайық десе керек. Сол сөзден кейін атамыз Бойлауық атанып, ру ұранына айналыпты, сары үйсіндер атқа шапқанда осы кісінің атын айтып шабады екен дейді көне-көз қариялар.

9-шы маусым 2006 жыл.

Жыл өткен сайын жадымызда жаңғырып, көз алдымыздан тізбектеліп өтіп жатқан кешегі тізеден қан кешіп, бүгінде арамызда жоқ ел ағалары туралы бірер сөз. Ол кісілер мен келін болып түскен Бақбақты ауылының тұрғындары. Менің жолдасымның анасымен бірге туған Нысанбай баласы Құстүтін ағай. Ұзын бойлы, өте сымбатты, артық сөйлемейтін, ауыл арасында сыйлы адам еді. Майданда менің әкеммен екеуі бір бағытта соғысқа қатысқан екен, кейін құда болғанда айтып отырушы еді, ал Мәйке әкпеміз атамыздың шөбере қарындасы. Сол ауылдағы ел ағалары Сұлтан, Беке, Молдаш, Райс, Рыскелді, Ақкүшік, Баймолда, Мұсахан ағаларымыз, тұнып тұрған қара сөздің, әрі әзіл-

қалжыңның шеберлері болатын. Кезінде сол кісілерді өмірден өтпейтіндей көріппіз ғой, нелер асыл сөздер бірге кетті ғой, шіркін. Бірде Молдаш ағай былай деп қалжындайтын, сол ауылда Штах деген неміс азаматы тұрған еді, өздері қатар әзілдесіп жүреді екен. Ойпырай, осы Штахты әрмияда өзім көздеп атып өлтіріп кетіп едім, елге келсем осы жерде жүр, бұл қалай дейтін. Ал Сұлтан, Беке, Райс ағаларымыз үйге келгенде үлкен үйдегі келін жеңгедей қарағым, үйдегі барыңды әкел, деп еркелей келетін. Менің қайын сіңлімнің барған жері құдаларымыз Аккүшік, Баймолда қариялар елді ауызына қарататын, сөзге шебер адамдар еді, өздері ақын, өлеңші, өз ортасында сыйлы. Бірде Бақанаста біз алты бөлмелі үй сокқан едік, сонда үйде құдалардың басын қостық. Аккүшік, Баймолда, Сәтбала, қыз Жұмағыз, Бұқпантай, Әсет және келін Жұмағыз, Макира тәтем,

Акжүніс құдағи, көрші Сүйімхан апа, міне шіркін сол кезде видео камера болса ғой, түсіріп алатын. Бұл кісілер бір-бірімен таң атқанша айтысты, шетінен өлеңші әрі ақын. Затында біздің құда-құдағилар солай кездескен. Біз өзіміз де өнерді жанымыздай сүйеміз.

Макира тәтем, Аккүшік қарияның кіші қызы, ол кісі де дүниеден өтті. Өлеңді тосынан айтатын, әзіл-қалжыңды орнымен айтатын кісі еді. Жатқан жері жанатта болсын, бұл дүниеден кім қалады дейсің, о дүние-ай.

Бұл 1962 жылдың мамыр айы еді. Мен Ерланым жас босанғам, ал Мәкира тәтем Нұрлан деген баласына босанды. Екі үйіміз көршіміз, тәтем қиналғаннан ба, емшегінен сүт шықпай қалды, өзімен бірге жатқан әйелдерге емізбей, мені шақырып осы баланы өзің емізші деді. Сол бала азамат болып, әйел алып, одан бір балалы болған кезінде Ташкентте әскери жоғарғы оқуда оқып жүргенде бір кісілердің қолынан қаза тапты. Ал үлкен баласы Ермұханбет әскери борышын өтеп жүргенде жаттығу барысында окоптың астында қалып, 20 жыл коляскіде отырып, оған да ол кісі өзі қарап, ақ жуып, арулап қойды. Бір басына жететін қайғысы болса да

тәтеміз мойымай жүргенде кіші баласы Уалиханы аяқ астынан ауырып, қаза болды, содан кейін біраз ауырып өзі де дүниеден өтті.

Өтпелі кезең

8 ақпан, 2006 жыл.

Иә бүгін осылай болып отырмын және бола беретін шығар деген мүлде дұрыс емес екендігін 1992 жылдан басталған нарық толық дәлелдеп берді.

Қолымыздағы бар ақшамызға керекті заттарымызды ала алмай есік жағалаған кездеріміз болды. Елбасының бір аяқ киім алу үшін “большой блат” керек емес пе еді, енді міне, не керек, ал, тек ақша тап деген сөзі көңілге қонады.

1992 жылы жолдасым хал үстінде жатқан кез еді, үйге қалын сұрап келіп жатқан адамдарда шек жоқ, дастарқанға салайық десек шай, май, конфет деген атымен жоқ. Тек потребсоюзда жұмыс жасайтын саудагерлердің ғана жолы болып тұрған кез, барсаң маңайына жуытпайды. ПМК деген мекемеде жиырма бес жыл қызмет жасап, зейнеткерлікке шыққан кезім еді. Бұрын ешкімнің алдына барып сұрап көрмеппін, себебі біздің өз дүкеніміз болатын, содан өз керегімізді алып тұрушы едік. Кейін оның барлығы жабылып қалды ғой. Бірде тіпті бармауға болмады. Ертемен тұрып потребсоюздың конторына бардым, себебі май, шай, қантты солардың қағазымен беруші еді.

Сонда сұрап жүргенім бес келе печенье, бес келе кант, екі келе май, бір келе шай, ол жерде мен танитын председателі Қияс орнында жоқ болып шықты, ауырып больницада жатыр екен, енді не істеу керек, замына кірейін деп ойладым, оның аты Сабыр екен, ол кісі сен кімсің дегендей кеіп, тіпті дұрыстап жауап бермеді, ертең келіңіз деді. Сонымен қойшы барам ертеңмен бір демалыс жүрдім. Сенбі күні шығып бара жатып, қорланғаным сонша, көз жасыма ие бола алмадым, ел іші деп кейде көксейміз ғой, елдің бәріне топырақ шашудан аулақпын, бірақ ішінара осындай адамдардың

кездесетініне қайран қаласың. Шығып бара жатсам алдымнан қалбандап Қияс келе жатыр, тәте неге жылап барасыз деді. Мен болған жайды айттым, жүріңіз деп бір орыс әйеліне жолықтырып, мына кісінің сұрағанын түгел жазып бер деді. Мұны айтып отырғаным, менің сауда жасауыма осындай себептер түрткі болды. Ұзамай жолдасым қайтыс болды, жылын бергеннен кейін Алматыға барып сауда жасауға тура келді. Жасымнан өз бетімше өмір сүріп жүрген маған анау қорлық қатты батты. Ең алғашқыда қатты ұялып жүрдім, бірақ келе үйрендім. Үш күннен кейін көргеде үйренесің дегендей, адам баласы игермейтін іс бар ма?

1995 жылы маусым айының 25-інде Алматыға көшіп келдім, екі жыл сауда жасап, Алматыдан үш бөлмелі жер үй сатып алған едім. Бірде базарда тұрсам Алматыдағы біздің управлениеде жұмыс жасайтын бір қызметкер мені көріп “Я своим глазам не верю”. —деді. Сонда “верь, не верь —это я” дедім, алла бізді сынаққа салған шығар, оған көнбеске шара жоқ. Мен баяғыда отыз жыл үріп ішіп, шайқап төгіп едім деп отырсам, менің аузыма кім су тамызады. Ол кезде балалар да жетіле қоймаған, бәріміз де қиналып жүрген кезіміз еді. Баяғыда Николай заманында байлардың үйлері есігі ашық қалпында қалды деп аналарымыз әңгіме айтса, ол қалай болды деуші едік, сөйтсек ол өз басымызға келіп, алты-жеті бөлмелі үйімізді бес малға беріп тастап жүре бердік. Бұрын атам айтушы еді, қыздарға төмендемеңдер, жоғары жаққа үйленіңдер дейтін, сөйтсек базарлы жер байымас, байымаса да налымас деген, аштық жылдарында базары жоқ жердегі адамдар көп қырылып, ал базарлы жердегілер аман қалған екен.

“Тегі жақсы тек жатпайды” деген, жұмыс жоқ деген бос сөз, талпынсаң бәріністеуге болады, “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей” дегендей өтпелі кезеңді де бастан өткіздік.

Ауданның кешегісі мен бүгіні

8-ші тамыз, “Ақдаланың қырық жылдығына” орай.

Ауданның кешегісі мен бүгінін салыстыра отырып, ойға қаласың.

Адам әсіресе, қазақ қаншама қыруар істер тындырғанмен өзін соншама еңбекқор санамайды. Ұзақ жыл қызмет атқарған немесе қарапайым еңбек еткен адамнан істеген ісі туралы сұрай қалсаң “әйтеуір ел қатарлы тер төктік қой” дегеннен арыға бармайды. Шын мәнінде солай ма?

Мысалы, үй шаруасындағы әйел ананы алайықшы, өмірге перзент әкелу, оны түн ұйқысын төрт бөліп асырау, киіндіру, оқыту, үйлендіру, одан немелерін асырауға көмектесу, отағасының қонағын күту, туған-туыстарына жағыну, міне, сол сияқты айта берсең, жалғаса береді.

Демек соншама адамға қызмет көрсетті деген сөз. Сол арқылы өзі өмір сүрген қоғамға еңбек сіңіреді. Бірақ ол халыққа қалтқысыз қызмет көрсеткенін, мемлекет ісіне елеулі үлес қосқанын аңғара бермейді. Осылай әйел аналар ескерусіз қала береді. Өзінің кәсібiне адал, ісіне мығым, атқарған істері ел игілігіне жарап жатқанын, бүгінгі жасқа өнеге, ертеңгіге мирас екенін сезіне ала ма?

Бұл 1956-1957-ші жылдар кезеңінде ауданымыз қарқынды еңбек ету жолында еді. Ауданда промартель, промкомбинат деген мекеме халыққа қызмет көрсетеді. Сол кезде 16-17-гілер шамасындамын. Сол быткомбинат-тың тігін цехына оқушы болып жұмысқа орналастым. Мекеме басшысы өз ісіне мығым, талай жастарға үлгі-өнеге берген Ауғанбаев Жексенбек ағай еді.

Сол комбинатта киіз үй, киім тігу, балық даярлау, отын даярлау, суретке түсіру, машинаға керекті бөлшектерді даярлау, етік жөндеу, сағат жөндеу сияқты цехтар халыққа мүлтіксіз қызмет көрсетеді. Не іздегенінді бірақ жерден табасың. Ол кезде жастарды оқушы ретінде

жұмысқа алып, үйретіп, мамандық береді. Сол тігін цехына алты ай оқушы болып, тігінші деген мамандықты игердім.

Бір күні Жексенбек ағай кабинетіне шақырып, Алматыдан күніне 25-30 мәшине сексеуіл тиеп әкетуге келеді, соның путевкасын толтырасың деді. Ол кезде Алматының жылу жүйесі осы біздің сексеуілмен, көмірмен қыздырыла-тын кез болса керек. Сол кезде қазіргі канал жүргізген лесхоздың орны тұнып тұрған сексеуіл еді. Адамдар өздері арқалап әкеліп немесе есек арбамен тасып, қыстық отындарын жиып алатын. Ал сексеуіл қырық жылда өте жай өсетін өсімдік екен, егер бір түпті қиратып алсаң орнына тұқымын сеуіп қою керек екен. Мұны айтып отырған себебім, кейін осының бәрін тоқтатып, жылу жүйелері газбен светке айналған кезде табиғат байлығын қалыпына келтіру үшін лесхоз мекемесі біраз еңбек етті.

Арычний көшесінде орналасқан Промартель де халыққа киім тігіп, қызмет жасады. Киров көшесінде қазіргі Юбилейный кинотеатрының өкпе тұсында маслопром бар еді, одан брынза, май, сыр жасап шығаратын, міне осындай шағын өнеркәсіп елге ешқандай қажеттілік тудырмай қамтамасыз ететін.

Ал бұрынғы мешіт тұрған жер парк ішінде жаздық би билеу орны және парк ішінде жаздық ашық кино көрсетеді. Кинотеатрдан сәл паркке қарай ескі клуб. Оған жастар және семьялы жұптар да барады. Сол кез нағыз мәдениет-тің дамыған кезі ме деп ойлаймын. Жастар мәдениетті, ұрыс, төбелес жоқ.

Быткомбинатта көбіне неміс азаматтары жұмыс жасайды, олар өз істеріне бекем, таза адамдар. Сол кезде ауданның комсомол ұйымының секретары Балтағұлов Ізбасар ағай еді, ал мен сол быткомбинатта комсомол ұйымының секретары едім, бір күн тынбай жастар еңбекке құлшына араластық.

Ауданның алғашқы оқу бітірген түлектері Оралбаев Совет, Искаков Есімқұл, Оспанов Сағатбек, Еңсебаев Әскер, Соқабаев Сапарбек, Аққүшіков Бекберген,

Рыскелдиев Есболат, Байбөлеева Сапаргүл, Өмірзақова Әспет.

Екінші толқын Көжеков Мейментай, Көжекбаев Ілімбай, Есімқұлов Тұрлан,

Байымбетов Керімтай, Омаров Сапарғали, міне, осы аты аталған азаматтар ауданның өркендеуіне өз үлестерін қосты.

1965-тің күзі. Тікелей Димекеннің араласуымен Қазақстанның оңтүстігінде ең арзан, әрі сапалы күріш өндіру жоспары іске асырыла бастаған кез. Іле бойын жағалай совхоздар ұйымдастырылып, оларға құрылыс жүргізу үшін

“Союзиливодстрой” деген мекеме құрылды, басшысы Байзақов Бермес еді.

Құрылыс аудан орталығына мектеп интернат, он жылдық Байқуатов және Бақтыораз атындағы екі мектеп, “Юбилейный” кинотеатрын, монша, профтехучилище, казарма, котельный восемь котлов және мөлтек аудан тұрғын үй құрылыстарын жүргізді. Пионер лагерь қырық орындық, аудан сол жылдары жаңару үстінде еді.

Міне, сол 1965-тің күзінде біз жолдасым мен екеуміз ПМК-2 мекемесіне жұмысқа орналастық. Ол кісі начальник участка, ал мен бухгалтер қызыметін атқардым. ПМК деген сөз жылжымалы құрылыс колоннасы деген мағананы білдіреді. Қай жерде құрылыс басталса, сол жерге вагонмен көшіп барып, жұмысты жалғастыра береміз. Аудан құрылысы біткен соң Ақдалаға көшіп бардық. Вагонда отырамыз, қыста от жанбайды, электроплиткамен отырамыз, ал жаздың аптабында айтпаса да белгілі. Бірақ бір минөтте жұмыстан қалуға болмайды. Ол кезде қатты соққан желден бес метр жердегі адам бірін-бірі көрмейді, көшіп барғанда түсірген қағаздарымызды жел ұшырып, қолмен бұрап есептейтін мәшінкеміздің ішіне топырақ толып қалды, көзіміз-ге жас толып, қалай жұмыс істейміз деп уайымдадық, кейін каналға су жіберген соң жел аздап саябырлады.

Ақдалаға бір орта мектеп, контор, сиыр ферма, сүт ферма, ток, мәшине жөн-дейтін цех және тұрғын үйлер салынды, соның бәріне сенбі, жексенбі күндері объектіні өткізерде бір адам қалдырмай сыртын көгалдандыру, ішінің есік-терезесін жуу біздің міндетіміз. Жиырма бес жылдық, елу жылдық, Бақ-бақты құрылыстарын да сол ПМК —лар атқарды. Сол кездегі бірінші басшымыз Байзақов Бермес қазір марқұм болып кетті, бас инженер Тілеубер-дин Шыңғыс қазір көзі тірі. ПМК-2-нің алғашқы басшысы Әлімбаев Серғазы қазір Қаскелеңде тұрады, одан кейінгі Юрковский Валентин Борисович еврей жігіті өз ісінің шебері, одан кейінгі Омаров Сапарғали өз ауданымыз-дың азаматы, өте алғыр жігіт, одан кейінгі Чакеев Ұлан, бірге қызметтес болған Досқараев Жеңісбек, Рахимов Қалдыбай, Бекмолдаев Нұрқыдыр, Дос-баев Болатқан, Қыдырбеков Совет, Ізтілеуов Сайлаубек, Өксікбаев Омарқан,

Құлжабекова Римма, Белинская Надежда Федоровна, Зверов Василий Тимо-фейович, Зверова Мария Яковлевна, Кузмин Андрей Агафонович, Кузмина

Вера Матвеевна, Жомарт, Замзагүл, Зюба Лидия Никиточна, Захар Османов,

Жұмаш Сабанбаева, Орынбек Жалдыбеков сияқты еңбек адамдарымен бірге қызметтес болғанымды мақтанышпен еске аламын.

Сол мекемеге жұмысқа тұрғанымда жиырма бес жаста едім, содан елу жасқа келгенде көп балалы ана есебінде өздері еңбек демалысына шығарып салды.

Ақдалаға Бақанастан қатынап он үш жыл грузо таксимен тасыды. Таңғы жетіде жолда тұрамыз, содан жиып әкетеді, сәл кешіксең болды, қаласың.

Осынша еңбекпен соққан сол объектілердің қазір бұзылып жатқанын көрген-де не болғаныңды білмейсің, анау монша, кинотеатр, ет комбинаты, сиыр ферма, сүт ферма, қонақ үй, лагерь 40 орындық, бәрінің тек орны қалған.

Димексең сол кезде қанша биікте тұрсада аудан мәдениетіне тікелей ат салысып Ақши арқылы газ

жүргізіп, оны котельный 8 қазандығы арқылы Бақанастың сегіз көшесіне қостырып, газбен жылытуды армандаған екен.

Сөйткен котельныйдың орны ғана тұр. Қыс пен жаздың аптабына қарамай еңбек еткен құрылыс мамандарының кешегі Ақдаланы игерудің қырық жылдық тойында біреуінің аты аталмай калуы өкінішті-ақ.

10 қараша 2009 жыл.

Біз бұл естелікті жазғанда кейінгі ұрпақтың санасына сіңіріп осындай жақсы адамдар болған екенәу деп біліп жүрсе дейміз. Бұл кісілер өз ауданымыздың озық ойлы азаматтары. Кәзір арамызда жоқ, бірақ елі үшін тер төккен адамдар. Байораз, Балтағұл, Сабанбай, Темірғали, Ырғай, Оспан, Бұқпантай, Қағазбек, Жүніс, Әнятолла, Нығызбек, Нұркерім бұл кісілер елдің тыныштығын сақтап ақыл кеңес беріп жүрген ел ағалары. Байораз, Балтағұл аталарымыз талай үйімізден дәм татып, біз сарқытын ішкен адамдар. Әкесі құрдастың балалары да құрдас деген, Ажармен біз бірге жүрсек, кейінгі Керімтай, Райхандар мен Қуан бірге жүрген. Жасындай жарқ етіп ерте сөнген Қуан тумасынан бөлек жан еді. Оның ақылдылығы жан-жағына жолдас жобаларының топтасуы істеген қызметі өзінше бір әлем. Ал Ізбасар ағай жасынан билік басында жүрген белгілі тұлға.

Байораз атамыз өте тәубешіл, қанағатшыл адам еді. Жалғыз ұлы Манапбай ауданда оқу бөлімін басқарған. Кейін сол баласы жол апатынан қайтыс болғанда немерелерінің тілеуін тілеп немересі Жақаннан шөбере сүйіп өмірден озды.

Ал Сабанбай атамыз тұнып тұрған тума талант иесі шежірені жатқа айтатын. Біз асықпайтын қалықпыз ғой кезінде сол кісілерді өлместей көріппіз ғой қағаз бетін түсіріп алмағанымызға өкінем. Ол кісінің ұлы Чапай, Жұмаш, Қазила, Шамал деген балалары болған өсіп өнген отбасы. Жұмаш абысыныммен ұзақ жыл қызметтес болғам. Кәзір өмірде жоқ. Жаны жанатта болсын.

Темірғали ағамызбен неше жыл көрші болдық. 1937 жылы әкесінің репрессияға ұшырағанын ел ішіндегі қаңқу сөзге шыдамай Сары-өзекке көшіп кетіп ұзақ жыл сонда тұрып, кейін әкесі ақталған соң көшіп келгенін күйіне есіне алатын.

Кезінде солақай саясаттан қорқып әкесіне ас бере алмай, кейін өзі қайтыс болардан бір жыл бұрын ас берді. Әкесі Ақкөл көтерілісшілермен бірге атылған екен. Балалық парызын өтеп келер жылы өзі де қайтыс болды.

Ырғай ағамыз кәзіргіше әкім ауданды көп жыл басқарған. Жалғыз ұлы Мырзалы Жамбылда УВД- ны басқарып тұрғанда кісі қолынан қаза болды. Клара, Роза деген қыздары бар. Оспан, Омар ағаларымыз өз істерінің шебері ауданда түрлі салада қызмет жасаған адамдар. Оспан аға өмірден өтерде менің әкеме басымды ұстатындар депті. Ол кісілердің аталас адамдар екенін Сәкеңнің жазған кітабынан білдім. Жас кезде мән бермеппін. Жас кезімде жазғы демалыста әкм мені Омар ағаның үйіне бір айға апарып тастады. Ол жерде Күлаш, Мұқаш, Нестай бар екен солармен ойнап жүрдім. Кәзір ойласам “Жақындықтың белгісі бара берген” деген сөзді ұстанған екен ғой. Олар сол кезде жайлауда ма, малда ма сол сияқты еді.

Ал Алтынбике жеңгем өте қайырымды ақкөңіл жан еді. Жұртымау деп отыратын. Букпантай ағай әрі бауырым бір жағынан құдам, ол кісінің анасы тобықтының қызы екен сол жағынан сен бауырымсың деуші еді. Менің әкем қайтыс болғанда түп нағашым деп бір танасын әкелді. Аға өлеңді төтесінен айтатын Ақжүніс құдағи екеуі отырыста айтысып кететін сонда аға басым түсетін. Егер кәзіргідей айтысқа түссе, сөз жоқ ол кісі озар еді. Анасынан келген ғой деп ойлаймын. Аға өте ақкөңіл, ұрыс таластан аулақ жүретін тарихты төтесінен айтатын әңгімешіл адам еді. Кезінде ең алғашқы ауданда комсомол ұйымының секретарі болған. Аға Әсет төтем ұзақ жыл өмір сүріп, екі қыз, бір ұл тәрбиелеген үлгілі отбасы.

Қағазбек ағаны да көзіміз көрген, ол кісі орақ тілді

от ауызды ақын адам еді. Жазған өлеңдері сақталмай қалған латын тілінде жазатын деп Перуза жеңгеміз айтып отырушы еді. Тек халық аузында Қағазбек айтушеді деген сөздер бар. Ол кісіден төрт қыз бар. Фаясы аудандық ауруханада дәрігер, сол қызы ағаның ошағында отыр.

Жүніс ағай соғыс жылдарында колхоз бастық болған. Ол кісінің бір баласы Дүйсебек ұзақ жыл ауданда тері даярлау мекемесін басқарған. Жеті қыз, бір ұлы бар өсіп өнген отбасы.

Әниятолла Ақметовты білесіздер ұзақ жыл ауданда бірінші қатшы болған. Ауданның бір көшесі сол кісінің атымен аталады. Күлипан тәтемізбен ұзақ жыл өмір сүрген. Бір қыздары бар, көзір қалада тұрады.

Нығызбек ағамыз көп жыл жол жөндеу мекемесін басқарған. Ұлжан жеңгемізбен ұзақ жыл тату тәтті өмір сүрген. Өсіп өнген отбасы. Зейнеткерлікте отырған кезінде Балхаш өңірі газетіне тарихи еңбектер жазып, қалыққа таныстырған.

Ал менің атам Нұркерім соғыс жылдарында төрт колхоздың қамбасын басқарған. Отыз жыл сауда саласында істеп зейнеткерлікке шыққан. Төрт баласының қызығын көріп, немере сүйген бақытты жан.

8-ші наурыз, 2009 жыл.

Біте қайнап, бірге өскен асыл құрбым Нұрима, ақкөңіл бауырым, сен өмірден өткелі де үш-төрт айдың жүзі болды. Артыңда еске алатын мен сияқты құр-бың бар сен бақыттысың. Мен бүгін Қалқаманда ауруханада жатырмын, өткен қызықты күндер есіме түсіп, көзіме жас алып отырмын. Әлі есімде мен

Бақанастың ауруханасында жатқанымда сен келдің, одан кейін Балдырған екі-үш рет келді. Рахила келінім, құда жолдастарым. Бақ-бақтыдан, Ақдала-дан келді, бәріне рахметім шексіз. Біз елден кеткелі де 16-17 жыл болды, көп-шілігі ұмытып қалды ғой деп ойлап едім. Елден айналайын, әуелі ауырғаным ды ұмытып, шыққым келмей, жата бергім келді. Міне бүгін 8-ші наурыз, әлі есімде Қалқамандағы Ерланымның үйіне

сендерді шақырып, ал сендер такси жалдап иманды болғыр Шакман бар, бірақ әдірісті ұмытып түске дейін сол таксимен жүргендерің, ақыры таксис апалар ақшаларынның керегі жоқ, тек мені босатыңдаршы деп әрең құтылғаны күні бүтінгідей әлі есімде. Одан тағыда екеуіміз Нұркамалдың үйіне барамыз деп, тағыда аласып таксиске Жамал магазиніне апар дейміз, ой, апалар не көп магазин көп, қызық екенсің-дер дейді. Қай отырыста отырсақта екеуіміз өлең айтып, көңіл ашып отырушы едік.

Қалқаманда ауруханада жатқаныңда авариядан кейін барып бір сағаттай жан-ыңда отырып, әңгімелестік. Сонда біздің қызықты күндеріміз өтіп кетіпті-ау шіркін-ай дедің, ал мен сенің көңліңді аулап, босатпайын деп жазыласың, әлі бірге жүреміз дедім. Тым болмаса коляскіде отырсам да балаларымның жан-ыңда болсам екен деп армандадың. Сабырымның аман қалғанын көрген соң, жаным кірді ғой дедің. Қолыңнан, бетіңнен сүйіп, шығып кеттім. Шіркін-ай, бұл біздің соңғы көруіміз екенін кім білген. Жаныңда Ардақ бар екен. Нұрима сенің ішіндегі балаларыңа айта алмай кеткен арманыңды қағаз бетіне түсіріп отырмын, мен сенің сырыңды білемін ғой. Ғалияң өзіне адал келін болды, оны өз көзіңмен көріп кеттің. Соңғы өзің салған әуеннің махамына келтіріп жазып отырмын. Ғалияң айтып жүрсін, саған сыйлығым болсын, иманың жолдас болсын, асыл құрбым.

Бақанас еді мекенім,
Үйіме қашан жетемін.
Қыздарымды сағындым,
Алламау саған неғылдым.
Аяғыма ілінсем,
Армансыз болып өтер ем.
Жер басып жүрсем шіркін-ай,
Барлығыңда көтерем.
Дүние шіркін өтерде,
Құйысқанды көтерді.

Бұйырмаса амал жоқ,
Асыққанмен жетем бе?
Адам жаны ну тоғай,
Біле білсең сағыныш.
Ешбір жаннан сескенбей,
Бұлағынан қанып іш.
Тоғыз кемпір тоғысып,
Топты жардық кезінде.
Өлең айттық жыр құрап,
Жалғаны жоқ сөзімде.
Көңілімде жалғыз арманым,
Аман болсын Ардағым.
Сүйеніп маған жүруші еді,
Кімге салады салмағын.
Асқар мен Сабыр, Қуатым,
Өзімді-өзім жұбатам.
Адал еді Ғалиям,
Қиыннан қисын табатын.
Осы еді менің көңлімде,
Айтылмай кеткен арманым.
Жаңа білдім япыр-ай
Дүниенің жалғанын.

7 желтоқсан, 2005 жыл.

Бүгінгі сайлау

Ертеңгі жарқын күнің,

Мәнісін терең ойлан, халқым мұның.

Ер үшін, ел басқарған жеңіл болмас,

Қайыспай калың жұрттың тартып жүгін.

Мәнісін терең ойлан, халқым мұның

Деп Марфуға Айтқожа жырлағандай, рас бүгін сайлау, 4 желтоқсан 2005 жыл. Иә, ел тағдыры, ол кісі билік басына келген 15 жыл ішінде болған құбы-лыстарды жоққа шығара алмайсың. Ол өзіне тапсырған тізгінді нық ұстады, соның арқасында егемендігіміз нығайып, дәулетіміз артып, алып елдермен қарым-қатынас жасап, басқа жұрттармен тереземіз тең келе жатырмыз. Қазақ басынан бейбіт халық, бір басына жететін ерлігі де бар,

кешегі өзінің дұшпан дарымен де достаса алатын кеңдігі де бар. Алайда жан-жағымызға қарайық-шы. Қырғыз, Тәжік, Өзбек ағайындардың біразы Қазақстанда жүр, оларды да жұмыс күшіне пайдалануда.

Бүгін жетінші желтоқсан. Сайлау комиссиясының председателі Оңласын Жұмабеков салтанатты түрде Қазақстанның Ел басы деген Нұрсұлтан Әбіш-ұлына куәлік тапсырды. Құтты болсын, еліміз тыныш болсын, бүгін алғашқы қар жауып тұр, нұр болсын, халқымызға құт-береке әкелсін. Әумин.

БІЗ ЕКЕУМІЗ

Біз екеуміз бір әулеттің отын жақтық,

Тіледік те тілеуін.

Содан қалқам, бақыт таптық,

Оны да мен білемін.

Аялаған ата-ананы қалдырып,

Айырбастап қалай кеттік

Ауырттықта жүрегін.

Есінде ме?

Ақ босаға аттағаның ең алғаш,

Келген жерге

Балдай батып, судай сіндік ол рас,

Бірақ біздің

Бойымыздан табылады ұқсастық,

Ендеше сол

Екеуміздің тағдырымыз тағдырлас.

Өмір ортақ, бәрімізге жалпыға,

Біз де солай түстік тезге, талқыға.

Қарамайды ажарыңа, көркіңе

Бас игізеді ата дәстүр, салтына.

Деген сөз бар

“Жалғызда жоқ меірім”,

Болса болсын

Оған несін кейінін.

Аман болсын ел жұртым,

Тарылмасын пейілім.

ҚАЗАҚТЫҢ ДАРА ТУҒАН АҚИЫҒЫ

1865 жылы Балқаш көлінің маңындағы ҚЫЗЫЛ ШОҚЫ деген жерде өмірге келген Шашубай бабам екі ғасырдың куәгері. Әкесі ертеден дүниеден өтіп, жасынан жетім қалған Шашубай жарым жан шешесіне қолқанат болып, бар қиыншылықты басынан өткереді. Жоқшылық тауқыметін жастай сезінген баланың көкірегі ерте оянып, айналасына жіті көз тастайды. Жыршылық өнерге делебесі қозып, өлең шығаруға машықтанады. Он екі жасында ақсақ шалмен, он үште Жақай, Кенжебала сияқты жұрт көзіне түсіп жүрген ақын қыздармен қақтығысады. “Ақын бала” атанған Шашубай он үш жасында қыстыгүні түйелі кірекештермен Балқаш мұз айдыны арқылы Жалайырда әлде бір байдың үйінде бау-бақшасын күзетіп жүргенде бір адам түсінде аян береді: “ШАШУБАЙ, серпіл тұр, сенің бойың толған өнер, шығар сыртқа, ешкімнен қор, кем болмайсың”. Сонда ол әндете, екілене тұра келеді.

“Он үш жаста жел сөзді пері соғып, жасылдың суын іштім құдығынан” дейті-ні содан. Өнердің бастау кезі осы, -деген Шашубайдың әңгімесін естелік етіп жазған еді ақынның хатшысы болған Әбжан Омарбаев. Тарихтан білетініміз, Шашубай Ағыбай батырдың Софы дейтін баласымен Жетісуға еріп келіп, елдің қадірлі, сыйлы адамдарымен танысқан отырыстарда халық әндерін тыңдап, дәстүр-салтын жан-жақты білуі, оның ақындық әрі әншілік аспанының көкжиегін кеңітті. Осы елде Майкөт, Жамбыл, Қуандық, Сарбас сияқты ақын дармен бірге болып, сөз сайысына түскен. Жетісу, Қырғыз елдерін аралап, Арқаға оралуы Шашубайдың әншілік орындаушылық өнеріне өзіндік өрнегін салады. Ол Арқаның арынды асқақ әншілері Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Майра мен Ғалия, Мәди, Ғазиз, Әсет сияқты әнші, сал, серілермен кездесіп, олардан тәлім алады, әндерін ұйып тыңдайды. Әсіресе Біржан сал әндері ерекше әсер етеді. Оның әншілік орындаушылық қабілетін жоғары бағалаған Біржан сал.

-Арқада кім тумаған өнер кернеп,
Сайрадың сырнайынды көкке сермеп.

Тартынба, талабынды тарықтырма,

Айта бер өрістетіп әннен өрнек, -деп Шашубайға ақ батасын берген. Жалғыздың үні шықпайтыны белгілі. Алдындағы асқар таудай ағаларын ардақ тұтып Шөже, Кемпірбай, Біржан салдарды Шашубай өзіне ұстаз санады. Өзімен қатар Жамбыл, Әсет, Ажар, Доскей, Қақпан, Нүрпейіс, Естай-лармен талай ән мен жыр сайысында үзеңгі қағыстырады, олар өнер айдынын да қатар жүзген халықтың қошеметіне бөленген замандастары еді.

Жезтаңдай мен қазақтың Шашубайы,

Кіреді сөйлеп кетсем сөз шырайы.

Жамбылмен үзеңгілес сұңғыламын,

Саңлақ деп үкілеген ел шынайы, -деп ағынан жарылуы да сондықтан. Ал Нартай мен Кенендер Шашубайды ұстаз тұтып, өздерін жыр дүлділінің шәкірттеріміз деп білген. Сол кездегі өнердің үлкен ордасына айналған Абай ауылына баруы Шашубайға өшпес ізін қалдырады. Абайға жолығып өлең-жырын тыңдау, оның айналасындағы әртүрлі өнер адамдарымен бірге болуы Шашубайға үлкен бір мектептен өткендей әсер етті. Абайдың құрдасы, атақ-ты Байқұдамен, әйгілі Балуан Шолақпен аңға шығып, саят құруы өз алдында бір әңгіме. Шашубай Балуан Шолақпен үш жыл бірге жүреді. Балуан Шолақ-тың “Ғалия” әнін өз аузынан тыңдап, әншімен еріп Ғалия ауылына барады. Балуан Шолақтан әншілік, сыйқыршылық өнерді үйренеді. Көрнекті ғалым Рақымқұл Бердібаев “XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті мен өнердің кең айдын, тұңғыйық тереңдігін, шырқау биігін барлау үшін ерекше өлшемдер керек, осы аталған дәуірде қазақ әдебиеті өзінің сан ғасыр-лық дамуындағы классикалық белесіне көтерілгені мәлім. Нақ осындайды саз өнерінен де көреміз. Қазақ сахарасында сұлу әннің туын тіккен Біржан, Ақан Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Жарылғапбердіден бастап, соңы Шашубай, Кенен,

Нартайлармен жалғасатын ұлылар шоғыры теңдесі жоқ көркемдік әлем жаратты дей аламыз”, -деп баға береді. Тарлан ақынымыз Әбділла Тәжібаев “Жылдар, ойлар “дейтін кітабында:” Әрбір дыбысына дейін түбіттен бе, қауырсыннан ба жаралғандай, жеп-жеңіл мөп-мөлдір” -деп Шашубайдың ақындық әрі әншілік өнерін ыстық сезіммен беріле суреттейді.

Құс атып, аңаулаймын

Сарышығаннан,

Ақтүйғын жігіт едім

Қаршыға алған.

Күніне отыз үйрек,

Он қаз алсам,

Емес ем төсін шұқып

Қан шығарған.

Қияға ұя салған

Қыран едім,

Аққудың төсіне ұйықтап

Талшық алған, - деп төгіледі “Майда қоңыр”, әнінде Ша-шубай.

Шашубайдың “Майда қоңыр”, “Сырғақты”, “Жетім қыз”, “Кедейлік”, “Бес балқаш”, “Жамалға”, “Кербез” сияқты көптеген әндер шығарғаны көпшілік-ке аян.

Ол әнді орындап қана қоймай, ән сөзін жазып, музыкасын шығарып, қазақ ақын әншілерінің дәстүрін жалғастырған санаулы тарландардың бірі. Оның

“Ақ қайың” әнінің осы уақытқа дейін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, орында-лып келуінің де өзіндік сыры бар. Бұл ән Шашубай шығармаларының биік шоктығы. Бұл ән оның аппақ ақ көңілімен ақ қайың сияқты сырлы әлемді көз алдына елестетеді. Бұл ән қазақ халқының ақын әншіге деген ұлылығының Ақ қайындай табиғат сұлулығының символы. Осындай –Құдыретті әнді Романовтар тұқымының 300 жыл билік құруына байланысты бұрынғы Вер-ный /қазіргі Алматыда/ өткен тойда Шашубайдың өзі орындаған. Сол “Ақ қайың” әнінің кезінде грамофонға жазылғаны, оны соғыс жылдары әйгілі әнші Манарбек Ержанов өз қолында

сақтаған екен. Иә, “Ақ қайың” -арман ән. Шашубайдың кейінгі ұрпағына сарқыт болып қалған ән дегің келеді.

Академик жазушы Сәбит Мұқанов орынды баға беріп: “Ол Сарыарқаны дала театрына айналдырды, өзі де әртіс еді” деген.

1941-жылы ақынның еңбегі бағаланып, оған “Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері” деген жоғарғы атақ беріледі және оданда басқа бірнеше орден, медальдармен марапатталған. Халық үшін жаратылған, туған елінің шоқтығын өнер аспанында жарқыратып, өз елін жетпіс бес жыл ән мен жырға бөлеген ақын еңбегін бағалаған жерлестері оның туғанына 125 жыл толуын 1990 жылы ерекше құрметпен атап өтті. Балқаш қаласындағы ең көрікті бір ықшам ауданның және бір саз мектебіне Шашубай есімі берілді. Және өзі туған “Приозерный” ауданын Шашубай есімімен атауға шешім қабылданды. Шашубайға қойылған белгіні салтанатты жағдайда ашты, дүниенің төрт бұрышын бір өзіне қаратып тұрғандай әсер қалдыратын қазақтың қасиетті үш домбырасы ақынға көрсетілген сый-құрметті тағыда бір айғақтап берді.

Мысшылар мен құрылысшылар, балықшылар мен актылы қой өсірген қала мен дала өңірі, міне осылайша өзінің дара туған ұлының қадірін одан сайын арттырды. Шашубайдың көзін көрген қаланың құрметті азаматтарының бірі Әлихан Жәңгіровтың сөзіне құлақ түрелік. Осыдан отыз сегіз жыл бұрын даланың дауылпаз жыршысы, өз жерлесіміз Шашекеңді осы жерге жерлеген болатынбыз. Өзі кедей болса да өнер атаулыдан армансыз сусындаған ол ешқашан халқынан бөлініп көрген емес. Қажет болған жағдайда, туған-туыстарына астындағы жалғыз атына дейін беру Шашекең үшін сөз емес болатын. Шашекең қазір арамызда жоқ болғанымен оның өнін әуелету, оның ұрпақтары біздердің төл міндетіміз. Шашекеңнің есімі ғасырдан-ғасырға жасай беретін ардақты есім. Шашекең республикалық айтыстарға қатысып жүргенде, оның шашбауын көтеріп, жанында жүрген ақын жерлесі Жаппар Өмірбековтың

естелігінде былай дейді: - Шашубаймен жүрген уақытым мен үшін ұмытылмас кезең болып табылады.

Әуелете ән салып, жиын, тойда сөз қағыстырып, соның сәні бола Білген Шашекең туралы бір кеште айтып шығу мүмкін емес. Ол туралы “Шашубай” деген поэмам жарық көрді. Ол Сарыарқаны ғана емес, түркі тілдес халықтардың еркесі деп айтсам, артықтық етпейтін шығар. Мырзатай Жолдасбековтың “Тоқсан толғау” деген кітабында /бет/ Кенен ақын, Шашубай туралы былай толғанады: Шашубайды Кенен алғаш рет қырғыз еліндегі Айдарбектің тойында көрген. Орта бойлы, қызыл шырайлы, тікірейген мұртты, өткір көзді кісі екен. Өлеңді көбінесе ат үстінде екі аяғын үзеңгіге шіреп тұрып, он екі тілді гармонмен айтады. Күлдіргі өлендерін айтқанда басындағы қалпағы бүлкілдеп, бірде желкесіне, бірде маңдайына түсіп ойнап тұрады екен. Қызып кеткенде өлеңді қоя салып, цирк әртістерінше шыр айналып ойнап кететіні де болыпты. Ат үстінде тұрып, сабаудың ұшына леген, табақты шыр көбелек айналдырады екен. Осындайда өнерпаз ақын болады екен-ау, өзі адам ба, әлде сыйқыршы ма, - деп оны көрген ел таңғалысады екен. Кенен сол Шашубаймен танысып, дос болады.

Шашубай Жетісу елінде көп жылдар тұрып қалады. Үстіне ақ отау тігіп, үйлі-жайлы, балалы-баранды болады. Кенен онымен талай той жиындарда бірге жүреді, 1949 жылдың мамыр айында Москвада қазақ әдебиетінің он күндігі басталады. Осы жиынға көптеген ақын-жазушылармен бірге Шашубай мен Кенен де барады.

Он күндік ойдағыдай өтеді. Көңілденген бір топ жазушылар қонақ үйде Шашубай мен Кененді айтыстырмақ болады. Бұл кезде Шашубайдың жасы сексен беске келіп, шау тартып қалған кезі екен. Ол айтыспаймын деп көнбейді. Сонда одан гөрі жастау Кенен оны әзіл қалжыңға айналдырып, көңілдендіріп алады да, былай дейді:


Шашеке, амансыз ба, күйлі жайлы?
Өнерге өрен аға сегіз сайлы.

О, шіркін, көрілік те кеп қалыпты,
Аяғы бұл өмірдің түйетайлы.
Алабын Алатаудың әнмен жайқап,
Көрген ең қырғыз қазақ көп жамайды.
Айтысып, Сарбас, Жамбыл, Қуандықпен,
Ән-күймен құйқылжытып сән-сарайды.
Асында Айдарбектің алғаш рет,
Көргенмін мініп барып жайдақ тайды.
“Ақ қайың”, “Сырлы қайың” әндерінді
Үйреніп мендей інің елге жайды.
Ақында сізден үлкен енді кім бар,
Жамбыл мен үлгі етеміз ұлы Абайды,
Шашеке сәлем бердім өлеңменен,
Көргендей жаңа туған күнмен-айды.
Шашеке кепті жасың сексен беске,
Аяққа тұсау түсіп, шешілмеске.
Алты күн айлық жолды басқан тұлпар,
Қалыпсыз ілесе алмай қозы көшке.
Кеңбайтақ Сарыарқада шапқан дүлділ,
Сұлу қыз, жора-жолдас, төрт түлік мал.
Аралап қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік,
Дәм тұзын Алатаудың татқан бұлбұл.
Мінеки Москваға келіп тұрсыз,
Алдында үлкен-кіші жиналған соң.
Бас иіп, сары майдай еріп тұрсыз,
Нұрланған Астананы араладың.
Қызығын көрдің ұрпақ, балалардың,
Жырыңның құдай берген арқасында,
Бәйге алған бозторландай бағаландың.
Айтыс десе, ақын біткеннің арқасы қозып кететін
әдеті емес пе?

Қартайған жасына қарамастан Шашубай гармонын
аңыратып, қайырып-қайырып алып, өлеңді қоя беріпті.
Аман ба, елі-жұртың ақын Кенен,
Жасыңнан ниетіміз жақын Кенен.
“Бозторғай”, “Көкшолақтай” өнге шырқап,
Жайылған Жетісуға атың Кенен.
Атыңды әкең қайдан қойған тауып,

Әншісі Алатаудың думан сауық,
Біржан сал, Ақан, Әсет, Балуан Шолақ,
Солардың жолын қудың әнін салып.
Інісі ең аты шулы Сарыбастың,
Кененжан жаны бірдей кәрі-жастың.
Кәрілік жеңіп алды құлдыйлатып,
Жас кезде таудан асқан болдым тасқын.
Көзіме ел мен жерді елестетіп,
Түсіріп көңіліме амандастың.
Жас кезде аралаған Жетісуым,
Ән шырқап, сайрандаған асқар нуым.
Халқыма қазақ, қырғыз менен сәлем.
Орнатқан өкіметтің жеңіс туын.
Аралап ел-жұртымды қайтар едім,
Шіркін-ай қалтырап тұр мына буын.
Бақытты заманымда Мәскеуге кеп,
Мың жасап, жасаңғырап қайта тудым.

Екі ақын бұдан кейін де той, мерекелерде кездесіп жүрген. Кенен оның “Ақ қайың”, “Сырғанақтысын” салса, Шашубай Кененнің “Көкшолақ” “Бозторғайын” шырқап жүрген. Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, артына өшпестей бір із қалдырған қазақтың дара туған ақиығы Шашубай сексен жеті жасында 1952 жылы өмірден озған. Жаның жанатта болсын асыл бабам.



МАЗМҰНЫ

Оқырманға	3
БІР ҚЫЗЫМЫН ҚАЗАҚТЫҢ ЕЛІМ ДЕГЕН	6
Өзім жайлы	10
Той бастар	12
Есімде бірақ қалмапты	13
Адамдар көп осыны ұғынбаған	14
Қос Райхан	15
Дала желпіп самалын	16
Дәурен өтер осылай	16
Көтерілді көк байрақ	17
Өмір де гулеп бастан өтеді тез	17
Мәңгірт болып қалмай ма?	18
Құлақ естіп, көз көрді	18
Ес аға, өзің көз көрген	19
Қариялар жүр қаптап	19
Із қалдырған өшпейтін	20
Есінді жи, қазағым!	21
Ортаға салам ойымды	22
Ар алдында тазамын	22
Ойың бар болатындай маған серік	23
Әзіл өлең	23
Балалар күніне	24
Жылқы жылы	25
Қой жылы	25
Үй жанында ұзақ тұрдым	25
Жаттап алып жырынды	26
Еліктің лағындай	27
Өмір керуен	27
Менің апам нешеде?	27
Сайқымазақ	28
Жеңейін кәрілікті ебін тауып	28
Таң нұры қылаң берді атқандай боп	29
Сембегім	30
Жыр алыбы Жамбылға	31
Елімнің асыл дарасы	31
Сағынамыз сол бір бейқам кездерді	32
Жыр оралды көмейіме тағы бір	34
Қайрат Рысқұлбековтың соңғы хаты	34
Әкем менің шаруа	35
ЖЫР-ШАШУ	37
Керімжанға (Қаржауға)	37
Сәулеге	38
Ерланға	38
Айманға	39
Мейрамға	40
Ержанға	40
Ермекке	41

Ләтіпке	42
Бағдат-Алма	42
Тәңірінің бір аты шындық	43
Ахматов Ваха Усамұлына	44
Ауданым құтты болсын.	45
Ғалия Ануарбекқызына	47
Пермешке.	47
Мәдинаға.	48
Исабала жеңгеме	48
Әсет, Қаншайым, Күліпан, Жексенбике апаларыма	49
Сәке	50
Керекеңе	50
Тәуіп молда Қамбарбек	50
Төрежанға	51
Қайынсіңлілеріме	52
Сара жеңгеме	53
Құтты болсын асқарлы алпысын.	54
Ақжүніске	55
Әуелеп өскен қос шынар	56
Ерлан-Санду	58

ЖЫР-ЖОҚТАУ	59
Арыстаным-Заңғарым	59
Тағдырдың ісіне не шара	61
Қайыпбергенге	63
Гүлшашқа	63
Бекет ата	64

ТОЛҒАУЛАР МЕН ДАСТАНДАР	65
Сарыарканың дауылпаз Шашубайы	65
Қаракерей Қабанбай	66
Кездестім қайта өзімен	72
Баба түкті шашты Өзіз	76
Еспенбеттің “Адақ” аталуы	82
Сырым батыр	89
Көшпелі көкжалдар	92
Жаған сұлу	105
Қырғын қыстақ	111
Күнделік беттерінен	117
Жыр-мұра	142
Мен туган ай киелі	149
Бабамен сырласу.	150
Қалдырған сөзі жатталып	153
Есіме түсіп тұр ғой күндер өткен	153
Ойланбастан ұлы дана пақырым.	154
Қазақ тілі ана тілім – бал тілім.	155
Аса құрметті Сәке.	157
Жер бетінде енді соғыс болмасын.	162
Бақанас – ата мекен, киелі елім.	163
Ескерусіз Алладан тыс қалды кім	164

Жан едің жаз күніндей жайраңдаған	164
Осылай ат сыйлады орта жолдан	165
Айтпаймын доллар берсең өтірікті.	165
Біз екеуміз	187
Қазақтың дара туған ақиығы.	188
Отбасылық шежіре.	195

Сембала ШАЙМҰХАНБЕТҚЫЗЫ

ЖЫР ЖАЗАМ ҮШ САУСАҚТЫҢ ҰШЫМЕНЕН

Теруге берілген күні 10. 11.2009. Басуға 22.11.2009 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Қаріп түрі "Times Kaz".
Көлемі 12,5 баспа табақ. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс N 52

"Талғар" баспаханасында басылды.

